Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.091.12

Қолжазба құқығында

АЙТЕНОВА ЭЛЬМИРА АБДИКАЛИЕВНА

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
пед. ғыл. докт., проф.
Абдигапбарова У.М.

Шет елдік кеңесші
доктор, проф.
Yücel Gelişli (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 6
КІРІСПЕ 7
1 ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 17
1.1 Дуальді-бағдарлық оқыту ұғымының мәні 17
1.2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары 29
1.3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері 42
2 ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ 56
2.1 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері 56
2.2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары 70
2.3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі 84
3 ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ 96
3.1 Тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру 96
3.2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру кезеңдерінің мазмұны 118
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері 139
ҚОРЫТЫНДЫ 155
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 159
ҚОСЫМШАЛАР 171

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, 27 шілде 2007 ж.

ҚР Конституциясы. Астана, 30 тамыз 1995 ж.

ҚР «Ғылым туралы» Заңы. Астана, 18 ақпан 2011 ж.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.

Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 15 қазан 2014 жыл № 1093 қаулысы.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2016 ж.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 ж.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар, 2014 ж.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасы, 20 мамыр 2015 ж.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы, 12 сәуір 2017 ж.

Қазақстан Республикасында №133 бұйрығымен бекітілген мұғалімдердің кәсіби еңбекке сәйкестілігін, кәсіби өсу деңгейіне қойылатын талаптар жүйесі ретінде педагогтың кәсіби стандарты, 08 маусым 2017 ж.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы, 5 қазан 2018 ж.

Қазақстан Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» халқына жолдауы, 2 қыркүйек 2019 ж.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2020 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Білім беру – тұлғаның физикалық және рухани тұрғыда қалыптасуының бірегей үдерісі, кейбір мінсіз образдарға, қоғамдық санада әлеуметтік тарихи бекіп қалған эталондарға бағдарланған әлеуметтену үдерісі.

Біліктілік – маманның кәсіби қызметті орындауына немесе білімін жалғастыруына білім туралы құжатындағы дайындығының дәрежесін көрсететін түрі.

Дуальділік – «екі бірлік, екі жақтылық», «біріңгай біртұтас ұйым» деген мағынаны білдіреді, бір жағынан, жекеменшік кәсіпорындардың екінші жағынан мемлекеттік кәсіптік мектептердің өзара қарым-қатынасы болып табылады және өзара әрекеттесу заңды түрде реттеледі.

Педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту – бұл заманауи қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру мен практикалық салалардың өзараәрекеттестігіне негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін оқыту.

Болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы **дуальді-бағдарлық оқыту** – жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудағы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзараәрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория.

Кәсіби педагогикалық даярлық – бұл арнайы педагогикалық білім жүйесін, жалпы және ерекше іскерлікті, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық орындау үшін дағдыларды меңгеру үдерісі.

Педагогикалық іс-әрекет – лауазымдық міндеттерін орындауда еңбек нәтижесіне қызмет құралдары арқылы қол жеткізу бағытындағы функциялардың, әрекеттердің, операциялардың жиынтығы.

Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекеті – оның педагогикалық процессте субьект-субьектілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы.

Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы – оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру – оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық

сапаларын қалыптастыруды «мектеп-колледж-жоо» өзараәрекеттестігінде жүзеге асыру.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Педагогикалық практика – жоғары және орта педагогикалық оқу орындарындағы кәсіптік оқыту түрі, болашақ мұғалімдерді практикалық даярлау.

Дуальді оқыту туралы шарт – өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту шарттары мен тәртібін регламенттейтін, білім алушы, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту үшін жұмыс орнын ұсынатын кәсіпорын (ұйым) және оқу орны арасындағы жазбаша келісім.

Кәсіптік практика – болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау үдерісінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, практикалық машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі.

Әлеуметтік серіктестік – жұмыс берушілердің экономикасы және салаларының қажеттіліктеріне, өндіріспен тәлім-тәрбиенің байланыстарын күшейту, қаржыландыруды қосымша қайнар көздермен тарту, құрылу жүйесін қызметтік нәтижелерімен адекватты жоғарылату, кадр даярлаудың деңгейін жуықтауға бағыттау. Оқу орындарындағы әлеуметтік серіктестік (студент-кәсіпорын-оқу орны) шарттың үш тұғырлық қорытындымен кәсіби білім берудің жүйесін енгізу дуальді жүйе арқылы жүзеге асырылған.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДО – дуальді оқыту

ДБО – дуальді-бағдарлық оқыту

ЖОО – жоғары оқу орны

ГФР – Германия Федеративтік Республикасы

GIZ – Deutsche Gesellschaft für Internationale Zusammenarbeit (Герман Халықаралық ынтымақтастық қоғамы)

МКЖОО – Мектеп-колледж-жоғары оқу орны

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР БжҒМ БҒСБК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру

т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ маманның, соның ішінде мұғалімнің практикалық даярлығының жеткілікті көлемі мен жоғары деңгейі талап етіледі.

Осыған байланысты педагогтардың кәсіби даярлығын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің халқына Жолдауларында мұғалімдер даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген. Елбасы «сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген [1]. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі аса маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттелген [2].

Ал бұл болса, болашақ педагогтардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Өйткені Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында дуальді кәсіптік білім беруді дамытудың маңыздылығы атап өтілген. Осыған орай Қазақстан Республикасының Үкіметі, БжҒМ жүзеге асыру мақсатында оның нақты жолдарын анықтады [3].

Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық

дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Алайда, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің, ал практикалық бөлігінің барлығын өндірісте (яғни болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында мектеп пен колледж базасында) жүзеге асырудың әдіснамалық-ұйымдастырушылық негіздері жасала қойған жоқ, ол біріншіден. Екіншіден, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

2015 жылдан бастап отандық ғылымда осы бағытта жасалып жатқан мемлекеттік ғылыми жобалар (С.А.Жолдасбекова, К.Ж.Бұзаубақова, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Г.К.Исаева, Л.А.Фрезоргер) мен диссертациялық зерттеулер (Ж.О.Нұржанбаева, Ж.Е.Алшынбаева, А.А.Сманова) бүгінгі таңда жоғары педагогикалық білім беру үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру мүмкіндіктерін теориялық-практикалық тұрғыдан негіздейді. Ал бұл болса, бізге болашақ педагогтарды кәсіби даярлығында дуальді-бағдарлық оқыту жағдайы қалыптасуының басымдығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндік жағдайында болашақ педагогтардың заманауи педагогикалық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-практикалық шешімдерін табу көкейкесті проблемаға айналып отыр.

Дуальді оқыту мәселесінің бірқатар аспектілері алыс шет елдік ғалымдар зерттеулерінде басым орын алған. Атап айтқанда, болашақ мамандарды даярлаудың дуальді жүйесінің пайда болуы мен дамуын зерделеуге арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеулер Батыс Еуропаның бірқатар Германия, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания (A.Schelten, H.Schmidt, K.Stratmann H.Stegmann, A.Rakhkochkine және т.б.) елдерінде жүргізілген.

ТМД елдерінде дуальді білім беру әлеуметтік серіктестік тұрғысынан (В.А.Поляков, И.П.Смирнов, Е.В.Ткаченко, А.К.Корнев, В.А.Тимофеева және т.б.) зерттелген. Сондай-ақ, О.Д.Федотова, А.Н.Кирилловский, С.П.Романов және т.б. зерделесе, дуальді жүйеде мамандар даярлаудың педагогикалық ерекшеліктерін Л.И.Корнеева, М.А.Шувалова зерттеген. Д.А.Торопов Германияда кәсіби білім берудің сапасын қамтамасыздандыру проблемасын зерттеу аясында дуальді оқытудың ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсеткен болса, Л.Н.Самолдина арнайы орта оқу орындарының студенттерін дуальді-мақсаттық даярлауды негіздеген. О.В.Приступа Германиядағы мектеп бітірушілерін еңбекпен айналысуға даярлаудың педагогикалық негіздерін ашуда дуальді оқытудың теориялық-әдістемелік негіздеріне мән берген. А.Л.Бусыгин жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің тиімділігін көтерудегі мұғалімдердің педагогикалық құзыреттілігін жетілдіру мәселесін зерделеген.

Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде де дуальді оқытудың болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты (Ұ.М.Әбдіғапбарова, К.Ж.Бұзаубақова, Д.П.Қожамжарова, Ж.Н.Күмісбекова, С.А.Әубәкірова, Н.Б.Жиенбаева, Г.О.Абдуллаева және т.б.), және кәсіптік оқыту мамандығындағы болашақ мамандардың құзыреттілігін, кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға ықпалы (С.А.Жолдасбекова, Э.Т.Толыбаева, Р.Н.Кебекбаева, П.Н.Балташ және т.б.) тұрғысынан қарастырылып отыр.

Отандық ғылымда дуальді оқыту мәселесіне қатысты диссертациялық зерттеулер 2017 жылдан бастап қорғала бастады. 2017 жылы Ж.О.Нұржанбаева дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін зерттесе, 2018 жылы Ж.Е.Алшынбаева кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогтардың дуальді оқытуды іске асыруға даярлығын қалыптастыруды қарастырған. 2019 жылы А.А.Сманова кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын Германия мен Қазақстан тәжірибесінде зерттеген.

Сондай-ақ біздің зерттеуімізге қызығушылық тудыратын кәсіби білім беруде үздіксіз білім беру мәселелеріне шет елдік (J.Barzun, D.Bridges, R.H.Dave, R.Snager және т.б.), ресейлік (В.И.Байденко Б.С.Гершунский, В.П.Зинченко, Л.Г.Петряевская, А.И.Субетто және т.б.) және қазақстандық (Б.Сайлыбаев, Р.К.Ержанова, А.А.Жайтапова, Е.И.Бурдина, А.Е.Есполова, Н.Р.Шаметов, С.З.Коканбаев және т.б.) ғалымдар еңбектерінде терең талдау берілген.

Іс-әрекет теориясы XVIII ғасырда философияға ғылыми термин тұрғысынан (И.Кант) енгізіліп, XIX ғасырда Г.Гегель, Л.Фейербах, К.Маркстың еңбектерінде, XX ғасырда психология ғылымы тұрғысынан С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, Н.А.Бернштейн, А.Р.Лурия, П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, А.В.Запорожец, Б.Ф.Ломов, В.В.Давыдов зерттеулерінде дамыған.

Отандық психология ғылымында іс-әрекет теориясын С.М.Жақыпов дамытқан. Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық ғылым саласында кәсіби іс-әрекеттің әр түрлі аспектілерінің ғылыми-практикалық негіздері жан-жақты қарастырылған (Қ.Жарықбаев, Ә.Алдыңғаров, Ж.Намазбаева, О.Саңғылбаев, М.Перленбетов, Н.Жиенбаева, Ш.Таубаева, Б.Тұрғынбаева және т.б.).

Ғылыми әдебиеттерде ғалымдар педагогикалық іс-әрекетті педагогтың шығармашылық үдерісі (В.А.Кан-Калик және т.б.), өнімді еңбек түрі (Е.Г.Балбасова, Р.А.Макаревич, И.П.Раченко және т.б.), коммуникативтік (В.И.Карикаш және т.б.) немесе ұйымдастырушылық үдеріс (Л.И.Уманский және т.б.), бірлескен зерттеу іс-әрекеті (Т.Ф.Акбашев, А.Б.Терегулов және т.б.), өзбетімен дербес дамушы жүйе (З.В.Диянова және т.б..), оқыту мен тәрбиенің модельдеуші үдерісі (Н.В.Кузьмина және т.б.), практикалық өнер (Г.С.Сухобская және т.б.), мета-іс-әрекет (В.И.Гинецинский, В.Н.Козиев, Ю.Н.Кулюткин және т.б.), біртұтас педагогикалық процесс (Н.Д.Хмель),

мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы (Н.Н.Хан), субъкт-субектілік қарым-қатынас (Ж.Ы.Намазбаева) және т.б.

Болашақ мамандарды даярлау үдерісінің педагогикалық негіздеріне, кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселесіне, кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесін Ю.К.Бабанский, В.И.Андреев, С.Т.Каргин, В.В.Сериков, В.А.Сластенин, А.В.Усова, О.А.Абдуллина, М.М.Левина, О.С.Сыздық, М.С.Молдабекова, А.А.Саипов, С.Маусымбаев, С.М.Кеңесбаев және т.б. зерттеген.

Болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі отандық ғылыми әдебиетте зерттелген. Мәселен, тұлғаны құндылық бағдарлау жүйесіне мұғалімдерді даярлау (Г.К.Нургалиева); болашақ мұғалімдерді дидактикалық даярлау (М.А.Құдайқұлов, М.Нұғыманов, Т.С.Сабиров); кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті (Д.Г.Мухамедханова, А.К.Рысбаева және т.б.); педагогтың кәсіби-зерттеу мәдениеті (З.А.Исаева); мұғалімнің кәсіби-экономикалық бағдары (А.К.Ахметов) педагогикалық іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік сипаты К.М.Арынғазин, Х.Т.Шерьязданова, М.Жақыпов, С.Елеусізова, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың (Б.Т.Кенжебеков, Г.М.Меңлібекова және т.б.) теориясы мен практикасы жасалған.

Осы еңбектерге жасалған талдау болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қалыптастыру мәселесінің арнайы **зерттеу нысанына алынбағандығын** көрсетеді.

Оған қоса бүгінгі білім беру практикасы Қазақстандағы орта білімнен кейінгі кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарының оқу үдерісіне ендірілген дуальді оқытудың тиімділігін көрсетуі және қоғамның практикаға бағдарланған педагог кадрларға сұранысы мен олардың кәсіби даярлығында практикалық бөлігінің аздығы мен оның орнын толықтыратын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы мүмкіндіктердің ғылыми-әдістемелік негіздерінің зерттеле қоймағандығы бүгінгі практикадағы сұраныс пен теориялық зерттеулер арасында **қарама-қайшылық** туындатады:

- жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың практикалық даярлығын жаңа бағытта жетілдіру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;
- дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру қажеттілігі мен оның моделінің жасалмауы арасында;
- дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігін пайдалану қажеттілігі мен оның ғылыми-әдістемелік негіздерінің зерттелмеуі арасында;
- дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру моделін пайдалану қажеттілігі мен оның тиімділігінің практика жүзінде тексерілмеуі арасында.

Көрсетілген қарама-қайшылықтан туындаған мәселелерді теориялық негіздеу мен оның тиімділігін тәжірибелі-экспериментте тексеру **зерттеудің**

проблемасын айқындады және бізге диссертациялық жұмыстың тақырыбын **«Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің нысаны: Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы

Зерттеудің пәні: Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қалыптастыру

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздері мен даярлық компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері айқындалса; аталған даярлық қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып, оларды жүзеге асырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалса және практикаға тиімді ендірілсе, онда болашақ педагогтардың эмоционалдық-еріктік, инновациялық-танымдық, коммуникативтік-бағалаушылық сапаларының дамуына және заманауи кәсіби іс-әрекетке практикалық-бағдарланған жасампаз педагогтің қалыптасуына мүмкіндік туады, өйткені олардың педагогикалық іс-әрекетке даярлығы тұжырымдамалық, технологиялық, өлшемдік тұрғыдан қамтамасыздандырылады және «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінде жүзеге асырылады.

Зерттеудің міндеттері

1 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау

2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау

3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау

4 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда дуальді-бағдарлық оқыту жағдайы мүмкіндіктерін тиімді пайдалану заманауи педагогикалық іс-әрекетке даяр, практикаға бағдарланған, кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған, бәсекеге қабілетті, жасампаз педагогтарды даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: Тұлғаны дамытуға бағытталған жалпы теориялар жүйесі; тарихи-танымдық тұжырымды ойлар; педагогикалық зерттеулердегі жүйелілік, іс-әрекеттік, синергетикалық тәсілдер және т.б.; білім беруді ашық, күрдері, өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде

ұғыну және қолдану туралы қағидалар; жалпы педагогиканың әдістемелік тұжырымды қағидалары; білім берудің әлеуметтік-философиялық негіздері; заманауи дидактиканың қағидаттары; білім беруді технологияландыру теориялары; тұлғалық-бағдарлық психологиялық теориялар; дуальді оқытудың теориялық тұжырымдары, әдіснамалық ұстанымдары және т.б.

Зерттеу көздері: отандық және шет елдік ғалымдардың дуальділік, дуальді оқыту, дуальді білім беру жүйесі және іс-әрекет, педагогикалық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекетке даярлық мәселесі қарастырылған философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми зерттеулері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің дуальді оқытуды орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарына ендіру туралы және білім беру саласына қатысты қаулы қарарлары. Білім және ғылым министрлігінің орта негізгі білім беру, жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттамалары; алыс және жақын шет елдік, қазақстандық психолог, педагог ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; ғылыми-әдістемелік журналдар; докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеудің кезеңдері

1-кезең (2016-2017 жж.) – зерттеу проблемасына қатысты материалдар жиналды, оларға талдау жасалды, аталған проблеманың философиялық, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде, шет елдік және отандық әдебиеттерде зерттелу деңгейі анықталды, ғылыми аппарат негізделді. Жоғары педагогикалық оқу орындарының озық тәжірибелері жинақталып, қорытыланды, тәжірибелік-эксперимент жұмысының бағдарламасы әзірленді.

2-кезең (2017-2018 жж.) – дуальді білім беру, дуальді оқыту, дуальді форма түсініктерін жан-жақты талдау негізінде дуальді-бағдарлық оқыту ұғымының мәні нақтыланды. Іс-әрекет, кәсіби іс-әрекет, педагогтың кәсіби іс-әрекеті, даярлық ұғымдарының талдамасы негізінде заманауи педагогикалық іс-әрекеттің функциялары анықталды. Болашақ педаготың кәсіби іс-әрекетке даяр болуы ұғымы нақтыланды. Оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері айқыналып оларға сәйкес деңгейлері белгіленді. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды психологиялық, теориялық, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыратын психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі және оның мазмұны жасалды. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістемесі (әдістемелер, сауалнамалар мен анкеталық сұрақтар, тест түрлері, ойын-жаттығулар және т.б.) іріктелді. Модельдің тиімділігін тексеру үдерісінде қолданылатын психотехнологиялық бағдарлама, эективті курс, практикум, педагогикалық практика мазмұнына қосымшалар мазмұны, Ментор ережесі

жасалды. Айқындау, қалыптастыру экспериментi жүзеге асырылды, аралық кесiндiлер алынды.

3-кезең (2018-2019 жж.) –тәжірибелік-эксперимент жұмысы кезеңінде қол жеткізген қорытынды нәтижелерге талдау жасалды және статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, қорытыланды. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді. Диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу проблемасына қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге ғылыми еңбектерге, диссертациялық зерттеулерге теориялық талдау жасау; ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарын, тәрбие тұжырымдамаларын зерттеу; озық тәжірибелерге талдау жасау; зерттеу проблемасын модельдеу, оқу-тәрбие үдерісінің технологияларын жобалау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, сұхбат, тестілеу, диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, №108 жалпы білім беретін мектеп, Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі

1 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды.

2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды.

3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды.

4 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

1) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды **психологиялық** қамтамасыздандыру:

- Психотехнологиялық бағдарлама

2) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды **теориялық** қамтамасыздандыру:

- «Дуальді білім берудің негіздері» элективті курс бағдарламасы;
- «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумы;
- «Дуальді білім берудің теориясы мен тәжірибесі» оқу-әдістемелік құрал;

- Дуальді білім берудің теориясы мен тәжірибесі» оқу-әдістемелік құралына авторлық куәлік.

3) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды **практикалық** қамтамасыздандыру:

- «Мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің механизмі;
- Педагогикалық практика көлеміне және мазмұнына қосымшалар.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оқу орындарында, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- Болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы **дуальді-бағдарлық оқыту** – жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудағы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзара әрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория.

- Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекеті – оның педагогикалық процессте субьект-субьектілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы. Ал, **болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы** дегеніміз – оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы.

- Аталған компоненттерге сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының өлшемдері болып эмоционалдық-еріктік, инновациялық-танымдық, коммуникативтік-бағалаушылық, ал оның төмен, орта, жоғары деңгейлері пассивтік, белсенділік, жасампаздық болып айқындалады.

- Зерттеу барысында айқындалған психологиялық-педагогикалық шарттар дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуын психологиялық, теориялық, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандырады.

- Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, өлшемдік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес мақсат-міндетері мен әдіснамалық тұғырларды; қалыптастыру үдерісінің мазмұнын, өлшемдер мен деңгейлерді қарастырады.

- Осы даярлықты психологиялық (Психотехнологиялық бағдарлама); теориялық («Дуальді білім берудің негіздері» элективті курс бағдарламасы; «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет»

практикумы), практикалық («Мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің механизмі; Педагогикалық практика көлеміне және мазмұнына қосымшалар және т.б.) қамтамасыздандыратын іс-шаралардың практикаға ендірілуі болашақ педагогтардың заманауи педагогикалық іс-әрекетті белсенділік, жасампаздық деңгейде жүзеге асыруға қажетті кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуына тиімді ықпал етеді.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру кезеңдермен (бейімділік, білімділік, біліктілік) жүзеге асырғанда нәтижелі болады.

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1. Әлеуметтену болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудағы маңызды факторы ретінде. // Жас ғалымдарға арналған IX халықаралық ғылыми конференция материалдары. «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде». – Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, 2017. – Б. 14-17.

2. Білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәселелері. // «Бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың әдіснамасы мен практикасы»атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2018. – Б. 114-117.

3. Особенности подготовки студентов к профессиональной деятельности. // «Образование в XXI веке»: сборник материалов Международной научно-практической конференции (г.Москва, 30 марта 2018 года) / Международный институт профессионального развития педагога. Под ред. О.М.Коломенец – М.: Издательский дом «Развитие образования», 2018. – С. 11-18.

4. Problems of professional training of future teachers, their status and development in the conditions of educational integration. // «The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology»: Materials of the III International Scientific-Practical Conference. – Alanya, Turkey: Regional Academy of Management, 2018. – P. 360-364.

5. Development of the dual form of professional education of Germany. // RS Global WORLD SCIENCE. Scientific Educational Center – Warsaw, Poland Vol.7, June 2018. – P. 7-11. DOI:https://doi.org/10.31435/rsglobal_ws

6. Білім беру үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру іс-шаралары. // Жас ғалым-2019. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Тараз, 2019- 22 ақпан. – С. 73-75.

7. Essence of dual-oriented training in the process of professional training of a future teacher. // RS Global WORLD SCIENCE. Scientific Educational Center – Warsaw, Poland Vol.2, 25-February 2019. – P. 3-7. DOI:https://doi.org/10.31435/ rsglobal_ws

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 18 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 8 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 Scopus базасына енген шетелдік

басылымдарда, 7 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 4 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 1 оқу-әдістемелік құралда жарияланды.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі отандық және шет елдік тарихи педагогикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі теориялық-әдіснамалық қағидаларды басшылыққа алуымен, тұжырымдарға негізделуімен, зерттеудің мақсатына сай теориялық, эмпирикалық әдіс-тәсілдерді қолдануымен, алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыздандырылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу проблемасының көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеудің базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар тұжырымдалады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ұсыныстар беріледі, зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы ұсынылады.

Қосымшада зерттеу барысында талданған дидактикалық материалдар беріледі.

1 ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Дуальді-бағдарлық оқыту ұғымының мәні

Біздің зерттеу пәнімізге сәйкес болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесіне зерттеу жүргізбес бұрын «дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымының мәнін анықтап алуды жөн көрдік.

Біз алдымен *дуальді оқытудың* ҚР ТжКББ ұйымдарына ендірілуінен бастап осы түсініктің отандық педагогика ғылымында термин тұрғысынан қолданыла бастауына мән береміз. Өйткені бұл терминнің қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттерде жазылуы әр түрлі. Мәселен, осы проблемаларға арналып жазылған ғылыми мақалаларда «дуалды», «дуалдық», «дуальді» делініп, әр түрлі жазылады. Атап айтқанда, Абай атындағы ҚазҰПУ-нде 2016 жылы тұңғыш рет ұйымдастырылған Мұғалімдер мен Ғалымдардың 1-нші республикалық конференциясының тақырыбы «Дуальді білім беру жағдайында мектеп-колледж-жоо іс-әрекеттерінің интеграциясы» деп аталып, бұл ұғым «дуальді» деп берілсе, 2017-2018 жылдарда қорғалған докторлық диссертацияларда (Ж.О.Нұржанбаева «Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері», Ж.Е.Алшынбаева «Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау») біріншісінде «дуальді» - «і» әрпі арқылы жазылса, екіншісінде «дуальды» - «ы» әрпімен жазылған. Бұдан басқа да Г.К.Исаеваның «Мемлекет-жеке меншік әріптестігінің нысаны ретіндегі жоғары білім берудің дуалдық оқыту жүйесінде кәсіпкерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу» атты республикалық ғылыми жобасында «дуалдық» деп көрсетіліп, жіңішкерту белгісінсіз және «қ» әрпінің қосылуымен жазылған [4].

Бұл бір жағынан осы мәселенің педагогика ғылымында жаңадан зерттеліп жатқандығын аңғартса, екінші жағынан қазақ тіліндегі ғылыми термин ретінде қалыптаса қоймағандығын, қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне енгізілмегенін көрсетеді. Біздің диссертациялық зерттеуде «дуальді» деп жазуымызға себеп, бұл халықаралық термин – қазақ тілінің сингармонизм заңы бойынша басқа тілден енген сөздерге жіңішке жалғау жалғанады (мәселен неміс тілінен lager терминің аударғанда: лагерь-лагерьге және т.б.), бұл біріншіден, екіншіден кірме сөздердегі буын үндестігіне бағынбайтын жағдайларда көрсетілгендей, «ль» әріптерінің тіркесіне біткен орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады (мысалы, рольді, ролі, рульді, рулі және т.б.).

Қазақ тілінің осы заңдылығын негізге ала отырып, яғни басқа тілден енген сөздерге жіңішке жалғау жалғанатынын ескеріп біз де өз зерттеуімізде неміс тіліндегі «dual» терминін «дуаль» деп жазуды ұсынып отырмыз. Осыған сәйкес неміс тіліндегі «duale», орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттердегі «дуальное», қазақ тілінде «дуальді» деп қалдырдық.

Сондай-ақ, зерттеу барысында диссертацияның түйінді ұғымы «дуальді-бағдарлық оқыту» түсінігінің негізі ретінде «*дуальділік»* мәселесін қарастырған шетелдік және отандық еңбектерге талдау жасалды.

Германияның ғылыми әдебиетінде «дуальділік» ұғымы алғаш рет 1960 жылдың ортасынан бастап кәсіби оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрін белгілеу үшін қолданылды. Ресей ғалымдарының еңбектерінде дуальділік зерттеу пәні тұрғысынан 1990 жылдан бастап зерттеле бастаса, ал Қазақстан Республикасында Федеративті Германия Экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігімен қолдауымен (BMZ) 2012 жылдан дуальді оқытуды енгізу бойынша келісімге «Назарбаев-Меркель бастамасы» қол қойғаннан кейін, оның техникалық және кәсіптік білім беруге ендірілуі бойынша ғылыми мақалалар жарық көре бастады [5].

Жалпы, болашақ мамандарды дуальді даярлауға арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеулер Батыс Еуропаның Германия, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания елдерінде жүргізілген (A.Schelten, H.Schmidt, K.Stratmann H.Stegmann, A.Rakhkochkine және т.б.).

ТМД елдерінде дуальді оқыту білім беру ұйымдарының жаңа принциптері қатарында әлеуметтік серіктестік идеясын жүзеге асыру формасы тұрғысынан зерттеле бастаған (В.А.Поляков, И.П.Смирнов, Е.В.Ткаченко, Л.И.Корнеева, В.А.Тимофеева және т.б.).

Біз соның ішінде еңбегімізге жақын келетін зерттеулерді кестеге түсіріп, оларға талдау жасадық (кесте 1).

Кесте 1 – Шетелдік және отандық әдебиеттерде дуальді оқыту мәселелерінің зерттелуі

Ғалымдар	Зерттеу пәні	Қорғау жылы
1	2	3
Корнеева Л.И.	ГФР кәсіптік білім берудің дуальді жүйесінде оқыту персоналының іс-әрекеті мен даярлығының педагогикалық ерекшеліктері	1994
Мельникова Л.И.	Германиядағы бастауыш кәсіптік білім: тарихи-педагогикалық талдау	1999
Федотова Г.А.	Кәсіби білім берудің дуальді формасын дамыту: ГФР мен Ресей тәжірибесі	2002
Приступа О.В.	Германия мектептерінің түлектерін еңбекпен қамтуға даярлаудың педагогикалық негіздері	2002
Тимофеев В.А.	Білім беру саласындағы мемлекеттік және жеке капиталдың өзараәрекеттестігі	2003
Торопов Д.А.	Германияда кәсіптік білім беру сапасын қамтамасыздандыру	2006
Кирилловский А.Н.	Біріккен Германияның орта кәсіптік білім беру жүйесін дамыту (XX - XXI ғг. 90 жылдар)	2007
Самолдина Л.Н.	Студенттердің ОАОО-ға дуальді мақсатты кәсіби даярлығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	2008

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Романов С.П.	Жоғары оқу орнында инженерлік-педагогикалық білім берудің дуальді жүйесін дамыту	2008
Шувалова М.А.	Дуальді білім беруде жоғары технологиялық сала техниктерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру	2016
Нуржанбаева Ж.О.	Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері	2017
Алшынбаева Ж.Е.	Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау	2018
Сманова А.А.	Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)	2019

Кестеден байқалып тұрғандай, дуальді оқытудың дамуы мен тәжірибесін Г.А.Федотова, А.Н.Кирилловский, С.П.Романов және т.б. зерттесе, болашақ мамандарды дуальді даярлаудың педагогикалық ерекшеліктерін Л.И.Корнеева, М.А.Шувалова Д.А.Торопов зерделеген. Л.Н.Самолдина арнайы орта оқу орындарының студенттерін дуальді-мақсаттық даярлауды зерделесе, О.В.Приступа Германиядағы дуальді оқытуды мектеп бітірушілерін еңбекпен айналысуға даярлаудың негізі тұрғысынан ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру мәселесін қарастырған.Қазақстанда дуальді оқыту мәселесіне қатысты диссертациялық зерттеулер 2017 жылдан бастап қорғала бастады. 2017 жылы Ж.О.Нұржанбаева дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін зерттесе [6], 2018 жылы Ж.Е.Алшынбаева кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогтардың дуальді оқытуды іске асыруға даярлығын қалыптастыруды [7] қарастырған. 2019 жылы А.А.Сманова кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын Германия мен Қазақстан тәжірибесінде [8] зерттеген.

Сонымен бірге Қазақстанда 2015 жылдан бастап дуальді оқыту мәселесіне қатысты мемлекеттік гранттық ғылыми жобалар орындала бастады. Біз оларды диссертацияда топтастырып көрсетеміз (кесте 2) және оларға талдау жасаймыз.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасы бойынша Мемлекеттік бюджеттік гранты негізінде дуальді оқыту мәселесіне арналған іргелі зерттеу жұмыстары

Жоба жетекшісінің аты-жөні	Жоба тақырыбы	Мерзімі
1	2	3
Жолдасбекова С.А.	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің болашақ педагогтарын дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері	Шымкент, 2015-2017

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
Исаева Г.К.	Мемлекет-жеке меншік әріптестігінің нысаны ретіндегі жоғары білім берудің дуалдық оқыту жүйесінде кәсіпкерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу	Шымкент, 2015-2017
Фрезоргер Л.А.	Дуальді технология мен әлеуметтік әріптестік негізінде екінші және үшінші индустриялық бесжылдық үшін инженерлік кадрларды көп деңгейлі даярлаудың интеграцияланған моделін әзірлеу	Павлодар, 2015-2017
Бұзаубақова К.Ж.	Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру	Тараз, 2015-2017
Әбдіғапбарова Ұ.М.	Дуальді-бағдарлық оқыту – болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты	Алматы, 2018-2020

Осы орындалған жобаларда Г.К.Исаева, Л.А.Фрезоргер дуальді оқытуды кәсіпкерлерді, инженер кадрларды даярлаудағы оқу орны мен өндірістің әлеуметтік әріптесігі тұрғысынан қарастырса, С.А.Жолдасбекова, К.Ж.Бұзаубақова, Ұ.М.Әбдіғапбарова болашақ педагогтардың кәсіби даярлығына дуальді оқыту элементтерін ендіру мәселесін қарастырады.

Біз осы аталған және жоғарыда көрсетілген еңбектерде берілген *«дуальділік» «дуальді оқыту», «дуальді білім беру» түсініктерінің арақатынасын айқындауға мән бердік.*

Мәселен, Г.А.Федотова дуальділікті дәстүрлі білім беру ұйымында оқытуды өндірісте ішінара жұмыспен ұштастыратын кәсіби білім берудің *дуальді формасы* тұрғысынан қарастырып, практикалық көзқарасын білдірсе [9], Л.Н.Самолдина аталған проблеманы *мақсатты кәсіби даярлаудың дуальді жүйесі* тұрғысынан кәсіби даярлықты ұйымдастырудың инновациялық үлгісі деп қарастырады. Ол оның аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың тепе-теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) бірлігінде құрылған мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзараәрекеттестіктегі үш әдіснамалық негіздің құрайтынын көрсетеді [10]. *«Дуальді жүйе» түсінігі* Германияда 1960 жылғы кәсіптік білім беру туралы заңының енгізілуімен алпысыншы жылдардың басында пайда болды. Сол кезден, мемлекеттік кәсіптік мектепті өндірістік оқытумен үйлестіретін неміс жүйесі дүние жүзі бойынша үлгілік болып саналып, көптеген елдерге экспорттала бастады [11].

Сонымен, дуальді оқыту жүйесі – мақсатты кәсіптік білім берудің инновациялық түрі, ол білім беру мен өндіріс салаларының мамандарды даярлаудағы үйлесімді өзара әрекеттесуін деп түсіндіруге болады [12].

С.П.Романов та дуальділікті өзінің зерттеу объектісіне сәйкес *инженерлік-педагогикалық білім берудің дуальді жүйесі* деп, яғни үш әдіснамалық негіздің: аксиологиялық (гуманистік және техникалық тепе-теңдік), онтологиялық (құзыреттілік тұғыр), технологиялық (қоғамдық-кәсіптік қарым-қатынастарды, кәсіби іс-әрекетті дамыту үдерісін ұйымдастыру) бірлігінде құрылған мамандарды даярлау бойынша білім беру мен өндірістік салалардың келісілген өзараәрекеттестігін көздейтін инженерлік-педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың инновациялық үлгіс, деп анықтайды [13].

Осы ойды А.А.Сманова да өзінің зерттеуінде толықтыра түседі. Ол өзінің зерттеу пәніне сәйкес ««*кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту – аксиологиялық* (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың теңдігі), *онтологиялық* (модульдік-құзыреттілік тәсіл), *технологиялық* (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлік негізінде мамандар даярлаудағы білім беру және өндіріс салаларының өзара іс-қимылын үйлестіретін мақсатты кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың инновациялық түрі» деп нақтылайды [8,с. 4].

М.А.Шувалова өзінің зерттеу жұмысында, *дуальді білім беру* – бұл өндірісте ішінара жұмыспен қамтылуын және дәстүрлі мектеп-университет жүйесінде толық емес жүктемемен оқытуды үйлестіретін, білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың ұйымдастырылған оқу үдерісі. Дуальді білім берудің жоғары өміршеңдігі мен сенімділігі оның шеңберінде барлық қатысушы тараптардың (кәсіпорындар, қызметкерлер, мемлекет) мүдделерінің бірігуімен анықталады деп көрсетеді [14].

В.А.Тимофеевтің тұжырымдауынша, д*уальді оқыту* – бұл кадрларға деген қажеттілікті болжау, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіптік білім беру, кәсіптік біліктілікті бағалау, өндірістегі тәлімгерлерді қоса алғанда, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйелерінің өзараәрекеттестігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық өңірлік үлгі [15]. *Дуальді оқыту* – оқу орындарындағы оқытуды өндірістік іс-әрекетпен ұштастырып қарастыратын білім беру жүйесі [16].

С.А.Жолдасбекова «*дуальділік»* мәселесін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды даярлауда қарастырады. Дуальді жүйе ұғымын, тарихы мен дамуын жан-жақты талдап, артықшылығы мен кемшіліктерін және оның кәсіптік-техникалық білім берудің негізгі мәселесі тұрғысынан теория мен практиканың алшақтығын жоюға мүмкіндігін айта отырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлауда дуальді оқытудың маңыздылығын көрсетеді [17].

Г.К.Исаева ғылыми жоба негізінде Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің дуальді оқыту жүйесіндегі мемлекет-жеке меншік әріптестігі экономиканың дамуын ынталандыру тетігі ретінде және шетелдік тәжірибені, заманауи бағыттары мен формаларын, әрекеттерін, әдіс-тәсілдерін зерттей келе,

дуальді білім беру жүйесі – теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы деп тұжырымдайды [18].

Л.А.Фрезоргер да дуальді оқытуды техникалық бағытта және технология тұрғысынан қарастырады. Соған сәйкес отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу мен жүйелеу негізінде дуальді технологияның мазмұнын, оқу орны-өндіріс жүйесіне арналған дуальді технологияның бейімделген моделін әзірлейді [19].

К.Ж.Бұзаубақова өзінің ғылыми жобасында дуальді оқытуды теорияны өндіріспен ұштастыратын және құзыреттілік негізінде креативтік қабілетті қалыптастыру мен кәсіптік дайындығын арттыруға бағытталған жүйе тұрғысынан қарастырады. Болашақ педагогтың жан-жақты дамуына және түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасуына негіз болып табылатындығын айтады [20].

Ұ.М.Әбдіғапбарова, Г.О.Абдуллаева еңбектерінде педагогикалық кадрларды дуальді-бағдарлық даярлау термині алғаш рет қолданыла бастады. Олардың пікірінше *дуальді-бағдарлық даярлау* - педагогикалық білім берудің жаңартылған түрі, ол мамандарды даярлау бойынша үш әдіснамалық негіздемелердің: аксиологиялық (гуманистік және технологиялықтың тепе-теңдігі), онтологиялық (құзыреттілік тәсілдеме), технологиялық (кәсіби іс-әрекетке даярлау үрдісін ұйымдастыру) тұтастығында құрылған білім беру және өндірістік салаларындағы келісілген өзараәрекеттестігі [21].

Ұ.М.Әбдіғапбарова, Н.Б.Жиенбаева осы пікірді әрі қарай нақтылай түседі: «*дуальді-бағдарлық оқыту* – бұл, қазіргі қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру және практикалық салалардың өзара әрекеттестікке негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін «бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық» [22].

Біз осы берілген анықтамаларды талдай отырып *«дуальді жүйе», «дуальді оқыту», «дуальді білім беру», «дуальді форма»* ұғымдарының ғылыми әдебиеттерде инновациялық жүйе үлгісі, білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзара әрекеттестігі, іргелі база, ұйымдастырылған оқу үдерісі; тараптардың мүдделерінің бірігуі, инфрақұрылымдық өңірлік үлгі, кадрлар даярлау нысаны, оқыту технологиясы, оқытуды ұштастыратын білім беру үдерісі тұрғыснан қарастырылғанын байқадық, мазмұны 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Ғалымдардың «дуальді жүйе», «дуальді оқыту», «дуальді білім беру», «дуальді форма» түсініктерін анықтау көзқарасы

Түсінік	Мазмұны, автор, дереккөз	Тұжырымдамалық көзқарасы
1	2	3
Дуальді жүйе	– үш әдіснамалық негіздің: аксиологиялық (гуманистік және техникалық тепе-теңдік), онтологиялық (құзыреттілік тұғыр), технологиялық (қоғамдық-кәсіптік	инновациялық жүйе үлгісі

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
	қарым-қатынастарды, кәсіби іс-әрекетті дамыту үдерісін – ұйымдастыру) бірлігінде құрылған мамандарды даярлау бойынша білім беру мен өндірістік салалардың келісілген өзараәрекеттестігін көздейтін инженерлік-педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың инновациялық үлгісі (С.П.Романов); – кәсіби даярлықты ұйымдастырудың инновациялық үлгісі, ол үш әдіснамалық негіздің: аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың тепе-теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) бірлігінде құрылған мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзараәрекеттестігі (Л.Н.Самолдина); – теориялық және практикалық сабақтарда алынған және өндіріс жағдайында практикадан өткен білім, білік, дағдылар кәсіби тәжірибеге үлесе отырып, оларды «кәсіби берік», «нәтижеге қол жеткізе алатын» және әрі қарай тұлғалық, кәсіби өсу үшін іргелі база (А.Н.Кирилловский);	білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзараәрекеттестігі іргелі база
Дуальді білім беру	– өндірісте ішінара жұмыспен қамтылуын және дәстүрлі мектеп-университет жүйесінде толық емес жүктемемен оқытуды үйлестіретін, білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың ұйымдастырылған оқу үдерісі. Дуальді білім берудің жоғары өміршеңдігі мен сенімділігі оның шеңберінде барлық қатысушы тараптардың (кәсіпорындар, қызметкерлер, мемлекет) мүдделерінің бірігуі (М.А.Шувалова); – кадрларға деген қажеттілікті болжау, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіптік білім беру, кәсіптік біліктілікті бағалау, өндірістегі тәлімгерлерді қоса алғанда, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйелерінің өзараәрекеттестігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық өңірлік үлгі (жоба);	ұйымдастырылған оқу үдерісі; тараптардың мүдделерінің бірігуі инфрақұрылымдық өңірлік үлгі
Дуальді оқыту	– кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершіліктері тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны (ҚР «Білім туралы» Заңы мен дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары); – оқу орындарында теориялық біліммен шектелмей практикалық сабақтарды серіктес кәсіпорын базаларында өткізу (Ж.Е.Алшынбаева); – теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы (Ж.О.Нуржанбаева);	кадрлар даярлау нысаны оқыту формасы оқыту технологиясы

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Дуальді форма	– белгілі бір оқу режимімен білім беру қызметтерін ұсыну тәсілі; – өндірісте ішінара жұмыспен практикалық оқытуды және дәстүрлі білім беру мекемесінде оқытуды ұштастыратын білім беру үдерісі (Г.А.Федотова)	тәсіл оқытуды ұштастыратын білім беру үдерісі
Дуальді бағдарлық оқыту	– қазіргі қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру және практикалық салалардың өзараәрекеттестікке негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық» (Ұ.М.Әбдіғапбарова, Н.Б.Жиенбаева, Г.О.Абдуллаева)	бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық білім беру мен практикалық салалардың өзараәрекеттестігі

Осы талдаулар бізге білім берудегі дуальділікке қатысты бірқатар ұғымдардың ғылыми әдебиеттерде зерттелегенін байқатты (сурет 1):

- *дуальді жүйе* (Корнеева Л.И., Романов С.П., Приступа О.В., Кирилловский А.Н., Торопов Д.А.);
- *дуальді білім беру* (Шувалова М.А.);
- *дуальді оқыту* (Жолдасбекова С.А., Исаева Г.К., Бұзаубақова К.Ж., Нуржанбаева Ж.О., Алшынбаева Ж.Е.);
- *дуальді форма* (Федотова Г.А.);
- *дуальді мақсатты даярлау* (Самолдина Л.Н., Тимофеев В.А.);
- *дуальді-бағдарлық оқыту* (Әбдіғапбарова Ұ.М., Абдуллаева Г.О., Жиенбаева Н.Б.).



Сурет 1 – Ғалымдардың білім берудегі дуальділікке қатысты ұғымдарды зерттеуі

Сонымен, ғалымдардың «дуальді жүйе», «дуальді оқыту», «дуальді білім беру», «дуальді форма» түсініктерін талдай отырып, *олардың* ***дуальділікті*** *жүйе, форма, технология тұрғысынан қарастырғанымен барлығы да болашақ маманды оқу орны мен өндірістің әріптестігінде даярлау қажеттілігін, бірегей мақсатпен теориялық және практикалық даярлығын теңдестіретіндігін жоққа шығармайды.*

Қорыта айтқанда, біздің түсінігімізше *«Дуальді жүйе»* – еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың, үйлестіруші органдардың келісілген өзара әрекеттестігін, бақылау-құқықтық, үкіметтік, органдардың шешімімен жүзеге асырылуы, қаржыландырылуы қалыптасқан жүйе.

«Дуальді білім беру» – теориялық және практикалық сабақтарда алынған және өндіріс жағдайында практикадан өткен білім, білік, дағдылар кәсіби тәжірибеге үлесіп, оларды «кәсіби берік», «нәтижеге қол жеткізе алатын» және әрі қарай тұлғалық, кәсіби өсу үшін іргелі база болып табылатын кәсіптік білім беру түрі. Дуальді білім беру жүйесі білікті маманға мүдделі коммерциялық кәсіпорындар мен аймақтық билік органдары нақты жұмыс орнына кадрларды даярлау бағдарламаларын бірлесіп қаржыландыруды көздейді.

«Дуальді оқыту» – оқу орнында теориялық оқытуды және кәсіпорында өндірістік оқытуды кіріктіретін кадрларды даярлаудың нәтижелі түрі.

«Дуальді форма» – практикалық оқытуды өндірісте ішінара жұмыспен қамтуды және білім беру мекемесінде оқытуды біріктіретін білім беру формасын білдіреді.

Сонымен, осы ұғымдарды талдау нәтижесі *дуальділіктің* – «қос тұтастық, екілік», «бірыңғай ұйымдастырушы тұтастық» екендігін, болашақ мамандарды даярлаудағы дуальділік теория мен практикалық даярлығының теңдігін білдіреді [23]. Сол себепті ол білім беру ортасы мен өндірістік ортаның әлеуметтік серіктестіктің өнімі ретінде еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті маманды даярлауда мемлекеттің жұмыс берушілермен, кәсіподақтармен, қоғамдық бірлестіктермен тығыз өзараәрекеттестікті жүзеге асыруды көздейді.

Сондай-ақ, ғалымдар дуальді оқыту жүйесін болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға бірден көшіру мүмкін еместігін негіздейді. Мәселен, ғалым педагог Ұ.М.Әбдіғапбарова «қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен енгізу, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің әдіснамалық-ұйымдастырушылық тұрғыдан негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден. Екіншіден,* мұғалімнің жұмыс орны «жанды үдеріс» («субъект-субъект»), ал дуальді жүйе принципінде студент оқу орнында теориялық білім алуымен қатар өндірісте жұмыс істеуі тиістігін еске түсірсек, онда кәсіби тұрғыдан базалық білімі жоқ, кәсіби-тұлғалық сапалары

қалыптаса қоймаған, өмірлік тәжірибесі жеткілікті қалыптаспаған 1-2 курс студенттерін жұмыс істеуге жібере салу мүмкін емес. *Үшіншіден,* Қазақстанның колледж, мектептерінде мұғалім орнының тапшылығы жоқтың қасы. Сол себепті болашақ мұғалімнің студент қатарында (күндізгі оқу) жүріп, жұмыс істеуіне мүмкіндік туа бермейді. *Төртіншіден,* дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендірудің механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді» деп көрсеткен ойын біз де құптаймыз [24].

Осыған орай ол жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқытуды тікелей көшіруді емес, дуальді оқыту элементтерін ендіруді ұсынады.

Біздің зерттеуімізде де дуальді оқыту элементтерін пайдалану, дуальді-бағдарлық оқыту ұғымы тұрғысынан қарастырылады.

Біздің түсінігімізде болашақ мұғалімдерді даярлаудағы ***дуальділік*** – бұл кәсіби педагогикалық білім берудің әдіснамалық сипаттамасы, ол білім беру және өндірістік салалардың өзараәрекеттестігінің бірыңғай әдіснамалық негіздерін кіріктіруде белгілі бір бейіндегі мамандарды оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық формасы [25].

Педагогикалық кадрларды дуальді даярлау немесе болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы дуальді оқыту педагогикалық ЖОО-ның және өндірістік сала (мектеп, колледж және т.б. білім беру ұйымдары) мен білім беру басқармасының үштігінде өзара әрекеттестік арқылы және үкіметтік, мемлекеттік деңгейдегі шешімдер негізінде жүзеге асуы тиіс. Қазақстан Республикасында ондай қаулы ТжКББ ұйымдарына тиісті ғана қарастырылған. Осыған сәйкес жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқытудың ендірілмеуі және оны жүйе тұрғысынан ендіруге жоғарыда айтылған қиындықтар мен күрделіліктің орын алуы бізге дуальді оқыту емес, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайын қарастыруға мүмкіндік берді.

Педагогикалық кадрларды дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне білім беру мақсаттарының барабарлығы;
- гуманистік және технологиялық тәсілдер негізінде педагогикалық білім беру үдерісінде білім беру және кәсіби-педагогикалық саланың өзараәрекеттесуін жүзеге асыру;
- педагогикалық білім беруді кіріктіру, оның жүйелік тұтастығының көрінісі ретінде қамтамасыз ету.

Заманауи педагогикалық білім беруді жаңғыртудың маңызды шарттарының бірі теориялық даярлықтың практикамен өзарабайланысын күшейту болып табылатындықтан, болашақ педагогтардың кәсіби даярлық үдерісін ұйымдастыруға дуальді оқыту элементтерін ендіру. Ал бұл болса, дуальді-бағдарлық оқытудың негізгі сипаты болып табылады. Дуальді-бағдарлық оқыту болашақ педагогтың кәсіби даярлық үдерісіндегі құрылымдық-функционалдық өзгерістерге ықпал ете отырып, білім берудің

түрлі сатысындағы ұйымдардың өзара әрекеттестіктің кіріктіру үдерісін жандандырады.

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды талдау барысында құрылымдық бағытты атап өту маңызды, себебі дуальді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыру мүмкіндіктері жоғары. Сонымен, дуальді оқыту элементтері педагогикалық практикада дәстүрлі жоғары педагогикалық білім беру жүйесі аясында кеңінен қолданылады. Біздің ойымызша, дуальді-бағдарлық оқытуды қолданудың кең мүмкіндіктеріне магистратураның білім беру бағдарламалары ие, олардың арнасында практикалық (ғылыми-практикалық) семестрдің әлеуетін пайдалану орынды. Соңында, дуальді оқыту элементтері жоғары білім негізінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісіне үйлесімді енеді [26].

Дуальді-бағдарлы оқытудың нақты қағидаларына:

- білім беру ұйымының алдында тұрған стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге бағытталуы;

- оқыту консалтинг ретінде жүргізілуі мүмкін: нәтижесінде жұмыстың жаңа қағидаттарын әзірлеу, білім беру ұйымдарының регламенттері, өзараәрекеттестік рәсімдері мен стандарттарын қалыптастыру болып табылады;

- корпоративтік білім: білім беру ұйымдарының әр түрлі бөлімшелерінің болашақ педагогтарын кәсіби даярлау бағдарламасына қатысу жұмыс пен өзараәрекеттесудің бірыңғай қағидаларын қалыптастыруға, ұйымның корпоративтік мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Жеке қағидалар практикалық қажеттілік, ашық және жүйелік, әдіснамалық айқындылық, оқыту сапасын субъективті бағалау, оқыту сапасын объективті бағалау, оқыту тиімділігін жиынтық бағалау, білім жинақтау, мүмкіндіктерді арттыру (шығындарды қысқарту), педагогтарды қолдау, жеткілікті мотивация, дағдыларды қолдау, оқыту нәтижелерін енгізу қағидаларымен берілген [27].

Осы айтылғандар негізінде дуальді-бағдарлық оқытудағы жетекші қағидаларға білім беру мақсаттарының әлеуметтік-өндірістік қажеттіліктерге барабарлығын; гуманистік және құндылықтық бағдарлардың тепе-теңдігін; құзыреттілік көзқарас, әлеуметтік-кәсіби қарым-қатынастарды қалыптастыру, кәсіби қызметтің қалыптасуы (дайындығы), педагогикалық білім берудің интегративтілігі жатады.

Біздің зерттеу пәнінің мақсаты мен ерекшеліктерін ескере отырып, дуальді-бағдарлық оқытуды түсіндіру және іске асыру үшін педагог кадрларды даярлаудың жүйесінен туындайды (*ол туралы біз екінші тарауда толығырақ баяндаймыз)*. Бұл мамандарды даярлаудың осындай моделі 60-шы жылдардан бастап Кеңес Одағының педагогикалық кадрларын кәсіби даярлау тарихында болуымен түсіндіріледі. Ол мектеп пен жоғары оқу орны, мектеп пен колледж және т.б. арасында өзараәрекеттестікті жүзеге асырады.

Осы айтылған талдаулар мен көрсетілген қағидалар негізінде біздің тұжырымдауымызша ***педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту*** *– бұл заманауи қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру мен практикалық салалардың өзараәрекеттестігіне негізделген,*

мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін оқыту.

Кәсіби педагогикалық даярлық – бұл арнайы педагогикалық білім жүйесін, жалпы және ерекше іскерлікті, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық орындау үшін дағдыларды меңгеру үдерісі.

Қазіргі заманғы кәсіптік-педагогикалық білім берудің *мақсаты* – білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарына, әріптестікті және оқытудың әр түрлі формаларын ұйымдастыруымен бағдарлануы.

Осы тұрғыдан біздің зерттеуімізде үздіксіз білім беру жүйесі оқытудың барлық буындары мен нысандарының бірігуін, сабақтастығын болжайды және болашақ педагогтың кәсіби даярлығында дуальді-бағдарлық оқытудың теориялық-әдіснамалық негізі болып табылады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар ***«дуальді-бағдарлық оқыту»*** ұғымын нақтылауға мүмкіндік береді, ол әр түрлі деңгейдегі және үлгідегі ұйымдар мен мекемелердің нәтижелі өзараәрекеттестікке негізделген, жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаттарын іске асыратын, практикаға-бағдарланған оқыту әдістерін пайдаланатын оқытудың инновациялық траекториясы ретінде түсінеміз.

Осы анықтамадан шыға отырып, біз зерттеуіміздің негізгі түсінігін тұжырымдаймыз – *болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы* ***дуальді-бағдарлық оқыту*** *– жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудағы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзараәрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория.*

Осылайша, жүргізілген талдау жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дуальді-бағдарлық оқытудың қазіргі уақытта қайта жанданғаны туралы айтуға мүмкіндік береді. Көптеген жылдар бойы ғалымдар мен практиктер болашақ педагогтың кәсіби даярлық үдерісін жетілдірудің тиімді жолдарын іздестіре отырып, оның практикалық құрамдас бөлігінің маңыздылығын түсінді. Бүгін, біз дуальді-бағдарлық оқыту болашақ педагогтың қазіргі заманғы кәсіби даярлығының практикалық бөлігін дамытуға аса қажет деп сеніммен айта аламыз. Өйткені ол теория мен практиканың байланысын нығайтуға ықпал етеді, нақты озық педагогикалық практикамен тікелей танысуды, практикалық тәжірибені терең ұғынуды және жаңа идеяларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, жас педагогтардың «практикалық шок» ықтималдығын төмендетеді және педагог кадрлардың тапшылығы жағдайында болашақ педагогтарды даярлау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Алайда, бастамашылық пен үйлестіруді жүзеге асыратын жоғары оқу орны мен мектептердің желілік өзараәрекетін ұйымдастырудың күрделілігіне байланысты ықтимал тәуекелдерді де түсіну қажет. Практикадан «рецепттерді» қабылдау қаупі теориялық даярлықтың рөлін төмендету, педагогикалық

шындыққа бейімделуді қиындататын педагогтарды даярлаудың университеттік мәртебесінің (әсіресе педагогикалық білім беру тарихы контекстінде) әсері болуы мүмкін.

Болашақ педагогтың кәсіби даярлығында дуальді-бағдарлық оқытудың ғылыми негізделген тұжырымдамалары мен теорияларының болмауы, сондай-ақ терминнің өзін пайдаланудың жаңашылдығы біздің зерттеуіміздің логикасын анықтайды. Біз осы параграфта категориялық аппаратты қалыптастыруға және педагог кадрларды дуальді-бағдарлық даярлау ұғымын нақтылауға мән бердік.

1.2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Біздің зерттеу пәнімізге сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда ***жүйелік, синергетикалық, біртұтастық, іс-әрекеттік, практикаға-бағдарлық, құзыреттілік*** және т.б. *әдіснамалық тұғырлар* қарастырылады. Әдіснама теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі, сондай-ақ осы жүйе туралы ілім болып табылатыны белгілі. Грек тілінен аударғанда «әдіснама» термині «таным жолы» ретінде ұғынылады [28].

Жүйелік тұғыр – ғылыми әдіснамалық құрал ретінде жүйелердің жалпы теория тұжырымдамаларында (А.Н.Аверьянов, И.В.Блауберг, Д.П.Горский, М.С.Каган, В.Н.Садовский, А.И.Уемов, Э.Г.Юдин және т.б.), гуманитарлық және әлеуметтік зерттеулерде, әртүрлі тұжырымдама ережелерінде, сондай-ақ, педагогикалық жүйелерде (В.Г.Афанасьев, В.П.Беспалько, Н.В.Кузьмина, С.А.Саркисян, Е.Н.Степанов және т.б.) қолданылады.

Жүйелік тұғыр тұрғысынан алғанда зерттеліп отырған құбылыс жүйе ретінде, яғни белгілі тұтастықты, бірлікті тудыратын, бір-бірімен байланыста және қарым-қатынаста болатын элементтер жиынтығы ретінде қарастырылады [29].

Аталған тұғыр бүгінгі күнде педагогикалық құбылыстарды зерттеуде және теориялық жұмыстарда дәстүрлі болып табылады. Қазақстан білім беру саласының өзі білім берудің ішкі «ұйымдасуын», оның құрылымын, өзарабайланыстар мен өзараәрекеттестіктердің және қатынастардың сипаты мен ерекшеліктерін көрсететін білім беру жүйесі ретінде нормативті түрде ұсынылады. ҚР білім беру туралы Заңына сәйкес «білім беру жүйесі өзараәрекеттесетін: әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы сабақтас білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарының; олардың ұйымдастырушы-құқықтық формаларына, типтеріне және түрлеріне қарамастан білім беру ісін жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің желісі; білім беруді басқару және оған қарасты мекемелер мен ұйымдардың жиынтықтарын құрайды» [30].

Білім беруді дамыту үшін жалпы мақсатты бағдарлар едәуір өзгеріп жатқан қазіргі жағдайларда, Г.Н.Штинова атап өткендей, бейінді білім беру *үздіксіз*

білім беру жүйесінің қалыптасу қажеттіліктеріне жауап береді және оған деген нақты сұраныстар туындауда:

- әр түрлі деңгейдегі кәсіптер, мамандықтар және бағыттардың мазмұнды тоғысуы, сабақтасуы;

- белгілі бір кәсіби іс-әрекет саласына олардың жалпы, ортақ ұстанымдарға негізделген бағдары [31].

Білім берудің бейінді кіші жүйелердің қатарына дуальді білім беру де жатады. Дуальді білім беру кәсіби білім берудің де, сонымен қатар жалпы білім беру жүйесінің де өзіндік бейінді кіші жүйесі ретінде үш негізгі компонентті қамтиды:

– орта және жоғары мамандандырылған кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жиынтығы;

– түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын, типтері мен түрлерін (индустриалды-педагогикалық техникумдар мен колледждер, педагогикалық жоғары оқу орындары, педагогикалық факультеттер және ЖОО-ларындағы кафедралар) жүзеге асыратын орта және жоғары оқу орындарының желісі;

– педагогикалық білім берудің мемлекеттік және мемлекеттік-қоғамдық басқару органдары [32].

Алайда жүйелік тұғыр тұрғысынан зерттелетін нақты, әсіресе әлеуметтік болмыстың кез-келген құбылыстары қандай да бір абстрактілі жүйелі-құрылымдық түсініктерге қарағанда едәуір күрделі болып келеді. Мұндай жүйелер: электрондар, атомдар, молекулалар, жасушалар, нейрондар, механикалық элементтер, фотондар, мүшелер, жануарлар, адамдар немесе олардың қауымдастықтары әртүрлі жаратылыста болуы мүмкін. Олардың барлықтарының өзгеретіндігі, ішкі және сыртқы сипаттағы әртүрлі факторлардың ықпалынан дамитындығы ортақ болып саналады, сондықтан олар өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті мен қасиетіне ие болады. Мұндай жүйелерді зерттеумен пәнаралық зерттеулердің ерекше бағыты – *синергетика* айналысады (грек. synergetikos - бірлескен, келісілген, қолданыстағы).

Синергетикалық тұғырдың негізін қалаушы Г.Хакенмен тұжырымы бойынша, синергетика жүйелердің уақытша эволюциясын зерттеумен айналысады және оны жалпы жүйелік талдаудың бір бөлігі ретінде санауға болады, себебі синергетикада да және жүйелік талдауда да жүйе қызметінің негізі болып табылатын жалпы ұстанымдар басты қызығушылық тудырады [33,с. 361]. Синергетикалық заңдардың кеңінен қолданылуы синергетиканы өзіне физиканы, философияны, кибернетиканы, әлеуметтануды, биологияны, педагогиканы және т.б. ғылымдарды қамтыған «жалпыға ортақ және әмбебап» сала деп санау керек деген ойдан алыспыз. Бірақ, синергетикалық заңдылықтардың ашылуы жүйелік тұғырдың ілгері дамуымен байланысты және жеке зерттеу пәніне ие жаңа ғылымды емес, көптеген ғылыми мәселелерді басқа қырынан байқауға мүмкіндік беретін жаңа көзқарастар мен парадигмалар жүйесін білдіреді.

Жаңа әдіснама ретіндегі синергетиканың маңыздылығы өзін-өзі ұйымдастыру мен ұйымдастыру құбылыстарының жалпы тетіктері мен заңдылықтарын аша келе, «барлық тіршіліктің тұтастығын барынша толық суреттеуге, әлемнің ортақ процессуалдық үлгісін құруға мүмкіндік береді және онда барлығы – өлі-тірі табиғаттың тіршілігі, адамның өмірі мен шығармашылығы, қоғам өмірі, мәдениет пен білім беру тұтас үзілмейтіндей түйінге байланысқандығымен» анықталады [34,с. 181-182].

Жалпыға ортақ түсініктерге сәйкес үдеріс ретіндегі білім беру диалектикалық өзарабайланысқан, бірақ дербес, өзіндік сипаттамаларына ие екі жақты қамтиды. Бір жағынан, білім беру «адам, қоғам, мемлекет мүддесіндегі тәрбие беру мен оқытудың мақсатқа бағытталған үдерісі» [35,с. 3]. Осы тұрғыдан алғанда үдеріс ретіндегі білім беру объектілендірілген сипатқа ие, яғни шынайы болмыстың бір бөлігі болып, ал оның субъектісі ретінде білім беруші (оқытушы, педагог) саналады. Екінші жағынан, білім беру – ол білім алушының білім, білік және дағдыларды меңгеруі, дамуы, жетілуі, сонымен қатар барынша жоғары білім деңгейіне жету мақсатымен білім алу тәсілдерін меңгеру. Осы жағдайда білім беру субъектісі болып білім алушы саналады, яғни білім беру үдеріс субъектілік деңгейде жүзеге асады [36].

Дуальді-бағдарланған білім беру өзінің объективтелген аспектісінде «адамды нақты бір мамандық бойынша іс-әрекетке даярлауды тиімді жүзеге асыруға қабілетті, толық кәсіби-педагогикалық қызметтерді атқаруға, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыра алатын тұлғаны қалыптастыру үдерісі» болып табылады.

Синергетика тұрғысынан алғанда, білім беру феномені тепе-теңдіксіз күйдегі кез келген күрделі ұйымдасқан жүйелердің өзіндік ұйымдасуынан тұрады. Мұндай өзіндік ұйымасудың себебі болып осы жүйелердің барлық құрамдас бөліктерінің өзараәрекеттестігі саналады. Сондықтан оқыту (тәрбие беру) тек педагогтың ықпалымен ғана емес, сонымен қатар білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің ұжымдық өзараәрекеттестігімен шартталған үрдісі болып табылады. Олардың әрқайсысы кез келген жағдайда өзін барлығының дамуына ықпал ететін бастамашы (аттрактор) сияқты көрсете алады. Бұл арада педагогтарға білім алушылардың жағымды бастамаларын қолдауы маңызды [37].

Зерттеушілер синергетикалық өз табиғатынан педагогикалық жүйелерді басқаруда өзіндік ұйымдасу мен өзін-өзі дамыту тетіктеріне сүйенудің маңыздылығын да бөліп көрсетеді, яғни оқу қоғамдастықтарының (білім беру саласы, білім беру мекемесі, оқу тобы және т.б.) деңгейінде, тұлғалық (білім алушының, педагогтың) деңгейінде, әсіресе жеке, топтық рефлексия арқылы ұйымдастыруды айтады [36,с. 172].

Қазақстан ғалымдар арасында З.Ж.Жаңабаев педагогика мен синергетиканың арасындағы тығыз байланысты көрсете отырып, педагогикадағы жүйелілік-қызметтік әдістер синергетикалық тұғыр негізінде дамиды деген пікір айтты [38].

Білім беру мазмұны аспектісінде синергетика бүгінгі күнде аса өзекті мәселені шешу үшін оның тәртіптік құрылымынан арылып және әр түрлі пәндер бойынша білімдерді біріктіру, кіріктіру ұстанымын жүзеге асыру бойынша әдіснамалық негіздерді қамтамасыз етеді. Әр түрлі жаратылыстағы құбылыстар мен үдерістердің тұтастығын аша келе, синергетика әр түрлі пәндік ғылыми білімдерді ортақ жүйеге біріктіру, кіріктіру үшін жалпы негіздемелерді айқындауға, бағыт белгілеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың теориялық және әдіснамалық деңгейлерінде бірігуінің жаңа тұжырымдамалық тұғырнамасы болуы мүмкін [39].

Осылайша, педагогикалық құбылыстарды қарастыруға синергетиканың әдіснамалық түсініктерін қолдану олардың мәнін терең және жан-жақты ашып қана қоймай, тәжірибелік педагогикалық іс-әрекетті барынша тиімді атқаруға мүмкіндік береді. Әсіресе, бұл оқытуға деген кез келген біржақты бағдарланған тұғырдың шектелуін түсінуге ықпал етеді – ол танымдық, әлеуметтік, тұлғалық бағдарланған білім, экологиялық немесе мәдениеттанымдық тұғыр және т.б. болса да, кіріктірілген білім беру парадигмасын іздеуге ынталандырады. Білім беру саласында осындай біріктіруші болып біртұтастық, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұғыр саналады.

Біртұтастық тұғыры мағынасы және құрылымы бойынша барлық күрделі объектілердің жалпыланған сипаттамасы ретінде жүреді. Бұл жүйе элементтерінің арасында даярлықтың әр түрлі деңгейдегі іс-әрекеттердің үйлесімін, теориялық жүйенің тәжірибелік кәсіби іс-әрекетпен байланысын, білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ететін белгілі қатынастар мен байланыстардың болуын болжайды. Біртұтастық белгілі сипаттамалардан тұрады: құрылымдық, өзарабайланыстылық, өзара тәуелділік, өзараәрекеттестік.

Кәсіби білім беру жүйесінде тұтастық тұғырдың жүзеге асырылу мәселесі педагог-ғалымдардың арасында үнемі пікірталастар тудырады. Біртұтастық тұғырды қарастыру төңірегінде дүниетанымды қалыптастыру мәселесіне және тұлғаның тұтас құрылымындағы зияткерліктің, эмоционалдылықтың және еріктік компоненттерінің өзараәрекеттестігі сияқты оның құрамдас бөліктеріне де ерекше назар аударылады (А.И.Липкина, Н.А.Менчинская, Т.К.Мухина, Г.М.Шакирова және т.б.).

Психологияда біртұтастық тұғыры (ағ. holistic approach) тұтас феномендер тәрізді психиканы, сананы және мінез-құлықты зерттеу ұстанымдарының жиынтығы ретінде қарастырылады [40].

В.С.Ильин өзінің зерттеуінде, педагогикалық үдерісті тұтас құбылыс ретінде қарастыра келе, ондағы мақсаттар тұлғаның қалыптасу мақсаттарына қызметтер сәйкес келген жағдайда ғана жүзеге асырылады; адамның іс-әрекеті онда айтарлықтай толық үлгіленген кезде; педагогикалық үдерісті құрайтын барлық компоненттер олардың қызметтерінің, мақсаттары мен әдістерінің бірқалыптылығы негізінде біртұтас құбылысқа айналған жағдайда; олардың әрқайсысының дербестігі барлық үдерістер мен компоненттердің тұтастығын бұзбай; жалпы тәрбие беру жүйесінің динамикасы тұлғаның сұраныстарына

сәйкес төменгі жастан бастап жоғары жасерекшелігіне қарай жүргізілген жағдайларда ғана орындалады, деп көрсеткен [41].

Педагогикалық тәжірибеде қолданылатын басқа тұғырларға қарағанда біртұтастық тұғыры ғылым ретіндегі педагогиканың өзіне барабар объектіге ие, нақтырақ айтқанда тұлғаның тұтас қалыптасу үдерісі.

Тұтас білім беру үдерісінде тұтас тұлғаның қалыптасуы – бұл оқыту және тәрбие беру үдерісінің барлық компоненттерінің және олардың біртұтас құбылысқа бірігуінің ықпал ету нәтижесінде жүзеге асады.

Ал, іс-әрекет жағдайында адам, тұлға белсенді шығармашыл бастама ретінде және әлеммен өзараәрекеттесе отырып, өзін-өзі құруды үйрене бастайды. Дәл осы іс-әрекет арқылы және іс-әрекет барысында адам өзіндік қалыптасып, оның тұлғасының өздігінен дамуы және өзін-өзі белсендендіру жүзеге асады. Осы орайда, ***іс-әрекеттік тұғыр*** – бұл адам тұлғасының және оның санасының жалпы қалыптасуына бағытталған адамның іс-әрекет үдерісі [42,с. 13].

«Іс-әрекет арқылы оқыту» тұжырымдамасын алғаш рет американдық ғалым Д.Дьюи ұсынған. Ол оқытудағы іс-әрекеттік тұғырының негізгі ұстанымдарын: оқушылар мүддесін ескеруді; ойлау мен әрекет етуге үйрету арқылы оқытуды; қиындықтарды жеңу салдары ретіндегі таным мен білімді; еркін шығармашылық жұмыс пен ынтымақтастықты анықтады.

А.Дистервег: «ғылым мәліметтерін оқушыларға дайын түрінде беру қажет емес, бірақ оларды өзі тауып, өзі меңгеруі үшін оны соған ынталандырып келтіру керек. Оқытудың мұндай әдісі ең жақсы, әрі ең қиын...», - деп атап көрсетті.

Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов еңбектерінде жетілдірілген іс-әрекеттік тұғыр білім беру жүйесіндегі тұлғаның дамуы, алдымен, оқыту мен тәрбие беру үдерісінің негізі болып табылатын әмбебап оқу-әрекеттерінің қалыптасуымен қамтамасыздандырылады [43].

А.Н.Леонтьевтың пайымдауынша: «білім алу үдерісі – ол жаңа білімдер дайын түрде берілмейтін, оқушы санасының және жалпы тұлғасының қалыптасуына бағытталған іс-әрекет үдерісі. Білім берудегі «іс-әрекеттік тұғыр» деген осы!».

Іс-әрекеттік тұғыр ретінде білім алушылар ақпараттың пассивті емес «қабылдаушылары» болып және өздері оқу үдерісіне белсенді қатысатын, оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тәсілі деп түсіндіріледі. Мақсаты – тіршілік ету субъектісі ретіндегі бала тұлғасын тәрбиелеу. Субъект болу – өз іс-әрекетінің иесі болу: мақсаттар қою, міндеттерді шешу, нәтижелер үшін жауап беру [44].

Іс-әрекеттік тұғырдың мәні қытай даналығымен *«мен естимін – мен ұмытамын, мен көремін – мен есте сақтаймын, мен жасаймын – мен меңгеремін»* деп сипаттауға болатын іс-әрекетте ашылады [45]. Өз кезінде Сократ, сыбызғыда ойнауды тек өзің ойнағанда үйрене аласың, деп айтқан. Дәл

осылай білім алушылардың қабілеттері де олардың өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетке толық қатысқан кезінде ғана қалыптасады.

Оқыту іс-әрекеттік тұғыр негізінде білім алушының және оның түрткілері, мақсаттары, қажеттіліктерін жүзеге асырудың жағдайы ретінде саналады.

Сонымен, қоғамның қарқынды даму жағдайларында, қазіргі білім берудің жаңаруы кезінде кәсіби білім беруде студенттердің бойында теориялық білімдерден гөрі, тәжірибелік білім, білік және дағдылардың қалыптасуы мен дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселесін шешуде іс-әрекеттік тұғырдың маңызы зор. Сондай-ақ, *практикаға-бағдарлық* тұғырды айтпасқа болмайтынын аңғарамыз.

Бүгінгі күні ***практикаға-бағдарлық тұғыры*** жаңаша түсіндірудің қажеттілігі мен өзектілігін көптеген беталыстар дәлелдейді.

Білімді меңгеруге бағдарланған дәстүрлі білім беруге қарағанда, тәжірибеге бағдарланған білім беру білім, білік, дағдылардан басқа – практикалық іс-әрекет тәжірибесін иеленуге бағытталған. Жалпы білім беру жүйесінде іс-әрекет тәжірибесі ретінде көбінесе оқу-танымдық іс-әрекетінің тәжірибесі саналады. Ал тәжірибенің өзін иелену білім алушылардың бойында практикалық икем мен дағдыларды қалыптастыру жолымен дәстүрлі дидактикалық триада *«білім – білік – дағды»* төңірегінде жүзеге асырылады. Әрекетті-құзыреттілік тұғырда дәстүрлі триада жаңа дидактикалық бірлікпен толықтырылады: «*білім – білік – дағды – іс-әрекет тәжірибесі»*.

Болашақ педагогтарды толыққанды кәсіби даярлау практикалық іс-әрекет жағдайында тиімдірек жүреді.

Практикаға-бағдарлық тұғыр – бұл студенттерге ЖОО-дағы оқуын тәжірибелік іспен үйлестіруге мүмкіндік беретін, оқу үдерісін білім алудың түпкі өніміне бағдарлайтын оқытудың әдісі [46]. Білім алудың түпкі өнімі ретінде студенттердің бойында белгілі кәсіби құзыреттерді қалыптастыру және дамыту жүзеге асады. Студенттерді нақты жұмыс жағдайларына қатыстырады, олар табысты қызмет атқаруға қажетті, тиісті тәжірибелік және педагогикалық дағдыларды игереді. Практикаға-бағдарлық тұғырды бірқатар авторлар: Ю.Ветров, Ф.Ялалов, Н.Клушина, Т.Дмитриенко, П.Образцов және т.б. қарастырады. Осы орайда ғылыми әдебиеттерде практикаға-бағдарлық тұғырдың мақсаттарын түсінуде әркелкі көзқарастар байқалады. Ю.Ветров, Н.Клушина практикаға-бағдарлық тұғырдың мақсаты ретінде студенттердің оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибе барысында кәсіби ортаға ену кезіндегі кәсіби тәжірибелердің қалыптасуы, деп түсіндіреді. Басқа авторлар (Т.Дмитриенко, П.Образцов) тәжірибеге бағдарланған тұғырге болашақ мамандардың бойында кәсіби іс-әрекет үшін маңызды білім, білік, дағдыларды, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталатын оқытудың кәсіби-бағдарланған технологияларын жатқызады. Ф.Ялалов [47,с. 90] білім берудегі практикаға-бағдарлық тұғырдың мақсаты ретінде студенттердің білім, білік, дағдыларды және іс-әрекет тәжірибесін меңгеру кезіндегі, олардың бойында кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттердің қалыптасуын түсіндіреді.

Сонымен, жоғарыда дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда жүйелік, синергетикалық, біртұтастық, іс-әрекеттік, практикаға-бағдарлық тұғырлардың маңыздылығын аша отырып, келесі құзыреттілік тұғырға тоқталамыз.

Білім беру саласында ***құзыреттілік тұғырдың*** белсенденуіне байланысты «құзыреттілік», «құзырет», «негізгі құзыреттер» терминдері жаңа сапалы білім беру мәселелерін талқылаған кезде жиі қолданылып, барынша кеңінен таралуда. Әдіснамалық сипаттағы бұл зерттеулер *негізгі құзыреттердің жалпы идеясын педагогикалық концепт пен шынайы болмысқа ауыстырудың негізгі жағдайында практикалық жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді*.

Білім берудегі құзыреттілік тұғырының негізгі категориясы «біліктілік» ұғымы осы уақытқа дейін еңбекті ұйымдастыру мен басқару саласында, кәсіби психологияда белсенді қолданылады және жаңа әлеуметтік-білім беру тұжырымдамасы тұрғысынан ары қарай даму үстінде.

Құзыреттіліктің күрделі кіріктірушілік сипатын маманның мінездемесі, оның тиімді кәсіби іс-әрекетке деген қабілеті ретінде белгілей келе, шетелдік басқару үлгілерінде оның үш деңгейін көрсетеді:

1) *кіріктірушілік құзыреттілік* – білім мен біліктерді және тез өзгеретін сыртқы орта жағдайында оларды пайдалануды кіріктіру қабілеті мүмкіндігі;

2) *әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік* – адамдардың мінез-құлығын, олардың іс-әрекетіндегі мотивацияны қабылдау, түсіну саласындағы білім мен біліктер, жаңашырлықтың және коммуникативтік мәдениеттің жоғары деңгейі;

3) *басқару іс-әрекетінде* шешімдер қабылдаудың, ақпарат жинаудың, адамдармен жұмыс істеу әдістеріндегі және т.б. нақты саласындағы құзыреттілік

Психологиялық тұрғыдан А.К.Маркова, құзыреттілік – ол нақты адамның сипаттамасы, дәлірек айтқанда, мамандық талаптарына сәйкес келу дәрежесі жайындағы жеке мінездемесі, деп белгілейді. Оның айтуынша, қазіргі кезде құзыреттілікті көбінесе психикалық қасиеттердің үйлесімділігі; өздігінен және жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік беретін психикалық күй түрінде, адамның белгілі бір қызмет түрлерін орындай алу қабілетін игеру ретінде анықтайды. Құзыреттіліктің адам бойында болуы туралы оның еңбек нәтижесінің сипатынан аңғаруға болады. Әрбір педагогтардың атқаратын жұмысы аталған кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижелеріне қойылатын талаптарға қалай жауап беретін болса, оның құзыреттілігі де сондай дәрежеде болады. Құзыреттілік туралы оның жұмыс нәтижесіне қарамай, мысалы тек талпынысына қарай айтқан заңсыз болып табылады. Құзыреттілікті оның білімділігіне түйістіруге болмайды. Бұл орайда, А.К.Маркованың ойынша, нақты адамның құзыреттілігін оның кәсіби шеберлігімен шатастыруға болмайды. Яғни, «адам жалпы өз саласында кәсіпқой болуы мүмкін, бірақ барлық кәсіби мәселелерді шешуге құзыретті болмауы мүмкін», деп ол өз көзқарасын түсіндіреді [48,с. 33-34].

И.В.Гришина да құзыреттілікті кәсіби біліктіліктің бір бөлігі ретінде санайды, бұл арада ол оны шарттайды және онымен мүмкіндік категориясы

ретінде сәйкестендіреді. Құзыреттілік тұлғаның әлеуеттік мүмкіндігі тәрізді тиімді кәсіби іс-әрекетке әкелуі үшін, белгілі объективтік жағдайлар, тиісті мотивация, ерік жігері және алған білімдердің белгілі белсенділігі қажет. Сонымен қатар, ол құзыреттілікті – «тұлғаның мүлде тұрақты атрибуты емес, керісінше, ол іскерлік жетілудің, кәсіпқойлықтың үздіксіз даму үдеріснің нәтижесі болатын, аса серпінді құрылым» деп көрсетеді [49,с. 102].

А.М.Новиков «құзыреттілік» ұғымын «кәсіпқойлық» ұғымына балама түсінік ретінде қарастырады және қазіргі кезде адамның іскерлік қасиеттерін бағалағанда көбінесе «кәсіпқойлық» ұғымының орнына «құзыреттілік» қолданылатындығын көрсетеді. Бірінші ұғым, оның ойынша, технологиялық даярлыққа жатады. Екіншісіне компоненттері «базистік біліктіліктер» деп аталатын, кәсібиліктен жоғары сипаттағы мазмұны алынады. Бұл тұлғаның әрекеттер дербестілігі, кез келген іске шығармашылық көзқарас, үнемі білімін жаңартуға дайындық, ақыл-ой икемділігі, жүйелі және экономикалық ойлауға әзірлік, диалог жүргізе алу қабілеті, ұжымда бірлесіп қызмет атқаруға, әріптестерімен қарым-қатынас орнатуға дайын болу сияқты қасиеттері. Сонымен қатар А.М.Новиков құзыреттілік ұғымына шет тілдерін білгендікті, компьютерді меңгергендікті, экологиялық және экономикалық білімдерді, маркетингті, зияткерлік меншігін қорғауды енгізеді [50].

Студенттердің құзыреттілігін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. Атап айтқанда, Б.Т.Кенжебеков [51], Н.М.Аблязимова [52], К.С.Кудайбергенова [53], Б.Р.Қасқатаева [54], Б.Т.Барсай [55], Б.Ж.Еспенбетов [56] және т.б. ғалымдар кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық астарларын зерттеген.

Отандық ғалымдар кәсіби құзыреттілік ұғымының мәнін мына сипатта береді:

– *Кіріктірілген кәсіби-тұлғалық қасиеттер* (Фехро С.И., Колесникова Г.А., Шаметов Н.Р., Еспенбетов Б.Ж., Ковалев Д.А., Таипова М.К.);

– *Кәсіби іс-әрекетті атқаруға қабілеті мен дайындығы* (Кенжебеков Б.Т., Сыздыкова Г.У., Абирова М.А., Мирзахметов М.М., Аблязимова Н.М.);

– *Кәсіпке теориялық, практикалық дайындығының үйлесімділігі* (Қасқатаева Б.Р., Барсай Б.Т.);

– *Педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық тұрғыда ұйымдастыру шеберлігі, үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайындығы* (Калтаева Г.К.);

– *Сапалы жаңалықтарымен сипатталатын тұрақсыз көрсеткіш* (Кудайбергенова К.С.).

«Құзыреттілік» түсінігін кәсіби ғана емес, сонымен қатар «мамандыққа дейінгі», «мамандықтан кейінгі» де адамның қасиеттерін сипаттауға қолданылуы ғылыми және кәсіби айналымға «*кәсіби құзыреттілік*» терминін енгізуге міндеттейді [57].

Кәсіби құзыреттілік тар мағынада біліктілік талаптары аясында еңбек қызметтерін жүзеге асыру үшін тікелей маңызды болып табылатын, тұлға

қасиеттері жиынтығының сипаттамасы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда кәсіби құзыреттілік тұлғаның еңбегі мен технологиялық үдерістерін талдау, техникалық құжаттар мен тапсырмалардың талдамасы, еңбек үдерісінің орындалудағы ағатсыздық, технологиялық талаптарды сақтау, қосымша біліктіліктерді меңгеру, мәдениет пен жұмысты ұйымдастырудың жоғарғы деңгейі, технологиялық үрдісте пайда болатын ауытқушылықтарды уақытымен жою және т.б. сияқты іс-әрекет элементтерімен ұсынылған, кәсіби қасиеттерінің негізі болатын, кәсіби құзыреттердің меңгерілуін болжайды [58,с. 454].

Кең мағынадағы кәсіби құзыреттілік кәсіби іс-әрекетпен сәйкестіктегі «құзыреттілік» сөзінің синонимі ретінде түсіндіріледі және осы жағдайда ол кәсіби және кәсібиден жоғары құзыреттердің барлық спектріне бағдарланған. Аталған тұғырдың төңірегінде кәсіби құзыреттілік өз құрылымында бірқатар құрамдас бөліктері бар көпкомпонентті құбылыс ретінде көрінеді.

Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі - кәсіпке теориялық, практикалық дайындығының үйлесімділігі, үнемі өзін-өзі жетілдіруге және кіріктірілген кәсіби-тұлғалық қасиеттері мен субъект еңбегінің сапалық сипаттамасы арқылы ашылатын көрсеткіші [59].

Ол, сонымен қатар, ауқымды шеңбердегі мамандықтардың негізі болып табылатын және өндірістегі, әлеуметтік тәжірибедегі өзгерістерде де өз мәнін жоғалтпайтын кейбір өзекті кәсіби маңызды қасиеттер мен мінез-құлық түрлері байқалатындығын көрсетеді. Кәсіби құзыреттіліктің сипатталған әрбір түрі жалпы кәсіпаралық компоненттердің белгілі бір жиынтығын қамтиды. Осылайша, арнайы құзыреттілік өндірістік үрдістерді жоспарлай білу, техникамен жұмыс жасай алу, техникалық құжаттарды оқи алу, қол дағдылары сияқты қабілеттердің болуын болжайды; тұлғалық құзыреттілік – өз іс-әрекеттерін жоспарлау, бақылау және реттеу, өздігінен шешім қабылдай алу қабілеттері; ерекше шешімдерге келу (жасампаздылық), икемді теориялық және практикалық ойлау, мәселені алдын ала көре алу, жаңа білімдер мен біліктерді өздігінен иелене білу; дербес құзыреттілік – мотивация, табыс ресурсын, жұмыстың сапалылығына деген талпыныс, өзін-өзі ынталандыру қабілеті, өзіне сенімділік, оптимизмді білдіреді [48,с. 34-35].

Психология-педагогикалық әдебиеттерде ұсынылған кәсіби құзыреттілікке қатысты түрлі көзқарастарды жалпылай келе, Б.С.Гершунский оның төмендегідей қарастырылатындығын келтіреді:

- тұлғалық білім, кәсіби шеберлікке апаратын жолдағы аралық кезең;
- тұлғаның қажеттілік-мотивациялық, операциялық-техникалық салаларының және өзіндік рефлексияның тұтастығы;
- кәсіби шеберліктің деңгейі.

Кәсіби құзыреттілік тұлғаның өзінің кәсіби іс-әрекетін меңгеру дәрежесінің сапалы сипаттамасы сияқты белгіленеді және келесі реттегілерді болжайды:

- аталған іс-әрекетке өзінің түрткі болған ниеттерін: қажеттіліктер мен қызығушылықтарды; талпыныстар мен құндылық бағдарларды; іс-әрекет түрткілерін, өзінің әлеуметтік рөлдері туралы түсініктерді сезіну;

- болашақ маман ретіндегі өзінің жеке қасиеттері мен қырларын: кәсіби білім, білік, дағдыларды, кәсіби маңызды қасиеттерді бағалау;
- соның негізінде өзінің кәсіби қалыптасуын реттеу [60,с. 57-62].

Құзыреттілікті анықтаудағы барлық тұғырлардағы ортақ белгі болып, оның практикалық іс-әрекет барысында қалыптасып байқалатындығы туралы түсінік саналады.

Жалпы бүгінгі күнде әлемдік білім беру тәжірибесінде құзыреттілік ұғымы негізгі, өз кезегінде «түйінді» ұғым болып табылады. Себебі құзыреттілік, біріншіден, білім берудің зияткерлік және дағдылық құрамдас бөліктерін біріктіреді; екіншіден, аталған ұғымда «нәтижеден», («шығатын өнімге арналған стандарт») қалыптасатын білім берудің мазмұнын түсіндірудің идеологиясы жатыр; үшіншіден, негізгі құзыреттілік біріктіруші табиғатқа ие, өйткені ол өзіне бірқатар аса жақын немесе біртектес, мәдениет пен іс-әрекеттің ауқымды салаларына жататын (ақпараттық, құқықтық және т.б.) білімдер мен біліктерді қабылдап алады.

Негізгі құзыреттерді анықтау мәселесі мән-мәтінінде *«құзырет»* ұғымы да жаңа мағынаға толыға бастайды, орыс тілінде ол бірнеше мән береді.

В.Г.Горбтың айтуынша [61], маманның басты құзыреттері білім беру стандарттарында басқа да негізгі дидактикалық бірліктермен қатар бекітілуі қажет, ал оларды белгілеу болашақ іс-әрекеттің сипатына қарай жүргізіледі. Іс-әрекеттің сипаты ретінде, кәсіби іс-әрекеттің негізгі объектілерінің арасындағы қатынасты түсіндіреді: *«адам - адам», «адам - машина», «адам – теориялық білімдер», «адам – практикалық біліктер»* және т.б. Егер болашақ маманды даярлау деңгейіне қойылатын әлеуметтік шартталған талаптар құзырет деп аталатын болса, онда осы талаптарға сәйкестілік деңгейін құзыреттілік деп белгілеу керектігін орынды деп санайды [62].

Білім беру үдерісін құзыреттілік тұғырға қайта бағдарлау білім беру іс-әрекетінің әдіснамалық және дидактикалық негіздерін айтарлықтай қайта қарастыруын, әдістемелік материалдардың және барлық деңгейдегі білім беру ісінің тәжірибесінде оны жүзеге асыру құралдарын жетілдіруді талап етеді. Алайда білім берудің бұл жаңа тұғырын енгізу табыстылығының анықтаушы факторы білім беру жүйесінің сапасы ретіндегі үздіксіздікті қарастыру қажет. Себебі үздіксіз білім беру жүйесі қамтамасыз етіп отырған субъективтік және объективтік сипаттағы кез келген қажеттіліктермен сәйкес білім беру деңгейін үнемі тереңдету, арттыру мен кеңейту мүмкіндігі, екпінді оқыту барысындағы білімді меңгеруден практикалық әрекеттің әмбебап тәсілдерін игеруге ауыстыруға мүмкіндік береді.

Қарастырылған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар кәсіби білім берудің ерекше өзіндік саласы ретінде педагогикалық білім берудің мақсатқа бағытталып дамуы және орынды қайта өзгеруі үшін негіз болып табылады. Олардың қолданылуы өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі басқарудың негізінде оның жүйелілігін, тұтастылығын қамтамасыз етеді, білім беру жүйесі таныстырылымының барлық деңгейлерінде өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту тетіктеріне сүйену мүмкіндігін білдіреді – оқу қоғамдастықтарының

деңгейінде қалай болса (барлық білім беру салалары, оның аймақтық құрамдас бөліктері, нақты оқу мекемесі, оқу тобы және т.б.) дәл солай тұлғалық деңгейде де (білім алушының, педагогтың) жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда ***әдіснамалық ұстанымдар*** басшылыққа алынуы қажет. Олардың бірқатарына тоқталып өткенді жөн көрдік.

– *Іс-әрекеттік тұғырда тиімді басқару ұстанымы* – еңбектің, уақыттың, қаржылық ресурстардың және психикалық күштердің ең аз шығынды қолайлы жолмен білім беру жүйесін басқарудағы түпкі мақсатқа жетуді көздейді. Аталған ұстанымның жүзеге асырылуы білім беру саласының барлық деңгейлерінде ұйымдастыру формалары мен басқару технологияларын мақсатқа бағытталған және орынды таңдалуын талап етеді, яғни тұтас ішкі жүйесінен бастап нақты білім беру мекемесіне, оның құрылымдық бөлімшелеріне (факультет, кафедра және т.б.) дейін.

– *Ұйымдастыру мен басқарудың дуальді ұстанымы* – эволюция жүйесінде екі жақты мұралық тетіктерді белгілеуге бағдарлайды, оның бірі жүйенің тұрақтылығын, өткеннің сақталуын, ал екіншісі – өзгергіштікті, болашақ мәліметтерінің жинақталуын білдіреді. Біріншісі уақыт бойынша құрылымдық ақпаратты, ал екіншісі – мүмкін болатын өзгерістердің шегі мен параметрлері туралы ақпаратты береді. Кәсіби-педагогикалық білім берудің тәжірибесінде аталған ұстаным жүйенің қызметін және дамуын басқару қажеттілігіне, жаңашыл іс-әрекетпен тарихи-мәдени талдауынан шығатын тәжірибенің үнемді үйлесуіне бағыттайды.

– *Кәсіби-салалық және психологиялық-педагогикалық даярлықты кіріктіру ұстанымы* – білім берудің аталған түрінің ерекше, қосбірлік мәнін білдіреді. Бір жағынан, ол педагогикалық білім берудің өзге бір түрі, саласы болып табылады. Алайда кәсіби білікті педагог алдымен өзі сол мамандықты теориялық және технологиялық деңгейде жақсы игеруі қажет, яғни бұл оған сол саланың педагогы болуға құқық береді. Бұл білім беру мазмұнында аталған мамандықтың білім беру бағдарламасында айқын көрсетілген кәсіби-технологиялық бағыттылықта байқалады және кейбір зерттеушілерге кәсіби-педагогикалық білімнің педагогикалықпен білім беру түрімен ресми сипаттағы байланыс туралы айтуға мүмкіндік береді [63,с. 151]. Кәсіби білікті педагогы – ол, алдымен, өз саласының (мамандығының) шебері, бірақ оқытуға бағдарланған адам.

– *Психологиялық-педагогикалық даярлықтың әдіснамалық маңыздылық ұстанымы* – дуальді білімнің екі компонентінің кіріктірілгеніне қарамастан мамандықтың білім беру бағдарламасындағы бірлік бірдей белгіленбейтін олардың арасындағы қарым-қатынасының сипатын көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық даярлық әдіснамалық негіздің ерекше орнына ие, себебі ол мамандықты игерудің сапалы басқа деңгейін қамтамасыз етеді және оны толық сезінумен, оның барлық құрамдас бөліктеріне қатысты үнемі орын алатын рефлексиямен, кәсіпқойлық пен кәсіби шеберлікке жетудің тәсілдері және

жолдарымен байланысады.

– *Кәсіптік білім берудің экономика және еңбек нарығының құрылымы бойынша жүйелі шарттық ұстанымы*. Бұл ұстаным кәсіптік білім берудегі мамандықтардың белгілеуі өзекті сұраныстарға бағытталып және мүмкіндігінше, елдің экономикалық дамуының келешектегі қажеттіліктеріне сәйкес келуін талап етеді. Осыған байланысты педагогикалық білім берудің оқыту бағдарламаларының, базалық білімнің білім беру стандарттары мен кәсіби стандарттарының, сонымен қатар басқа да нормативтік құжаттарының (мамандықтар, бағыттар, профессиограммалар, біліктілік анықтамалар тізімдерінің және т.б.) сәйкестік мәселесі белсендірілуде. Аймақтық қырдан алғанда бұл ұстаным аймақтық экономиканың кәсіби-біліктілік құрылымына мамандарды даярлау бағдарын және оның сандық-номенклатуралық қажеттіліктерін білдіреді.

– *Білім берудің ұтқырлық ұстанымы* – «қоғамның сұраныстары мен қазіргі білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін білдіретін, білім берудің жаңа ұтқырлы экономикалық құрылымдық түрлерін іздеуді» болжайды [64,с. 172]. Бұл ұстаным инженер-педагогикалық білім беру жүйесінің барлық өзгерістерге – ішкі жүйелік және сыртқы өзгерістерге де икемді жауап қайтару қажеттілігін білдіреді.

– *Білім беру жүйесінің ашық ұстанымы*. Бұл ұстанымның маңыздылығы қоғамның үнемі құбылмалы қозғалыстағы жағдайында тұлға білім алу мекемесінен шығып қалу жағдайына кез болу мүмкіндігімен анықталады. Тар шеңберлі мамандандыру тәуекелдің барлық шығындарын тұлғаға жүктейді, себебі түлектерге арналған үлестіру жоспары болмағанда және кепілді жұмыс орындары бөлінбеген жағдайда, қоғам олардың тағдыры үшін жауапкершілікті өзіне алмайды. Сонымен қатар «адами» капитал және әлеуметтік қысымның өсуі салдарынан мұндай жағдайда қоғамның өзі де орны толмас шығындарға тап болады. Сондықтан білім берудің салыстырмалы шамалы кезеңдерінің болуы да, дәл солай оның тұйықсыздығы да маңызды (егер қайта бағдарлану қажет болған жағдайда, бәрін басынан бастамау мүмкіндігі). Тұйықсыздық білім берудің нақты саласымен айналысатын білім беру мекемесінің өзінің де ұзақ мерзімде тіршілік етуіне қажетті жағдайы болып табылады [65,с. 139-143].

– *Білім берудің іргелілендіру мен практикалық бағдарлылығының бірлік ұстанымы.* Қоғам өмірінің өзгерістер қарқыны және технологиялардың ауысуы соншалықты жоғары, кейде оқуды аяқтаған соң таңдап алған саласында жұмыс атқаруға дайын маманды даярлап шығару қиынға соғады. Сондықтан маманды даярлап шығару мерзіміне қарай технологиялардың жағдайын, сонымен қатар әр маман жұмысының мазмұнын алдын ала нақты болжай білу қажет немесе түлекті қысқа мерзімде болашақ іс-әрекетіне өздігінен жылдам бейімделіп даяр бола алатындай қылып оқыту қажет. Осы жағдай білім беру мазмұнына барынша іргелі білімдерді іріктеп алу мәселесін белсендендіреді, себебі «тек іргелі білім беру ғана уақыт өте келе ескірмейтін білімдер береді және болмысынан әмбебап болып, кез-келген жаңа ортаға тез бейімделуге көмек көрсетеді» [66,с. 15]. Бұл арада, В.И.Байденко атап көрсеткендей, «тәжірибелік

іс-әрекеттің дамушы контекстіне бағдарланған интеллектуалдық негіз кәсіпқойлықтың маңызды факторы болып табылады, жалпы және кәсіби білім берудің фундаменталдығы мен мамандандырудың арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге ықпал етеді».

– *Білімділік пен кәсіби білім беру деңгейін бөлу ұстанымы.* Оның мәні – оқыту мерзімін екі кезеңге бөлу абзал. Біріншісі – ескірмейтін және сонымен қатар жеке кәсіби даярлықтың негізі болып табылатын іргелі білімдерді меңгеруге бағытталу қажет. Екіншісі, «маман деңгейіне дейін жеткізу және болашақ іс-әрекетке бейімделудің алғашқы сатысы» болып табылатын кәсіби білімнің жеке бір кезеңі «қоғам мен технологиялар аса өзгере қоймайтындай» уақыттың айтарлықтай қысқа мерзімінде үлгеруі қажет [66,с. 14-15]. Осы жағдайда ғана түлектің білім беру жүйесінен шығатын кезінде мағынасы ескірген, яғни қажетсіз біліммен «қаруланды» деген қауіпті ықшамдауға болады.

– *Көп бейінді білім беру ұстанымы* – оқыту барысында қосымша мамандықты иелену мүмкіндігі қарастырылатын жағдай, бұл өзгерістер болған кезде тұлғаға қосымша сақтандыру болып табылады және білім беру траекторияларының қажетті алуандылығына жетумен байланысты. Ресейлік ЖОО үшін бұл айтарлықтай жаңа жағдай, бірақ ол қоғамдық құрылыстың қалыптасушы моделіне толық сәйкес келеді [67,с. 21].

Дуальді білім беру өзінің объективті рәсімдік аспектісінде «адамды нақты бір мамандық бойынша іс-әрекетке даярлауға, кәсіби-педагогикалық қызметтердің толық спектрін орындауға, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі тиімді жүзеге асыруға қабілетті тұлғаны қалыптастыру үдерісін» ұсынады.

Дәстүрлі жүйе бойынша немесе *кибернетикалық* ұстаным тұрғысынан тәрбиелеу, оқыту, жеке тұлғаны қалыптастыру әдетте педагогқа басқарушының ал білім алушылар мен тәрбиеленушілерге басқарылатындар рөлі бөлінетін үдерістер (және жүйелер) ретінде қарастырылады. Педагогикалық басқарудың өзі білім беру үдерісі субъектілерінің тікелей және кері ақпараты арқылы мақсатты өзараәрекеттесуінен тұрады, соның салдарынан бүкіл жүйе үздіксіз өзгереді және осы өзгерістердің себебі басқару болады.

Бұл әдіснамалық негіздер оқу үдерісін ұйымдастыруда әртүрлі білім беру тұғырларын, құндылықтық-мақсатқа бағдарланған көзқарастарды, педагогикалық технологияларды және әртүрлі дидактикалық құралдарды оның әдіснамалық тұтастығын бұзбай үйлесімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Осылайша, бізбен таңдалған әдіснамалық негіздердің біздің зерттеуіміздің мақсаттарына сай деп есептейміз.

1.3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Алдыңғы 1.1 параграфта «дуальді білім беру», «педагогикалық білім беруде дуальді оқыту», «дуальді-бағдарлық оқыту», «болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымдарының мәнін

айқындадық. Ал осы параграфта «іс-әрекет, «кәсіби іс-әрекет», болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекеті» ұғымдарының мәнін нақтылап, психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтауға талпындық.

Кәсіби іс-әрекет түсінігінің мәнін нақтылауда, алдымен ғылыми әдебиеттердегі «іс-әрекет» ұғымының мәнінінің анықталуына назар аударды қ. «Іс-әрекет» гуманитарлық ғылымдар жүйесінде негізгі ұғымдардың бірі және оны XVIII ғасырда философияға ғылыми термин тұрғысынан И.Кант енгізді. XIX ғасырда Г.Гегель, Л.Фейербах, К.Маркстың еңбектерінде ғылым әдіснамасының негізгі категориясы болып, оның мәні мен мазмұны толықтырылды [68].

XX ғасырда С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, Н.А.Бернштейн, А.Р.Лурия, П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, А.В.Запорожец, Б.Ф.Ломов, В.В.Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде іс-әрекет теориясының негіздері жан-жақты анықталып, сипатталған. Алайда, *бүгінгі күнге дейін ғылыми әдебиеттерде іс-әрекет категориясын ғалымдар әр түрлі мағынада қолданады.*

Отандық ғалым психолог С.М.Жакупов іс-әрекет теориясының В.М.Бехтеревтің объективті рефлексологиясымен, К.Н.Корниловтың реактологиясымен, Дж.Уотсонның бихевиоризмімен, Л.С.Выготскийдің тарихи-мәдени тұжырымдамасымен негізделетіндігін көрсетеді.

Зерттеу барысында біз іс-әрекет теориясының кезеңдермен зерттелуін топтастыруға талпындық (кесте 4).

Кесте 4 – Іс-әрекет теориясының кезеңдермен зерттелуі

Ғалымдар	Ғылым саласы	Теориясы
Х1Х-ХХ ғасыр аралығы		
И.М.Сеченов, В.М.Бехтерев, И.П.Павлов және т.б.	физиология саласында іргелі зерттеулер	адам психикасын зерттеудегі іс-әрекеттік амалды негіздеді
ХХ ғасырдың басы		
Л.С.Выготский және т.б.	психологияда	іс-әрекеттік тұғырдың бағыттарын белгілеп көрсетті
ХХ ғасырдың ортасы		
С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, В.Н.Мясищев, Б.М.Теплов, Б.Г.Ананьев, Н.А.Бернштейн, В.Запорожец, Н.Д.Левитов, К.К.Платонов, П.Я.Гальперин, А.А.Смирнов, Д.Б.Эльконин және т.б.	нейро және патопсихологияда, шығармашылық психологиясында, адамтануда, психофизиологияда, еңбек психологиясында, балалар және педагогикалық психологияда	субъекттік-іс-әрекеттік тұғыр идеясының жүйесін негіздеді және іс-әрекеттің жалпы психологиялық теориясын құрастырды
ХХ ғасырдың соңы		
Б.Ф.Ломов, В.Д.Шадриков, А.В.Брушлинский, Е.А.Климов және т.б.	психологияда	әрекет, іс-әрекет және психикалық теориясы үдеріс ретінде; еңбек өнімді іс-әрекет ретінде; адам еңбек субъектісі ретінде; тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерін қарастырды
ХХI ғасыр		
Қ.Жарықбаев, С.М.Жакупов, Ж.Намазбаева, О.Саңғылбаев, М.Перленбетов және т.б.	психологияда	субъект пен объектінің арасындағы қатынастарды сипаттайтын ұғым

Кестеде «іс-әрекет» теориясының психолог ғалымдармен Х1Х-ХХ ғасыр аралығы, ХХ ғасырдың басы, ХХ ғасырдың ортасы, ХХ ғасырдың соңы, ХХI ғасырда зерттелуі кезеңдерінде оның заманауи талаптарға сәйкес маәмұны толықтырылғанымен, оның тұлғаның дамуы мен қалыптасуы процесінде негізге алынатын әдіснамалық амал тұрғысынан қарастырылуы бәріне ортақ.

Сонымен, аталған ғалымдардың көрсетуінше нақты *ғылыми-психологиялық деңгейде* іс-әрекет саналы түрдегі іс-әрекетке негізделген адамның іс жүзіндегі өмірлік үдерістерінің жиынтығын білдіреді. Сонымен бірге, қызмет адам психикасы тудыратын ішкі қарама-қайшылықтар мен өзгерістерді өз ішінде жүзеге асырады, ол өз кезегінде іс-әрекеттерді өткізудің шарты ретінде әрекет етеді.

Дейтұрғанмен, психологияда «іс-әрекет» ұғымы *философиядан алынған.* Іс-әрекеттің ең кең философиялық анықтамасы – тұтас алғанда адамның

қоғамда өмір сүруінің тәсілі. Егер біз адамның нақты өмір сүру тәртібінің сипатын түсіндірсек, онда ол адамның өзін өзгертуіне және қайта қалыптасуына бағытталған белсенді қатынастардан тұрады [69,б. 85-86].

Атап айтқанда, *философияда* «іс-әрекет» термині «табиғи-әлеуметтік шындықты мақсатты түрде қайта құруда адамның әлеуметтік-тарихи объектісінің нақты түрін» білдіреді [70,б. 204]. Бұл жағдайда белсенділік көбінесе феноменнің, үдерістің қажетті сапасының пайда болуының түсіндірме принципі ретінде немесе ол бірлескен үдерісте анықталған байланыстар мен тәуелділіктерді талдаудан тыс проблеманы шешу құралы ретінде қарастырылады.

Ал, педагогикада іс-әрекет «адамның қоршаған болмысымен өзара әрекетінің арнайы белсенді формасы ретінде анықталады, оның мазмұнын адамдардың мүдделері үшін масқатты өзгертуі мен қайта жасауы құрайды, ол мақсат, құрал, таным нәтижесі мен үдерісті қамтиды» [71,б. 146].

Осы айтылған ойларды философ, психолог, педагог ғалымдардың «іс-әрекет» ұғымына берген анықтамалары дәлелдейді (кесте 5).

Кесте 5 – Ғалымдардың «іс-әрекет» ұғымына берген анықтамалары

Авторлар	Анықтамалар
1	2
Г.Гегель	қоршаған әлем заттарына арнайы адами қатынас ретінде және нәтижесінде адамзаттық қажеттіліктерді қанағаттандыратын, заттар жасауда «түрткі болудың» нәтижесі ретінде қарастырады. Іс-әрекет – ең алдымен, таза ойлау, ал заттық – тек рухтың, ойлаудың тоқырауы болып саналды
И. Кант	субъектінің объектіге қатынасын басқарудың екі бастама мәселесін ұсынды – танымдық және адамгершілік, біріншісі іс-әрекет формаларын және оны операциялық құрылым деп атауға болады, ал екіншісі – іс-әрекеттің бағытын, мәнін және бағасын анықтайды
С.Л.Рубинштейн	субъектінің қоршаған әлемге қатынасы: «адамның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өмірдің өзі қоятын міндеттерге белгілі қатынасы арқылы жүзеге асырылатын үдеріс. Сана мен іс-әрекет бірлігінің принципін біріктіріп: психикалық бейнеленуі, сана іс-әрекетінің белсенділігімен байланысты, сонда тіршілік етеді, онымен анықталады.Осы принципке сәйкес сана іс-әрекеттен туындайды
А.Н.Леонтьев	өмір бірлігі (жүйелік бөлшегі). Іс-әрекеттің құрылымдық копоненттері: қажеттілік, мотив, мақсат, міндеттер, құралдар мен тәсілдер, операциялар мен жекеленген әрекеттер, нәтиже. Іс-әрекеттің «айналмалы құрылымы» және «екіжақты өту» жүзеге асырылады, яғни «заттың – іс-әрекет үдерісіне» және «іс-әрекеттің субъективті өнімге» өтуі жүзеге асады
Л.С.Выготский	мәдени-тарихи тұжырымдамасын іс-әрекет бағыты негізінде құрған. Адамның күйін түсіну үшін мидың іс-әрекетін емес, адамды зерттеу керек. Іс-әрекет бағытында көптеген психикалық үдерістер түсінікті болады

5– кестенің жалғасы

1	2
Р.С. Немов	«адамның өзін және болмысты шығармашылықпен қайта құруға, жетілдіруге бағытталған адамзат белсенділігінің арнайы түрі» М.Г.Ярошевский заттық болмыста субъектінің жанамаланған қатынастарды жүзеге асыру және объектіде психикалық бейнені құру мен қайта жаңғырту, қоршаған әлеммен субъектінің өзара әрекетінің динамикалық жүйесі деп түсіндірді.
А.А.Люблинская	«белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттер, практикалық және ақыл-ой әрекеттерінің жүйесі»
В.Д.Шадриков	«қоғамдық тәжірибені меңгерумен және қоғамдық-маңызды құндылықтарды құрумен байланысты, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған іс-әрекет субъектісінің болмысқа белсенді қатынасы»
орысша-қазақша түсіндірме сөздік	субъект пен объектінің арасындағы қатынастарды сипаттайтын ұғым
әлеуметтану және саясаттану бойынша сөздік	алдын-ала ұйымдастырылған, мақсатқа бағытталған, ақылға сай индивидуалды әлеуметтік іс-әрекеттің түрі немесе түрлері
психологиялық-педагогикалық сөздік	философиялық, социологиялық және психологиялық категория: бүкіл қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар зерттейтін құбылыс; адамның немесе топтың және дүниенің өзара әрекеті; соның процесінде адам дүниені және өзін-өзі саналы, мақсатты бағытталған түрде өзгертеді
Ә.Алдамұратов	адамның белгілі мұқтаждығын қанағаттандыруға арналған белсенді қылықтары
Қ.Жарықбаев	адамның тіршілік ету тәсілі; адамның мақсаттарын қайта құрудан және оған бағынудан құралатын, тұлғаның сыртқы әлемге деген қатынасының өзгеше тәсілі
С.М.Жакупов	адамның әлеуметтік ортада мақсатқа бағытталған белсенділігі
Ж.Ы.Намазбаева О.С.Сангилбаев	адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс жүзінде көрінісі
Сәбет Бап-Баба	саналы түзілген мақсаттың орындалуына бағытталып, қоғамдық мәнді құндылықтар немесе әлеуметтік тәжірибені игеруге байланысты субъекттің болмысқа деген белсенді қатынасының формасы
Ш.Т.Таубаева С.Т.Иманбаева А.Е.Берикханова	қоғамдық және жеке тұлғалық маңызды нәтиже беретін бір мақсатқа бағытталған белсенділік
М.А.Асылханова	адамның әлеммен қарым-қатынасының динамикалық жүйесі

Жоғарыда берілген анықтамаларды талдау «іс-әрекет» ұғымының ғылымда қарастырылу амалын көрсетті (сурет 2):

- материя қозғалысының әлеуметтік нысаны (Л.И.Уманский, Э.С.Маркарян);
- адамзаттың өмір сүру феномені (С.Л.Рубинштейн);
- адамның объективті әлемін бейнелеу тәсілі (Л.С.Выготский, Қ.Жарықбаев);
- адамның шындықты белсенді түрге айналдыру мүмкіндігі (В.Д.Шадриков, Намазбаева Ж.Ы., Сангильбаев О.С., Сәбет Бап-Баба);

- белгілі бір себептерге сәйкес келетін әрекеттер жүйесі (А.Н.Леонтьев);
- адамның іс жүзіндегі өмірлік үдерістерінің жиынтығы (М.Г.Ярошевский);
- іс-қимыл жасау және қарым-қатынасының динамикалық жүйесі (А.А.Люблинская)
- мақсатқа бағытталған белсенділік (С.М.Жакупов, Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берикханова).



Сурет 2 – Ғылыми әдебиеттерде іс-әрекет ұғымының қарастырылуы

Сонымен, адам іс-әрекетке өзінің санасында көрініс табатын алуан түрлі қажеттіліктермен, осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға әкелетін объектілер мен әрекеттерге сәйкес бейнелер түрінде ынталанады. Мақсаттың болуы іс-әрекетке белгілі бағыттылық сипатын береді. Адамның іс-әрекеті – оның дамуының қажетті шарты. Іс-әрекет барысында өмірлік тәжірибе меңгеріледі, қоршаған болмысты таниды, білімдер меңгеріледі, біліктер мен дағдылар қалыптасады, соның нәтижесінде іс-әрекеттің өзі дамиды.

Осы айтылғандарды ескере отырып, зерттеу пәнімізге сәйкес ***іс-әрекет*** дегеніміз «мақсат қою, мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көріну әрекеттерінің жиынтығы», деп тұжырымдаймыз.

Зерттеу проблемасының тағы бір негізгі түйінді ұғымы ***«кәсіби іс-әрекет»*** *түсінігінің мәнін нақтылауға талпындық. Ол біз анықтаған «іс-*

әрекеттің» кәсіп түріне байланысты қолданылуына туындайды. Сол себепті «мамандық», «кәсіп» ұғымдарына мән береміз.

«Мамандық - қоғамға қажетті маңызды нәтижеге, өнімге жетуде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін тұлғаның кәсіби ерекшеліктерінің, кәсіби іс-әрекеттің түрлері мен формаларының, кәсіби міндеттер жүйесі» [72]. Нақты адам үшін *кәсіп* – адамның қоғам өміріне қатысатын және оның өмір сүруіне арналған материалдық құралдардың басты көзі болатын іс-әрекет [73]. Кәсіп жұмсалған еңбектің орнына, адамның тіршілік етуі мен дамуына қажетті құралдарды алуға мүмкіндік береді [74].

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында: «кәсіп – кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау нәтижесінде игерілетін, белгілі бір білім мен машықтарды талап ететін еңбек қызметінің түрі. Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде: кәсіп (профессия; лат. professio) – адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі. Кәсіп – адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған мамандығы, еңбек қызметінің негізгі түрі [75].

Н.В.Кузьмина кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктерін «еңбек пәні», «еңбек өнімі», «еңбек құралы», «еңбек нәтижесі» шеңберінде анықтаса [76,с. 115], З.М.Большакова кәсіби іс-әрекетті адамның табиғатпен, техникамен, қоғаммен және басқа адамдармен өзара әрекеттесу сфералары бойынша қарастырады [77, с. 69-75]. Н.А.Морева кәсіби іс-әрекетті мамандардың кәсіпке сәйкес лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруда орындауы қажет функциялардың, әрекеттердің, операциялардың жиынтығы деп санайды [78,с. 41].

Осы айтылған ойларға негізделе отырып біз диссертацияда болашақ педагогтың *кәсіби іс-әрекетін оның мамандығына сәйкес қарастырамыз. Ал бұл болса, педагогикалық кәсіби іс-әрекеті – педагогикалық іс-әрекет дегенді білдіреді. Осыған орай біз педагогикалық іс-әрекеттің мәнін нақтылай түсеміз.*

Қазақстанда жүргізілген бірқатар зерттеулер кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің түрлі аспектілері мен басымдықтарын қамтиды; атап айтқанда тұтас педагогикалық үдеріс мұғалім іс-әрекетінің объектісі ретінде (Н.Д.Хмель); тұлғаны құндылық бағдарлау жүйесіне мұғалімдерді даярлау (Г.К.Нургалиева); болашақ мұғалімдерді дидактикалық даярлау (М.А.Құдайқұлов, М.Нұғыманов, Т.С.Сабиров); кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті (Д.Г.Мухамедханова, А.К.Рысбаева және т.б.); педагогтың кәсіби-зерттеу мәдениеті (З.А.Исаева); мұғалімнің кәсіби-экономикалық бағдары (А.К.Ахметов) педагогикалық іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік сипаты К.М.Арынғазин, Х.Т.Шерьязданова, С.М.Жақыпов, С.Елеусізова, Б.Т.Кенжебеков зерттеулерінде тұжырымдалады.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау педагогикалық іс-әрекеттің негізінен педагогикалық міндеттерді шешудегі іс-әрекет, өнер, шығармашылық, үдеріс және т.б. ретінде қарастырылғанын көрсетті.

Өйткені, И.Б.Котова, Е.Н.Шияновтардың тұжырымдауынша [79], педагогикалық іс-әрекет - бұл аға ұрпақтың өскелең жас ұрпаққа адамзаттың

жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруге бағытталған әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі, қоғамда белгілі әлеуметтік рөлдерді орындауға даярлау және оларды тұлғалық дамыту үшін жағдайларды құруды білдіреді.

Шетелдік және отандық әдебиеттерде педагогикалық іс-әрекеттің қарастырылуын топтастырып көрсетеміз (сурет 3).

Сурет 3 – Ғалымдардың педагогикалық-іс-әрекетті қарастыру амалдары

Топтастырып атап өтетін болсақ, мәселен педагогикалық іс-әрекетті ғалымдар әр түрлі тұрғыдан қарастырған: *педагогтың инновациялық үдерісі* (М.М.Мұқаметқали және т.б.), *өнімді еңбек түрі* (Е.Г.Балбасова, Р.А.Макаревич, И.П.Раченко және т.б.), *кіріктірілген білім* (А.К.Ахметова және т.б.) *немесе ұйымдастырушылық үдеріс* (Л.И.Уманский және т.б.), *бірлескен зерттеу іс-әрекеті* (Т.Ф.Акбашев, А.Б.Терегулов және т.б.), *өзбетімен дербес дамушы жүйе* (З.В.Диянова және т.б..), *оқыту мен тәрбиенің модельдеуші үдерісі* (Н.В.Кузьмина және т.б.), *практикалық өнер* (Г.С.Сухобская және т.б.), *мұғалім мен оқушының*

бірлескен шығармашылығы (В.А.Кан-Калик және т.б.), *мета-іс-әрекет* (В.И.Гинецинский, В.Н.Козиев, Ю.Н.Кулюткин және т.б.).

Осы аталып өткен ғалымдардың педагогикалық іс-әрекетті ғылымда қарастыруында негізгі тірек ой мұғалімнің лауазымдық міндетінен туындап отыр. Өйткені ғылыми әдебиеттерде педагогикалық іс-әрекеттің тірек ұғымдары қатарында алынған категориялар мұғалімдік қызмет міндеттерін білдіреді. Мәселен, «тәрбиелеу», «білім беру», «оқыту», «үйрету», «оқу», «педагогикалық басқару» «педагогикалық үдеріс» (И.М.Кантор) категорияларын қамтитынын көрсетсе; екіншілері – «тәрбие», «оқыту», «білім беру», «мақсат», «тәрбиелік құндылық», «біртұтас педагогикалық үдеріс» (Б.Т.Лихачев); үшіншілері – «білім беру», «тәрбие», «оқыту», «даму» (В.М.Полонский, И.П.Подласый); төртіншілері – «тәрбие», «оқыту», «білім беру» (Н.В.Бордовская, А.А.Реан); бесіншілері – «тәрбие» және «білім беру» (В.И.Журавлев, П.П.Пидкасистый, М.Л.Портнов және т.б.) түсініктерінің жиынтығы ретінде анықтаған (4-ші суретте бейнеленген).

Сурет 4 – Ғалымдардың педагогикалық іс-әрекет ұғымының тірек категориялары

Суретте көрсетілгендей ғалымдардың педагогикалық іс-әрекет ұғымы құрылымының анықтамаларында аса алшақтық байқалмайды. Аталған ғалымдар педагогикалық іс-әрекеттің ұғымының мәні педагогиканың басты категориялары саналатын «тәрбие», «білім беру», «оқыту», «дамыту», «әлеуметтендіру» түсініктерінен құралатынын көрсетеді. *Біз өз тарапымыздан*

психологиялық-педагогикалық еңбектерді талдау негізінде аталған тірек ұғымдарға «өзін-өзі дамыту» ұғымын қосамыз. Осыған сәйкес білім алушыны ***тәрбиелеуге, білім беруге, оқытуға, дамытуға, өзін-өзі дамытуға, әлеуметтендіруге*** байланысты *іс-әрекеттердің барлығы педагогикалық іс-әрекет болып табылатындығын нақтылаймыз.*

Тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту, өзін-өзі дамыту *ұғымдарын жан-жақты талдау негізінде педагогикалық іс-әрекет құрылымының мазмұнын жасадық.*

Осылайша, педагогикалық категориялардың мәні олардың педагогикалық құбылыстардың тұрақты, маңызды, заңды қайталанатын белгілерін көрсетіп, аса жалпы іргелі ұғымдар болып табылуымен анықталады.

Егер «педагогикалық іс-әрекет» ұғымын негізгі кілттік ұғым ретінде қабылдайтын болсақ, онда оқыту, білім беру, тәрбие ұғымдары іс-әрекет ретінде қарастырылуы қажет. Айтылғандардан оқытуды, тәрбиені, білім беруді іс-әрекет нормасы тұрғысынан сипаттау қажет, нәтижесінде, абстрактілі модельдің болуы қажет, оның көмегімен оқытуды, тәрбиені, білім берудің сипаттауға және ажыратуға болады.

Демек, ***педагогикалық іс-әрекетті*** лауазымдық міндеттерін орындауда еңбек нәтижесіне қызмет құралдары арқылы қол жеткізу бағытындағы функциялардың, әрекеттердің, операциялардың жиынтығы, деп түсінеміз.

Осыған орай ғалымдардың «педагогикалық іс-әрекет» құрылымы мен функционалдық компоненттеріне берген сипаттамаларын топтастырамыз (кесте 6).

Кесте 6 – «Педагогикалық іс-әрекет» құрылымы мен функционалдық компоненттерінің сипаттамалары

Автор	құрылымы
1	2
Н.В.Кузьмина	функционалдық компоненттерді бөледі: гностикалық; жобалау; конструктивтік; ұйымдастырушылық және коммуникативтік.
А.И.Щербаков	а) конструктивтік; ә) ұйымдастырушылық; б) зерттеушілік компоненттерді жалпы еңбек іс-әрекетіне жатқызады. Алайда ұйымдастырушылық компонентке ақпараттық, дамыту, бағдарлау және мобильдік функцияларын, зерттеушлік компонентті жүзеге асыру мұғалімнен педагогикалық құбылыстарға ғылыми көзқарасты, эвристикалық ізденісті және ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеруді, оның ішінде өз тәжірибесі мен басқа мұғалімдердің тәжірибесін талдауды талап етеді. Конструктивтік компоненті ішкі өзара байланысты аналитикалық, болжамдық және жобалық функциялар ретінде ұсынады.
А.К.Дусавицкий	үш компонентке бөледі: а) «педагог-бала» өзін-өзі дамыту педагогикалық жүйесін жобалау»; б) сыныптағы оқушылардың даму үдерісін тікелей басқару; в) оқу іс-әрекетін қалыптастыру үдерісінің нақты нәтижелерін талдау, оларды бағдарламамен салыстыру және оны түзету

6– кестенің жалғасы

1	2
А.К.Маркова	үш буынды көрсетеді: а) мотивациялық-бағдарлы; ә) орындаушылық; б) бақылау-бағалау
О.А.Абдуллин	а) оқу үдерісін ұйымдастыру және оқушылардың танымдық іс-әрекетіне басшылық жасау; ә) оқушылармен сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүргізу және олардың өзін-өзі тәрбиелеуіне басшылық жасау; б) «халық арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізу және педагогикалық білімді насихаттау»; в) озық педагогикалық тәжірибені талдау, қорыту және жеке тәжірибені жинақтау; г) өздігінен білім алу жұмысы
И.П.Подласый	а) мақсатты болжау; ә) диагностикалық; б) болжамдық; в) жобалық; г) жоспарлау; д) ақпараттық; ж) ұйымдастырушылық; з) бағалау-бақылау; е) аналитикалық
И.Ф.Харламов	а) диагностикалық; б) бағдарлы-болжау; в) конструктивті-жобалау; г) ұйымдастырушылық; д) ақпараттық-түсініктеме; е) коммуникативтік-ынталандыру; ж) аналитикалық-бағалау; з) зерттеу-теориялық
Педагогика және психология сөздігі	а) ұйымдастырушылық (мектепте және мектептен тыс балалар-жасөспірімдер қозғалысының ұйымы); ә) оқыту (оқу үдерісін жүзеге асыру бойынша жұмыс); б) тәрбиелеу (оқушыларды тәрбиелеу және дамыту); в) әдістемелік (озық педагогикалық тәжірибені, ғылым жетістіктерін зерделеу); г) мұғалімнің өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу; д) басқару (білім беру мекемелеріне басшылық жасау); ж) ғылыми-зерттеу; з) мектептен тыс (тұрғылықты жері бойынша мектептен тыс мекемелерде жұмыс)
В.А.Сластенин	а) прогностикалық – педагогикалық іс-әрекет нәтижесін болжау және педагогикалық үдерісті модельдеу; ә) жобалау және конструктивтік – педагогикалық үдерісті жобалау және жоспарлау; б) ұйымдастырушылық – өзінің педагогикалық іс-әрекетін және оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру; в) коммуникативтік – тиімді педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін жағдай жасайтын тұлғааралық өзараәрекеттестік пен қарым-қатынас құру; г) рефлексивтік – өзінің педагогикалық іс-әрекетінің қорытындысын шығару
И.А.Зимняя	а) мақсатты ұйғарушы: бағдарлаушы, дамытушы, жұмылдырушы (оқушының психикалық дамуын ынталандырушы) және ақпараттық; ә) ұйымдық-құрылымдық: конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік және гностикалық
А.К.Ахметова	а) танымдық; ә) коммуникативтік; б) конструктивтік; в) іс-әрекет–практикалық
М.М.Мұқаметқали	а) конструктивтік; б) ұйымдастырушылық; в) коммуникативтік; г) гностикалық

Қазақстан Республикасында №133 бұйрығымен 08 маусым 2017 жылы бекітілген мұғалімдердің кәсіби еңбекке сәйкестілігін, кәсіби өсу деңгейіне қойылатын талаптар жүйесі ретінде *педагогтың кәсіби стандартында* бес еңбек функциясы анықталған: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік [80].

ҚР «Білім туралы» заңының 7 тарау 50-51 баптарында педагог қызметкердің мәртебесі, құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі анықталған [81].

Біз осы құжаттарға негізделіп және жоғарыда аталған еңбектерді талдау негізінде заманауи педагогтың функционалдық компоненттерін нақтылаймыз (кесте 7, сурет 5).

Сурет 5 – Педагогикалық іс-әрекеттің функционалдық компоненттерін топтастыру

Кесте 7 – Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекет құрылымының мазмұны

Функциясы	Әрекеттік	Мазмұны
1	2	3
Оқыту	оқу сабақтарын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жүргізу	дидактикалық білімдерді қолдана отырып, тәлімгер кеңестері немесе дайын әдістемелік нұсқаулар, талаптар мен ұсыныстарды есепке ала отырып жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқу сабақтарын жүргізу және т.б.
	оқыту ерекшеліктерін есепке алу	мектеп, колледж, жоо өзараәрекеттестігінде жас ерекшелік, психологиялық даму ерекшеліктерін оқыту үдерісінде ескеру және т.б.
	құрастыру	субъект-субъект өзараәрекеттестігінде оқу үдерісін ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ арқылы ұйымдастырып, конструктивті-мамзұнды іс-әрекет негізінде құру және т.б.
	жобалау	инновациялық-педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту үдерісін өз бетімен жобалау және т.б.
	бағадарлау	оқыту үдерісінде меңгерілген теориялық білімдерді практикалық әрекеттерде қолдануға бағдарлау және т.б.

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тәрбиелеу	педагогикалық этиканы және құндылықтарды сақтау	педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтау және жалпы адами, ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне қатысын көрсету және т.б.
	демократиялық стильді қолдану	білім алушылармен өзара қарымқатынаста демократиялық стильді қолдану және т.б.
	жасампаз рухта тәрбиелеу	жаңғырту, өркендету, жоғары эмпатиясы мен рефлексиясын дамыту, теориялық білімдерін инновациялық-шығармашылық тұрғыдан түрлендіріп көрсету және т.б.
	толеранттық көзқарасты қалыптастыру	басқа мәдениетке, басқа өмір салтына толерантты көзқарасты қалыптастыру және т.б.
Зерттеушілік	ақпараттандыру	ақпараттандыру, кері байланысты ұйымдастыру және оқушылардың білімін түзету және т.б.
	дамыту	оқыту, тәрбие және дамыту бірлігін көрсетіп, оқушылар іс-әрекетінің перцептивті, ойлау, эмоционалды, ерікті, т.б. компоненттерін басқаруды қамтамасыз ету және т.б.
	мәліметтерді жинақтау, талдау	оқушыларды деректерді талдауға, жалпылауға, топтастыруға, жіктеуге және жүйелеуге, себепті-салдарлы байланыстарды орнатуға, ұғымдарды, категорияларды, заңдылықтарды меңгеруге және қолдануға машықтандыру және т.б.
	эксперимент жүргізу	әлеуметтік-педегогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарау, ғылыми болжам жасай алу, жобалау және эксперимент пен іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізе алу және т.б.
	мониторинг жасау	мониторингтік зерттеулерді өз бетімен жоспарлау, жүргізу және нәтижелерін білім үдерісі субъектілерімен өзара ықпалдастықты құрастыру үшін өз бетімен пайдалану және т.б.
Әдістемелік	инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру	оқу материалын терең білу және оқытудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгеру және т.б.
	оларды қолдану шеберлігі	ең тиімді әдіс-тәселдерді пайдаланып, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алу және т.б.
	сабақты оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру	қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамытуға бағытталған бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін қолданады; сабаққа негізгі және қосымша оқу-әдістемелік материалдарды жасайды және т.б.
	рефлексия жасау	өз іс-әрекеттерін бақылап, бағалау, өзіне сырт көзбен қарап іс-әрекет нәтижелерінің тиімділігін талдау, өзін басқалармен салыстыра отырып нені өзгертудің қажеттігін түсіну және т.б.
	жұмысын шығармашылықпен орындау	оқушыға жаңаны ойлап табу, оны жүзеге асыру, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға үйрету және т.б.

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
Әлеуметтік-коммуникативтік	ұйымдастыру	оқушыларды іс-әрекеттің алуан түрлеріне енгізуді, оқушылар ұжымын ұйымдастыруды және оны тұлғаны жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мақсатында тұлғаға педагогикалық ықпал ету және т.б.
	басқару	педагогикалық үдерісті және білім алушылардың іс-әрекетін басқару және т.б.
	қарым-қатынас орнату	субъект-субъект (оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және қоғаммен) дұрыс өзарақатынастарын орнату. Қарым-қатынас тәсілдері контакт орнату, сөз сөйлеу, мимиканы игере білу әрекеттері және т.б.
	өзара ықпалдастықты қалыптастыру	білім үдерісі субъектілерімен өзара ықпалдастықты ұйымдастырады; әріптестермен кәсіби өзара ықпалдастықты өз бетімен қалыптастыруы және т.б.
	тәлімгерлікті іске асыру	мектеп, колледж, жоо өзараәрекеттестігінде тәлімгерлікті іске асыру және т.б.

Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы мен ыункционалдық құрамдас бөліктерін жан-жақты талдау бізге ***болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекеті*** – *оның педагогикалық процессте субьект-субьектілік өзара әрекеттесуінде* оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік *функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы, деп нақтылауға мүмкіндік берді.* .

Бұл оның *кәсіби қалыптасуында* жүзеге асады. Осыған байланысты болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың қажеттілігі туындайды.

Болашақ педагогтың кәсіби даярлығы проблемасына қатысты зерттелген жұмыстар аз емес. Олар педагогтың кәсіби даярлығы әр түрлі ғылымдар тұрғысынан зерделенгенін дәлелдейді. Мәселен, Б.С.Гершунский және т.б. ғалымдар *философияда* маманның кәсіби даярлығын диалектиканың заңдары мен категорияларымен байланысты және өзара байланыста қарастырса, *тарихта* – кәсіптік даярлықты ең алдымен үздіксіз және дискреттілік контекстіндегі тарихи үдеріс ретінде қарастырады (Л.И.Анцыферова, С.Г.Вершловский, М.В.Кларин және т.б.). Әлеуметтанушы ғалымдар Ф.Р.Филиппов, Қасымова Р.С., Аңламасова Г.А. және т. б. маманның кәсіби даярлығының әлеуметтік факторларға тәуелділігін анықтаса, психологтар тұлғалық қарама-қайшылықтардың психологиялық ерекшеліктерін қарастырады (Л.М.Митина, С.Л.Рубинштейн, Ж.И.Намазбаева және т.б.).

Педагогика ғылымында маманның кәсіби даярлығының *теориялық және практикалық құрамдас бөліктерін кіріктіру* мәселелері қарастырылған (Э.Ф.Зеер, А.М.Новиков, О.Л.Шабалина, Н.М.Яковлева, Н.Д.Хмель., Н.Н.Хан, Г.Т.Хайруллин, Г.С.Саудабаева және т.б.);

Ал біздің зерттеуіміз үшін болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын үздіксіз білім беру жүйесінде қарастырған ғалымдардың еңбектері қызығушылық тудырады (Б.Абдыкаримов [82], А.П.Сейтешов [83], К.А.Дүйсенбаев [84],

В.В.Егоров [85], Т.И.Есполов [86], Қ.Өстеміров [87], Н.Р.Шаметов [88], С.З.Қоқанбаев [89] және т.б.) . Осы орайда, үздіксіз білім беру теориясы 80 жылдардың басында және өткен ғасырдың кейінгі жылдары педагогикалық ғылымның дербес саласына бөлініп, қалыптасқандығын айта кету керек [90].

Сонымен ғалымдардың еңбектерінде үздіксіз білім беру көп деңгейлі кәсіптік білім беру (бакалавриат, магистратура, докторантура); пәндердің кіріктірілуі, мәселен математикалық білімдерге бейімдеу; кәсіби даярлыққа дейінгі, және кәсіби даярлықта білімдерінің кіріктірілуі; бастауыш, орта, орта кәсіптік, жоғары білім, жоғарыдан кейінгі білімдердің кіріктірілуі мәселелері терең талданған. Соның ішінде бізге жақын келетін зерттеу С.З.Қоқанбаевтың еңбегі. Оның еңбегінде «мектеп-колледж-жоғары оқу орны» білім беру кешені жағдайында педагогтарды кәсіби оқытуда үздіксіз білім берудің теориялық және практикалық мәселелері қарастырылған.

«Мектеп-колледж-ЖОО» өзара әрекеттестігі негізінде мектеп пен колледж, университет ықпалдастығын, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мектеп мұғалімдері, колледж оқытушылары мен университет ғалымдарының ынтымақтастығын, ғылым мен білім сабақтастығын жетілдіру арқылы болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктері ашылатыны сөзсіз [91].

Біздің зерттеуімізде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында жүзеге асыру қарастырылатындықтан оның теориялық және практикалық даярлықтарын теңдестіруге, соның ішінде бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында теориялық бөлігінің басымдығынан практикалық даярлығына баса назар аудару қажеттілігі туындайды. Сондықтан да зерттеу жұмысында болашақ мұғалімнің практикалық-бағдарланған кәсіби тұлғалық сапаларына басым көңіл бөлінеді.

Осыған байланысты біз келесі тарауда болашақ педагогтың кәсіби даярлығын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қалыптастыруды модельдеуді зерделейміз. Соның ішінде «даярлық», «кәсіби іс-әрекетке даяр болу», «кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру» ұғымдарына мән береміз, болашақ педагогтың практикалық-бағдарланған даярлығы қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштерін, оларға сәйкес деңгейлерін айқындаймыз.

2 ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру ұғымының мәнін анықтау барысында «даярлық» түсінігінің мағынасына мән береміз.

В.Дальдің түсіндірме сөздігінде «даярлық» «дайынның жай-күйі немесе қасиеті» деп беріледі. «Даяр» ұғымы «толыққанды аяқталуға жеткізілген, жетілген, дайындалған» деген мағынада қолданылады [92].

В.И.Селиванов, Б.Ф.Райский даярлықты «белгілі бір психологиялық жағдай» деп түсіндірсе, М.И.Дьяченко, Л.А.Кандыбович «жеке тұлғаның тұрақты сипаты» тұрғысынан анықтайды [93]. К.К.Платонов даярлықты нақты талаптар тұрғысынан нормаға келтіру деп түсіндіреді [94]. Ол мұнда психологиялық даярлықтың негізі мен мазмұнын белсенді мүмкіндіктердің қатынасы деп анықтайды. Біздіңше, мұндай түсіндіру даярлықтың *тұлғаның қасиеті* тұрғысынан анықталғандығын көрсетеді. Осындай ой басқа ғалымдардың еңбектерінде де айқын көрінеді. Мәселен, В.А.Моляко даярлықты *күрделі тұлғалық құрылым, қасиеттер мен белгілердің көпжоспарлы және көпдеңгейлі жүйесі, деп түсіндіреді*. Олардың жиынтығы субъектіге өзінің іс-әрекетін сәтті орындауға септігін тигізетіндігін көрсетеді [95]. Осы анықтамаға сүйенсек, даярлық тұлғалық субъективті қасиеттерінің көрінісін білдіреді.

В.Е.Волкова даярлықты *іске қосылушы сапа* ретінде қарастырады, ол тұлғаға іс-әрекет үдерісімен байланысуға мүмкіндік береді, себебі оның бар болуы адамға ішкі және сыртқы әрекеттерді орындауға белгілі деңгейде септігін тигізеді. Белгілі бір іс-әрекетті орындамас бұрын адам дайындық және орындау кезеңінен тұратын екі сатыдан өтуі керектігін айтады [96].

Осы анықтамаларды талдау негізінде біз ***«даярлық»*** *ұғымын тұлғаның ішкі күйі, сапасы, қасиеті, осы күйдің сыртқы сипаты оның белгілі бір әрекетке дайын болуынан көрінеді, деп түсінеміз.*

Білім беру саласындағы тұлғаның *кәсіби даярлығы* – бұл кәсіби-педагогикалық іс-әрекет үдерісіне сәйкес келетін тұлғаны қалыптастыру үдерісі [97].

Ал, *«кәсіби іс-әрекетке даярлық»* ұғымына берген ғалымдардың анықтамаларын талдайтын болсақ, В.А.Крутецкий «іс-әрекетке даярлықты» іс-әрекеттің сәтті болуын айқындайтын тұлғаның қасиеттерінің жиынтығы деп атайды [98]. Осы тұрғыдан отандық ғалым-психолог Ж.Ы.Намазбаеваның берген анықтамасында да кез келген іс-әрекеттің сәтті болуы даярлықты қалыптастыру барысында тұлғаның қасиеттерін, әлеуметтік пен мәдени ерекшеліктерін, кәсіби біліктіліктерін ескеруінен талап етілетіндігін атап көрсеткен [99].

Отандық педагог ғалым Н.Д.Хмельдің анықтауынша «педагогикалық іс-әрекетке даярлық» – арнайы оқыту және өзіндік тәжірибенің ықпалымен қалыптасатын күрделі құрылым, құрылымы жағынан бірнеше элементтерден тұрады, педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерінен, білім әрі шеберліктен құралады [100]. Демек ол, педагогикалық іс-әрекетке даярлық оның *кәсіби маңызды қасиеттері, білім, шеберліктен құралған кіріктірілген сипаттамасы екендігін негіздейді.* Мұндай пікір В.А.Сластениннің де еңбегінен көрініс табады. Ол даярлықтың маманның кәсіби мен тұлғалық қасиеттерінің кешенінен көрінетіндігін негіздеген болатын [101]. В.С.Ильин, Н.Г.Ковалевская педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын *«мотивациялық және процессуалды компонеттердің ажырамас бірлігі»* деп көрсетуінде де тұлғалық және кәсіптік құзыреттер қарастырылады [102]. Осындай пікірлер біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудырады.

Сондай-ақ, ғылыми әдебиеттерде болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің белгілі бір әрекеттеріне даярлық қарастырылған еңбектер де жоқ емес. Мәселен, Н.Н.Хан зерттеуінде мұғалімнің педагогикалық үдерісте ынтымақтастықты жүзеге асыруға даярлығы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің негізгі аспектісінің сапалық сипаттамасы тұрғысынан анықталады. Бұл оқытылатын пәндердің мазмұнының негізінде оқушылармен өзара байланыс кезінде оқу үдерісінде туындайтын кереғарлықтарды шешуге қажетті білім және дағдының жиынтығынан көрініс табады [103]. Қарастырылып отырған мәселенің ерекшеліктеріне байланысты бұл ғалым басты назарға білім, сондай-ақ дағдының жиынтығынан көрініс беретін кәсіби қасиеттерді қояды.

Іс-әрекетке даярлықты кіріктірілген білім тұрғысынан қарастырған ғалымдар аз емес. Мәселен, Л.К.Ветеренникова оны «педагогтың кәсіби мәнді қасиетін, ол үшін қажетті жалпы және арнайы білім, іскерлік, дағдыларының жиынтығы мен педагогикалық іс-әрекетін іске асыруға талаптарын біріктіретін білім» деп көрсетеді [104].

Мұндай пікір «оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалануға студенттердің даярлығы» қарасытырылған ғылыми еңбектерде жалғасын тапқан. Мәселен, А.С.Магауова «педагогикалық іс-әрекетті халық педагогикасының озық дәстүрлерінде қалыптасқан жеке тұлғаны қалыптастырудың жалпы гумандық мұраттарына сәйкес іске асыруға мүмкіндік беретін педагогтың жеке тұлғалық кіріктірілген қасиеті» деп көрсетсе [105], С.В.Громакова «студенттердің қазіргі уақытта бұл әрекеттің мәнділігін түсінуін, өнертану мен кәсіби-педагогикалық білім және іскерліктерінің, оларды практикада қолдана алатын тәжірибесінің жиынтығымен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық сапасы қалыптасуының өзегі көркем мәдениет болып табылатын күрделі біртұтас білім» деп түсіндіріледі [106].

Ұ.М.Әбдіғапбарова «оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығы – қазіргі уақытта студенттердің бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, өнертану, кәсіби педагогикалық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен

анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне негізделген күрделі біртұтас білім» деп анықтайды [93,б. 67].

Сондай-ақ, Ұ.М.Әбдіғапбарова, А.М.Байкулова «Оқушы лидерді тәрбиелеу» монографиясында даярлық ұғымын тұлғаның ұстанымдық іс-әрекетін жүзеге асыруға қажетті қасиеттері мен сапаларын белгілі бір құрылым негізінде қалыптастыруға бағытталған үдеріс ретінде қарастыра отырып, тұлғаның жеке психологиялық нышандары мен лидерлікке мүмкіндіктері дамуының, мотивациясы қалыптасуының күйі мен сапасы тұрғысынан негіздейді. Ал лидерлікке даярлық лидерліктің табыстылығын анықтайтын тұлғаның құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік құрамдарын жеке тәжірибесінде жүзеге асыруға дайын болуы, деп тұжырымдайды [107].

Сонымен жоғарыда берілген ғалымдар анықтамаларына жасалған талдау «педагогикалық іс-әрекетке даярлықты» Н.Д.Хмель *қалыптасатын күрделі құрылым* (*қасиет, білім, шеберлік)*, Ж.Ы.Намазбаева, А.Сластенин *кәсіби-тұлғалық қасиеттердің кешені*, В.А.Крутецкий, А.С.Магауова *тұлғаның қасиеттері* деп қарастырса, Н.Н.Хан *сапалық сипаттама*, В.Е.Волкова *іске асырылатын сапа*, Л.К.Ветеренникова *кіріктірілген білім*, С.В.Громакова, Ұ.М.Әбдіғапбарова *күрделі біртұтас білім,* Ұ.М.Әбдіғапбарова, А.М.Байкулова *сапаларын жеке тәжірибесінде жүзеге асыруға дайын болуы* деп анықтаған. Ал, В.С.Ильин, Н.Г.Ковалевская *мотивациялық және процессуалды компонеттердің ажырамас бірлігі*, деп айқындаған (сурет 6).

Сурет 6 – Даярлықтың зерттеулерде қарастырылуы

Осы тұжырымдарды қорыта айтатын болсақ, ғалымдардың «педагогикалық іс-әрекетке даярлық» ұғымын қарастыруында мағынасы

тұрғысынан аса алшақтық білінбейді. Олардың бірі даярлықты тұлғаның қасиеті, екіншісі кіріктірілген білімі, үшіншісі сапалық сипаттамасы деп қарастырғанымен, олардың барлығы да педагогикалық іс-әрекетке даярлықта болашақ маманның белгілі бір негізде дамыған *кәсіби тұлғалық сапасының деңгейі мен күйі* екендігін жоққа шығармайды.

Біздің зерттеуімізде де «даярлық» ұғымы «даяр болу», яғни кәсіби іс-әрекетке даяр болу тұрғысынан қарастырылады. Сондықтан біз де жоғарыда талдау жасалған анықтамаларға негізделе отырып кәсіби іс-әрекетке даярлық ұғымын зерттеу проблемасы тұрғысынан тұлғаның қажетті деңгейде дамыған ***кәсіби тұлғалық сапасы*** деп қарастырамыз.

Осы тұрғыдан бізге болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтап алу қажет болды. Сол мақсатпен болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапалары зерттелген еңбектеге талдау жасалды.

Осыған байланысты педагогиканың ғылым ретінде дамуына үлес қосқан классик педагог ғалымдардың еңбектеріне назар аударсақ, Я.А.Коменский өз жұмыстарында педагогтың жеке тұлғасын дамыту [108,с. 342], А.Дистервег педагогтың өздігінен білім алуы мәселелеріне баса көңіл бөлген [109,с. 74]. В.Н.Татишев педагогтың тек өз пәнін ғана емес, басқа да салаларды зерделеуге қабілетті болуы тиістігін көрсетсе [110,с. 26], Н.И.Пирогов шығармашылық ізденіс үшін педагогикалық тәжірибемен үнемі алмасу қажет деп санады [111, с. 149]. К.Д.Ушинский – педагогтың даярлығы оның жан-жақты дамуы, педагогикалық теорияны меңгеруі, шығармашылық ойлауды дамыту қажетті екендігін атап көрсетті [112,с. 63-64].

Осы айтылғандар XVIII-XIX ғасырлардағы педагогика ғылымында педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік маңыздылығы мен оның жеке тұлғасына, кәсіби шеберлікке даярлау мен дамытуға жоғары талаптар қойғанын көрсетеді. Педагогтың осы кезеңдегі даярлығы адамның еркін шығармашыл тұлға ретіндегі гуманистік түсініктерінде негізделеді, «жанды күту», «оның күштерін өрістету», құдай алдындағы қорқыныш, кәсіби борышын орындаудағы шыдамдылық секілді құндылықтардың көрінуіне бағдарланады [113,с. 165].

XIX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін мұғалімдерді *даярлау пәнді білу, сондай-ақ діни сенім, сенімділік, орындаушылық, отансүйгіштік және сыртқы сыпайылық сияқты нұсқауларды білу қажеттілігінен басқа аса бір арнайы кәсіби бағдарларды көздей қоймады.*

XX ғасырдың педагог ғалымдарының (П.П.Блонский, А.Г.Калашников, С.Т.Шатский және т.б.); қазақ зиялыларының (А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, С.Қожахметов және т.б.) еңбектерінде педагогтың XX ғасырдың 20-30-жылдардағы маңызды қасиеттері қатарында сыныптағы, ұжымдағы шығармашылығы, балалардың өмірін ұйымдастыра білуі мен қабілеті, баланы зерттей білуі секілді қасиеттер көрсетілсе, 70-ші жылдарда мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық даярлығына қойылатын талаптар күшейгені байқалады. Дейтұрғанмен олар идеологиялық

және теориялық даярлыққа – ұжымды басқара білуге, оқыту әдістемесін меңгеруге, оқытудың тиімділігін қамтамасыз етуге басым бағытталғанын көрсетті.

Сондай-ақ, XX ғасырдың соңында педагогтың тұлғасына қойылатын талаптар кеңейтіліп, психологияландырылды. Мәселен олардың қатарына белсенділік, коммуникативтік, эмпатия, кәсіби рефлексия (Ж.Ы.Намазбаева, С.М.Жакупов, Н.Б.Жиенбаева, М.А.Перленбетов, және т.б.), ақпараттық (Т.О.Балыкбаев, Е.Ы.Бидайбеков, К.М.Беркімбаев және т.б.), үздіксіз және кәсіби өздігінен білім алуға ұмтылыс (А.К.Мыңбаева, Қ.А.Сарбасова, Н.Б.Жаманқұлова А.Р.Боранбаева және т.б.) секілді қасиеттер енгізілген.

XXI ғасырда болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық даярлық сапалары қатарында лидерлік (У.М.Абдигапбарова, Б.Баймуханбетов, А.Байкулова және т.б.), креативтілік, сыни ойлау, интеллектуалдық (Б.А.Тұрғынбаева, В.Х.Адилова, М.А.Кудайкулова, Т.Жанқұл және т.б.), басқарушылық (Т.М.Баймолдаев, Д.Н.Кулибаева, С.К.Исламгулова, К.Ж.Аганина, З.А.Исаева, Ж.Б.Умирбекова, Д.Садирбекова және т.б) ендірілді.

Сонымен қатар қазіргі болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларының жіктемесі берілген еңбектерді талдайтын болсақ, Ж.Р.Бәшірова, Н.С.Әлқожаева жаңа дәуір педагогының пәндік білімнің жүйесін, ғылыми білімнің әр саласы бойынша білік пен дағдыны игеріп қана қоймай, оқыту технологиясының жүйесін, оқу қызметінің біліктілік пен өмірлік дағдыларды игеруіне бағытталған құралдары мен әдістерін игерген маман болуы тиістігін көрсетеді [114].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби мәнді сапаларын сөз еткенде А.А.Бейсенбаева, Қ.Т.Атемова оның бір көрсеткіші сөйлеу мәдениетінің жоғарылығы екендігін дәлелдеп,оның қатарында ойын жеткізе білу; еркін сөйлеу мен көпшілікті өзіне баурап алу қабілетін; ой мен сөздің біртұтастығын және т.б. қасиеттерді атайды [115].

К.С.Успановтың зерттеуінде болашақ мұғалімнің кәсіби мәнді сапалары қатарында гумандылық, елестетушілік, жете ұғынушылық, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық мәдениет, қоғамдық белсенділік, ұжымшылдық жан-жақты негізделсе, Ж.А.Жүсіпованың еңбегінде әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар, намыс, еңбексүйгіштік, нақтылық); рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіне сын көзімен қарау, білімпаздық); коммуникативік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік, міндеттілік); эмпатиялық сапа (өзін түсіну, қайырымдылық, өзгелерді түсіну, қайғыға ортақтаса білу қабілеттілігі) анықталады [116].

Ж.Ы.Намазбаева, З.Ш.Каракулова тұлғалық-кәсіби қасиеттерге *құндылық-адамгершілік:* мейірімділік, шынайылық, ұқыптылық, жауапкершілік, тиянақтылық, өзін-өзі сыни бағалауы; *эстетикалық:* эстетикалық сезімінің болуы, нақты эстетикалық қабілеттер (музыкалық, әдеби, моторлы т.б.); *коммуникативтік*: ұйымдастыру қабілеттері, лидерлікке дайындығы; коммуникативті қабілеттері; *уәждік* (мотивация): кәсіби қызығушылықтар мен икемділігі, мотивтердің тұрақтылығы; мотивтердің бір-біріне қайшы келмеуі;

эмоционалды-еріктік: эмоционалдығы, тұрақтылығы, шыдамдылығы, стреске тұрақтылығы сапаларын жатқызады [117].

Н.С.Ахтаеваның топтастыруы былайша жіктеледі: *кәсіби сапалар:* кәсіби қызметіне шығармашылық тұрғыдан қарау; жаңашылдықты, кәсібилігін үнемі үздіксіз жоғарылату; өздігінен білім алу; өзін-өзі өзі дамыту; педагогикалық шеберлік; кәсіби құзыреттілік; кәсіби дамудың жан-жақтылығы; эрудиция; студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру; жекелік тұғыр; студенттің мотивациясын, қызығушылығын оята алу біліктілігі; мамандығын сүю, қызығушылығы; *тұлғалық қасиеттері:*еңбекқорлық, жауапкершілік, әділеттілік, объективтілік, ұстанымшылдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелілік, шыдамдылық, гуманистік, балаларға сүйіспеншілік, өнегелік, ұқыптылық, адалдық, оптимисттік, әзіл-сықақ сезімі, мейірімділік, достық, демократиялық, талап қоя білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін сыни тұрғыдан бағалау, өзін-өзі талдау, абырой, харизма, беделдік, сүйкімділік, эмпатияға қабілеттілік, ықыластық, зияткерлік, тактикалық; *қабілеттері:* көшбасшылық қабілеттері, өзіне өзгелерді ілестіре алу икемділігі, суггестивті қабілеттері, коммуникативтік қабілеттері, шешендік, ұйымдастырушылық қабілеттер; *кәсіби іс-әрекеттері:*білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асыру, түзету, тұрмыстық тәжірибені ғылымның тәжірибесіне еңдіре алу, студенттің тұлғасын қалыптастыру және дамыту [118].

Т.З.Рысбекова, С.Рысбекова педагогтың кәсіби қалыптасуында оның интеллектуалдық, (кәсіби білімі және тәжірибе) эмоционалды, (эмоциялық сезімі) іс-әрекеттік (іскерлік даярлығы, өзін-өзі ұстай білуі) рухани-адамгершіліктік (құндылық бағдары, мәдениеті) мәдениетінің дамуы қажеттілігін көрсетеді [119].

Ж.Иманчиев педагогикалық ЖОО магистранттарының кәсіби мәнді сапалары бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік, психологиялық сапалардан тұрады, деп санайды. *Педагогикалық* сапаларға педагогикалық іс-әрекетте тиімді жүзеге асыруға тиісті кәсіби білімділік, дидактикалық, инновациялық, шешендік, шеберлік сапалар жатады. *Зерттеушілік* сапаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, зерттеушілік іс-әрекеттерді нәтижелі іске асыруға қажетті әдіснамалық болжаушылық, аналитикалық, құрастырушылық, нәтижелілік сапалары. *Тұлғалық*- педагог-білім алушы жүйесіндегі субъект-субъектілік қарым-қатынасты жағымды атқаруға қажетті жалпы азаматтық, рухани-адамгершілік, денсаулық, коммуникативтік, жоғары тәрбиелілік сапалар. *Лидерлік сапаларға* ғылыми-педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру мен жүргізуге қажетті харизматикалық, стратегиялық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, көшбасшылық сапалар кіреді. *Психологиялық сапаларға* осы аталған сапалардың барлығының педагогтың бойында қалыптасуын және дамуын жүзеге асыруға қажетті психофизиологиялық, мотивациялық, перцедивтік, эмоционалдық-еріктік, креативтілік сапаларды жатқызады [120].

Сонымен, жоғарыда көрсетілген ғалымдардың топтастыруы бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін бірі толықтыра түседі. Әрбір топтама болашақ

мұғалімінің кәсіби мәнді сапасының әрбір қырын аша түседі және олардың аталған кәсіби іс-әрекетте маңыздылығын көрсетеді. Егер оларды жинақтап көрсететін болсақ, онда болашақ мұғалімнің мынадай кәсіби-тұлғалық сапаларына назар аудару қажеттілігін байқаймыз:

- *құндылық-адамгершілік, коммуникативтік*; *уәждік; эмоционалды-еріктік (*Ж.Ы.Намазбаева, З.Ш.Каракулова)

- *кәсіби сапалар; тұлғалық қасиеттері; қабілеттер; кәсіби іс-әрекеттер (*Н.С.Ахтаева)

- *әрекетшілдік сапа; рефлексивті сапа; коммуникативік сапа; эмпатиялық сапа* (Ж.А.Жүсіпова);

- *интеллектуалдық, эмоционалды, іс-әрекеттік рухани-адамгершіліктік* мәдениеті (Т.З.Рысбекова, С.Рысбекова)

- *педагогикалық, зерттеушілік, тұлғалық, лидерлік, психологиялық сапалар* (Ж.Иманчиев)

Соның ішінде *эмоционалдық, коммуникативтік сапалардың* көрсетілген топтамалардың барлығында дерлік кездесуі оның болашақ педагогтың кәсіби мәнді сапалары екенін дәлелдей түседі.

Зерттеу барысында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даяр болуын анықтауда олардың кәсіби-тұлғалық сапаларының қалыптасуы қажет екендігін айқындадық. Оларға жоғарыда көрсетілген ғалымдар еңбектерін және өзіміз анықтаған заманауи мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің функциялары (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік) негіз болатынын көрсеттік және оның осы функцияларды атқаруға даяр болу қажеттігін ескердік.

Соның негізінде болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтадық. Оларды эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық, деп үш топқа жіктейміз. ***Эмоционалдық-еріктік*** сапаларға кәсіпке бағыттылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, шыдамдылық, өзіне сенімділікті, ***интеллектуалдық-креативтілікке*** кәсіби білімділік, жаңашылдық, зерттеушілік, креативтілік, эрудицияны, ***коммуникативтік-бағалаушылыққа*** басқарушылық, ұйымдастырушылық, толеранттылық, эмпатия, рефлексияны жатқызамыз (сурет 7).



Сурет 7 – Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапалардың топтамасы

Зерттеу барысында осы анықталған болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыру мәселесіне мән бердік.

Психология ғылымында «қалыптастыруды» процессуалдық көзқарас тұрғысынан қарастырады. Осыған байланысты жеке тұлғаны қалыптастыру – тәрбиенің, білім беру мен әлеуметтік ортаның сыртқы ықпалы әсерімен жеке тұлға болып қалыптасу мен даму процесі; тәрбиенің ықпалымен жеке тұлғаның немесе оның бір қырының, сапасының мақсаттқа сәйкес дамуы; адамның қоғамдық қатынастар субъектісі және объектісі тұрғысынан қалыптасу процесі болып саналады.

Жеке тұлғаны қалыптастыру – индивидке оның бойында белгілі бір құндылықтар жүйесін құруды, әлеуметтік-психологиялық сапаларын тәрбиелеуді және ерекше ойлау қабілетін анықтауды мақсат тұтқан әлеуметтік тұрғыдағы ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы деп, түсіндіріледі [121].

Осы тұрғыдан тұлғаның кәсіби қалыптасуының психологиялық негіздері Э.Ф.Зеердің еңбектерінде зерттелген. Ол осы үдерістің келесі кезеңдерін бөліп көрсеткен:

- оптация (кәсіби мақсатты қалыптастыру және мамандықты (кәсіпті) таңдау);
- кәсіби даярлық (әдетте, оқу орнында);
- кәсіби бейімделу (кәсіпке ену, жаңа әлеуметтік ролді меңгеру);
- кәсіптендіру (кәсіптік ұстанымды қалыптастыру, кәсіби іс-әрекетті білікті орындау);
- кәсіби шеберлік (психологиялық жаңа білім беру кіріктіру негізінде шығармашылық кәсіби іс-әрекет) [122].

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби-сапалық тұлғаларын қалыптастыруда кәсіби қалыптасудың осы кезеңдері де негізге алынады.

Оған қоса педагогикалық сөздікте де ішкі даярлықты қалыптастыру алдын ала болжамдалған, мотивациялық, танымдық, эмоционалдық пен еріктік үдерістердің даму деңгейіне негізделген іс-әрекетке саналы түрде даяр болу, дегенді білдіреді [123].

Сонымен жоғарыда өзіміз анықтаған кәсіби-тұлғалық сапалардың қалыптасуы тұлғаның қандай компоненттерінің даму үдерісінде жүретіндігін және оларға сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтау қажеттілігі туындады.

Осы тұрғыдан біздің зерттеуімізде Н.Д.Хмельдің болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығындағы модельдеу тұжырымдамасы негізге алынады. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының теориялық үлгісі *компоненттерден, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерден және деңгейлерден* тұрады. Біз зерттеу барысында аталған кәсіби-тұлғалық сапалардың болашақ педагогтың *мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік* компоненттерін дамыту үдерісінде қалыптасатындығын анықтаймыз.

Мотивациялы-құндылықтық компонент болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке қызығушылық, ынта, қажеттіліктері пен кәсіби іс-әрекетке даяр болудағы тұлғалық-еріктік сапаларын қалыптастыруды және кәсіби іс-әрекетте практикаға қажетті өз білімдерін, біліктері мен жеке қасиеттерін үнемі жетілдіруге ұмтылуды, кәсіби іс-әрекетті практикалық тәжірибемен байыту мақсатында өзіндік білім мен өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктерді қарастырады.

Мотив тұлғаның күш-жігерін белсендендіреді және іс-әрекетке қызығушылықты қамтамасыз етеді. Бұл іштей ынталандыратын күш. С.Л.Рубинштейн атап көрсеткендей, «мотив белгілі бір әрекет үшін саналы қозғау ретінде, шын мәнінде, адамның ескеруіне, бағалауына, өзінің басынан өткен жағдайларды таразылауына, алдына қойылған мақсатты сезінуіне байланысты қалыптасады; соларға деген қатынасынан, шынайы өмірлік әрекет үшін қажетті, нақты мазмұнды түрткі туындайды. Мотив – қозғау ретінде – әрекеттің бастауы» [124,с. 365].

Л.И.Божовичтың ойынша, мотив ретінде сыртқы әлемнің заттары, көзқарастары, идеялары, сезімдері мен әсерлері – бір сөзбен айтқанда, қажеттілік не арқылы жүзеге асырылады, соның бәрінің алынуы деп айтады [125].

Қазіргі кезде мотивация психикалық құбылыс ретінде әр түрлі жолмен: яғни, мінез-құлықты қолдайтын және бағыттайтын, анықтайтын факторлардың жиынтығы ретінде; «тұлға, оның мінез-құлқы іс-әрекеттерінің сипатын, мазмұнын, бағыттылығын анықтайтын тұрақты мотивтер, қозғаулардың жиынтығы» ретінде; ағзаның белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын белгілейтін мотив ретінде; тұлғамен мінез-құлықтың ішкі және сыртқы факторларын салыстыруының, нақты іс-әрекет түрлерінің пайда болуын, бағытын, сонымен қатар жүзеге асырылу тәсілдерін анықтайтын, күрделі тетіктері ретінде түсіндіріледі [126]. Өзгелері мотивация деп «түрткілердің әрекет ету үрдісін»; тұлғаның бағыттылығын, құндылық бағдарын көрсететін, оның іс-әрекетін анықтайтын және тәрбие барысында қалыптасатын басымды түрткі болған кездегі тұрақты мотивтердің жиынтығы» санайды [127,с. 71].

Б.И.Додонов төрт құрылымдық компоненттерін белгіледі: іс-әрекеттің өзінен ләззат алу, тұлға үшін оның тікелей нәтижесінің маңыздылығы, іс-әрекет үшін сыйақының «ынталандырушы» күші, тұлғаға мәжбүрлеуші қысым [128].

Осылайша, мотивация психологиясының теориясы мен практикасында, мотивтің ең көп қолданылатын төрт негізгі анықтамасы бар:

- субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке ниеттену;
- субъектінің белсенділігін арттыратын және оның бағыттылығын анықтайтын, ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы;
- іс-әрекетке талпындыратын (материалдық немесе идеалдық) және оның бағыттылығының таңдауын анықтайтын зат;
- тұлғаның әрекеттер мен қылықтарды таңдауының негізінде жататын, ұғынылатын (немесе ұғымға қонбайтын) себеп.

П.И.Пидкасистый редакциясымен құрылған «Педагогика» оқу құралының авторлары, педагогикалық іс-әрекеттің басымды мотиві ретінде, осы қарама-қайшы әлемге енетін баланың бақытты болуына қамқорлықты, балалық шақтың бақытына әрекет етуге ыстық лебізді және адамға ізгілікті қатынасты әбден әділ деп санайды, [129]. Бұл мотив көбінесе тәрбие мақсатын қолдайды, адамға тән өмірді құруға қабілетті тұлғаның қалыптасуына ең көп тұлғалық мән береді (В.А.Мижериков, М.Н.Ермоленко) [130].

Мотивацияның айтарлықтай сыпайы ұғынылуы В.А.Сластениннің [131] еңбектерінде кездеседі. Балаларды оқыту және тәрбиелеуді қалау, өзінде педагогикалық қабілеттерді сезіну туралы, ол педагогикалық бағыттылықты дәлелдейтін мотивтер туралы деп жазады. Бұл істің нақты жағын және сыналушылар үшін кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің субъективтік мәндерінің мазмұнын белгілейді, бірақ сана және нақты педагогикалық бағыттылық деңгейінде осындай мәндер мен түсіндірменің сыналушылардың өздерімен

қамтамасыз етілетіндігі, яғни түрткінің мағыналық жағы әлі ашылмаған түрде қалуда.

Б.А.Сосновский өзінің зерттеуінде, «борышын өтеу», «мамандыққа қызығушылық», «адамдарға пайда келтіру» және т.б. осы сияқты құрылымдарда кейбір қажеттіліктердің пәні ретінде іс-әрекеттің түрткілері емес, субъектке арналған білім алу мәнінің кейбір нұсқалары анықталатындығын көрсеткен [132]. Оның айтуы бойынша: «Мотив – ол, адамға не керек, деген сұраққа жауап береді».

Жоғарыда ғалымдардың тұжырымдарын талдау мотивациялық компоненттің нақтылығын сипаттай отырып, қызығулышылық, қажеттілік, ынта мен мотивтен тұратынын негіздеуге болады.

Инновациялық-танымдық компонент – студенттердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға қажетті теориялық білімнің болуы дегенді білдіреді және «дуальді-бағдарлық оқыту», «болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекеті» ұғымдары жайында теориялық білімнің болуы, ұғымдық-категориялық аппаратын талдауы, модельдеуі, жүйелеуімен анықталады. Сондай-ақ, өз кәсібі туралы таным мен білім (мазмұны, адамға қойылатын талаптары, оған еңбек нарығының қажеттілігі); өзінің кәсіби маңызды қасиеттері туралы білім (қабілеттері, жеке ерекшеліктері, біліктері: жалпы еңбек, арнайы және кәсіби білімділік; кәсіби даярлықтың вариативті жолдары туралы білім (бастапқы шешім, іс-әрекеттің бағдарлы бағдарламасының болуы, шешімнің қосалқы нұсқасы, мониторинг пен түзетудің дербестігі); болашақ педагогтың эрудициясы, жаңашылдығы, жасампаздығы ескеріледі. Осы компонент кәсіби педагогикалық міндеттермен қатар дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында жүзеге асырылатын міндеттерді шешу барысында кәсіби және арнайы меңгерген білімдерін пайдалана алу іскерліктерін кіріктіретін әдіснамалық, теориялық және технологиялық білімдердің бірлігін құрайды. Сонымен қатар, танымдық компоненті келесі түрде ұсынылады:

- болашақ педагогтардың қоғамға, жалпы осы қоғамдық жүйеге, еңбекке, өз кәсібіне, басқа адамдарға, өзіне қарым-қатынасының қалыптасуымен сипатталатын – таным мен білім;
- болашақ педагогтың лауазымдық міндеттері, функциялары мен әрекеттік, операциялық құрылымы туралы білімдер;
- кәсіби іс-әрекетте студенттердің танымдық дербестігін ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық білімді меңгеру;
- болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерін жүзеге асыру мақсатында қажетті іс-әрекеттің практикалық тәсілдері туралы білімдердің жиынтығы;
- педагогтың эрудициясы. Эрудиция (лат. eruditio - ғылым, ағартушылық) - жан-жақты, әрі терең бойлаған танымпаздық және білімділік [133]. Эрудит студент көптеген білім салаларынан хабардар, пән бойынша әдебиетпен етене таныс және кең интеллектуалдық ой өріске ие болып келеді.

Сонымен, когнитивтік компонент: білім, таным, эрудициядан тұратынын тұжырымдауға болады.

Процессуалдық-нәтижелік компонент – теориялық алынған білімді

кәсіби іс-әрекетте қолдану, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға қажетті оқыту, тәрбиелеу, басқарушылық, зерттеушілік, әдістемелік, әлеуметтік-коммуникативтік іскерліктер мен біліктерді практикалық іс-әрекетте жүзеге асыру қабілеттілігін көрсетеді.

Сондай-ақ, процессуалдық-нәтижелік компонент келесілерді қамтиды [134]:

- педагогикалық тапсырмаларды шешудің біліктер жүйесі ретіндегі кіріктірушілік іс-әрекеттің құралдарын, әдістерін, формаларын, тәсілдерін игеру;
- кіріктіру үдерістерін жобалай және құрастыра білу білігі;
- білім беру үдерісінің ерекшеліктерін, іс-әрекет нәтижелерін, педагогикалық үдеріске қатысушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, кіріктіру субъектілерінің әрекеттерінің жүйесі мен жүйелілігі;
- мамандарға педагогикалық жағдайды объективті бағалауға, оқушыларды, әріптестерді дұрыс түсінуге, білім алушылармен серіктестік деңгейінде өзараәрекеттесуге мүмкіндік беретін педагогикалық өзара іс-әрекеттің жоғары дамыған біліктері.

Сонымен, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды жүзеге асырудағы оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік компоненттер тұлғаны біртұтас дамыту аясын қамтиды. Оның өлшемдері мен көрсеткіштері біз анықтаған кәсіби-тұлғалық сапалар түрлеріне сәйкес айқындалады (кесте 8).

Кесте 8 – Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапалары қалыптасқандығының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық -құндылықтық	Эмоционалдық-еріктік	– педагог болуға қызығушылығы; бағыттылығы; – теориялық білімді практикада бекітуге әрдайым ынтасының болуы; – педагог болуға эмоционалдық-адамгершілік қатынасы (өзіне сенімділік); – жасампаз педагог болуға ерік-жігерінің болуы (еңбекқорлық, шыдамдылық, жауапкершілік)
Инновациялық-танымдық	Интеллектуалдық-креативтілік	– кәсіби білімділігі: – дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімінің болуы; – педагогикалық іс-әрекет түрлерінен білімінің тереңдігі; – жаңартылған білім мазмұнын меңгеруі; – оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық

8 – кестенің жалғасы

1	2	3
		– технологияларын игеруі; – зерттеушілік іс-әрекеттерді меңгеруі; – жан-жақты білімді болуы (эрудиция); – жасампаз педагог болуға өздігінен білім алуын дамытуы
Процессуалдық-нәтижелік	Коммуникативтік бағалаушылық	– ұйымдастырушылық, басқарушылық сапаларының жоғары деңгейі; – оқытушы-студент-мұғалім, студент-оқушы, студент-ата-ана және т.б. жүйеде өзара әрекеттестіккке түсе алуы; – интеллектуалық, креативтілік білімдерін іс-әрекеттерде көрсете алуы; – тұлғаға ықпал етуге ойының ұшқырлығы, шешендігі, шеберлігі; – толеранттылығы; – эмпатиясы; – рефлексиясы және т.б. – кәсібінде жасампаздығын байқатуы
Деңгейлері		
Пассивтік	Белсенділік	Жасампаздық

Көрсетілген компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерде айқындалған деңгейлерде *пассивтік* төмен деңгей болып белгіленіп тек педагог мамандығына бағыттылығы қалыптасқандығын білдіреді. Ал, *белсенділік* - орта деңгей болып саналып, студенттің педагог мамандығына бейім болып қана қоймай, теориялық білімдерін практикада көрсете алатын, оқыту, тәрбиелеу, зерттеушілік, әдістемелік, әлеуметтік-коммуникативтік біліктеріне ие екендігін көрсетеді.

Ал, *жасампаздық* деңгей туралы айтпас бұрын осы терминнің мәніне назар аударып өтейік. Себебі бұл ұғым термин тұрғысынан алғашқы рет 2013 жылы Президенттің Халыққа жолдауында көрсетілді. Мәселен, Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда *жасампаздыққа бастайтын жол* деп туған еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ететін бес басымдыққа маңыз берілді (https://e-history.kz/kz/contents/view/5162 © e-history.kz).

Бұдан біз жасампаздық ұғымы бір саланы жаңғырту, өркендету түсінігімен берілетіні ұғынамыз. Сондай-ақ аталған Жолдауға сәйкес мемлекет алдына қойылған міндеттерде елдің жасампаздыққа ұмтылу керектігі бүгінгі ұрпақты жасампаздық рухында тәрбиелеу қажеттілігін туындатады. Ал бұл болса, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін қазіргі педагогтың алдымен өзі жасампаз болу қажеттігін талап етеді. Нәтижесінде болашақ педагог заман талаптарына сай түрлі әлеуметтік, өндірістік қарым-қатынасқа түсіп, білім берудің мазмұнын меңгеріп, іздемпаздық, іскерлік, шығармашылық, ұйымдастыырушылық іс-

әрекеттер дұрыс игерілген жағдайда болашақ мамандық иесі болуы мүмкін [135].

Сондықтан да біз заманауи педагогтың жоғары деңгейі жасампаздық болуы тиіс, деп нақтыладық. Зерттеуде болашақ педагогтың жасампаздық деңгейі оның жасампаз педагог болуға ұмтылысын, практикада тек қана теориялық білімдерін көрсетумен шектеліп қалмай, педагогикалық іс-әрекеттің оқыту, тәрбиелеу, зерттеушілік, әдістемелік, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқаруда эрудициясымен, креативтілігімен, жаңашылдығымен, эмпатиясы мен шешендігінің жоғары деңгейімен айқындалады.

Зерттеу барысында оларға сипаттама берміз.

Пассивтік (төмен деңгей) – педагог мамандығына қызығушылығы жоқ, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімдерді игеру қажеттілігін түсіне қоймайды; педагогикалық іс-әрекеттің функцияларын ішінара ғана түсінеді; педагогикалық ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерін көрсете алмайды; рефлексияға аса мән бермейді; педагогикалық енжарлық және теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетте толық қолдана алмайды.

Белсенділік (орта деңгей) – педагог мамандығына қызығушылығы бар; педагогикалық жауаркершілікті түсінеді; педагогикалық жағдаяттарда шыдамдылық таныта алады; дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімдерді игеру қажеттілігін түсінеді; кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктерімен байланысты теориялық -әдістемелік және арнайы білімдердің жеткілікті көлемімен; теориялық білімдерді практикалық іс-әрекетте қолдана алуымен, педагогикалық ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерін көрсете алуымен; педагогикалық іс-әрекет үшін рефлексиялық, эмпатиялық біліктердің қажеттілігін сезінеді, алайда іс-әрекетте уден; педагогикалық белсенділікпен көрінеді.

Жасампаздық (жоғары деңгей) – педагог мамандығына бейім, эмоционалдық адамгершілік қатынасы қалыптасқан; педагогикалық жағдаяттарда толеранттылық, шыдамдылық танытады; жоғары эмпатиясы мен рефлексиясы дамыған; дуальді-оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының қажеттілігін жете түсінеді; интеллектуалдық-креативтілік білімдер мен біліктерді терең меңгерген, теориялық білімдерін инновациялық жағдаяттарда әдістемелік тұрғыдан дамытып, шығармашылық тұрғыдан түрлендіріп көрсетеді; жасампаз педагог болуға ұмтылады; педагогикалық іс-әрекеттің оқыту, тәрбиелеу, зерттеушілік, әдістемелік, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқаруда эрудициясының, креативтілігінің, жаңашылдығының, шеберлігі мен шешендігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Жоғарыда «даярлық», «педагогикалық іс-әрекетке даярлық» ұғымдары зерттелген ғылыми еңбектерге жасалған жан-жақты талдау және 1.1 параграфында дуальді оқыту ұғымын терең талдаудан туындаған тұжырымдар бізге зерттеу проблемамыздың түйінді ұғымының мәнін нақтылауға мүмкіндік берді. Біздің тұжырымдауымызша ***дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы*** *дегеніміз* – оның

мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы.

Біздің зерттеуіміздің пәні болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын *дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында* қалыптастыру болғандықтан 1.1 параграфта дуальді бағдарлық оқытудың болашақ маманның теориялық пен практикалық бөліктерін жақындастыруға, практикалық бағдарланған даярлығын жетілдіруге тікелей ықпал ететіндігін негіздегенбіз. Осыған орай жоғары педагогикалық оқу орны студентінің практикалық даярлығын дамытатын орта мектеп пен колледж және т.б. білім беру ұйымдары екендігін ескерсек онда болашақ педагогтардың жоғарыда аталған кәсіби-тұлғалық сапаларын «*мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінде* жүзеге асырылады.

Сонымен, ***дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру*** дегеніміз - оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыруды «мектеп-колледж-жоо» өзараәрекеттестігінде жүзеге асыру.

Осы аталған қалыптастыруды тиімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын айқындаудың қажеттілігі туындайды. *Бұл келесі параграфта мазмұндалады.*

2.2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды нәтижелі жүзеге асыру психологиялық-педагогикалық шарттарды тиімді айқындаудан талап етіледі.

Философия ғылымында «шарт» ұғымы заттың қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіретін санат ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, шарт құбылыстардың пайда болатын, өмір сүретін және дамитын ортасын құрайды. Шарт – бұл басқа (шартталған) нәрсеге қатысты, яғни қажеттілікпен туындайтын себептер (іс-әрекет, іс-әрекет нәтижесі) мен зерттеудің қисынды шарты болып табылатын негізге қарағанда заттың, күйдің, үдерістің болу мүмкіндігін жасайды [136]. Шарт (психологияда) – нақты психикалық құбылыстың дамуына ықтимал әсер ететін сыртқы және ішкі орта құбылыстарының жиынтығы; бұл әсер жеке адамның, адамдар тобының белсенділігімен тікелей байланысты болады.

Педагогикалық шарттар екі тұрғыдан қарастырылады. *Біріншіден,* педагогикалық шарт – бұл үдерістің пайда болу, өмір сүру және даму көзі, оның болу мен жетілдіру мүмкіндіктерінің кепілі. Арнайы жасалған педагогикалық шарттар педагогикалық үдерісті реттеу қабілетіне, оның компоненттерін бір-бірімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. *Екіншіден,* педагогикалық шарт оқу-

тәрбие үдерісінің «атмосферасы» болып табылады және дәл осы үдерістің өту жүйесінің мақсатты, логикалық үйлесімділігіне оның тиімділігі байланыстылығымен сипатталады [137].

Педагогикалық шарттардың мәні педагогикалық үдерістің құрамдары мен шарттарының арақатынасынан талап етіледі. Е.Ю.Никитина, О.В.Суслова педагогикалық шарттарды «жеке тұлғаның белгілі бір сапаларын жоғары деңгейде дамытуда, білім алушылардың мақсатқа жетудегі білім беру үдерісінде жүзеге асырылатын, өзара байланысты іс-шаралардың жиынтығы» деп түсіндіреді [138].

С.А.Мухамедьянов педагогқа тиімді оқу және тәрбие жұмысын іске асыруға мүмкіндік беретін, психологиялық және педагогикалық факторлардың (қатынастар, құралдар және т.б.) жиынтығының өзара тығыз іс-әрекетте құрылған мақсатқа бағытталған шарттарды педагогикалық шарттарға жатқызады [139].

Н.В.Останина «қоғам дамуының аталған кезеңінде, әлеуметтік-педагогикалық үдерістердегі әрекетінің соңғы нәтижесінің жиынтығы», деп «шартты» кең мағынасында қарастырса [140], И.В.Яковлева педагогикалық шарттарды «болашақ мамандардың іс-әрекетінде кәсіби-шығармашылық деңгейге жетуді қамтамасыздандыратын оқу-тәрбие процесіндегі шаралардың жиынтығы», деп айқындайды [141].

В.И.Андреева педагогикалық шарттарды «оқу-тәрбие процесс шаралары – оқытудың мазмұны, әдістері, сонымен бірге ұйымдастырушылық формасы» десе, О.А.Свириденко «....әлеуметтік маңызға ие жеке тұлғаның дамуымен байланысты оқу-таным кезіндегі мотивациялық шарттылық; арнайы пәндердің оқу материалын дидактикалық өңдеу, оқытудың заңдары, ұстанымдары, ережелері; болашақ мамандықтың сипатына оқу-танымдық сипаттың жақындатылуы», деп тұжырымдайды [142, 143].

Б.Баймұханбетов педагогикалық шарттарды – «оқу-тәрбие үдерісі бірлестігінде оқыту-педагогикалық және ұйымдастырушылық бойынша бір-бірімен тығыз байланыстағы жағдаяттардың жиынтығы» тұрғысынан нақтылайды [144].

Біз осы ғалымдардың анықтамалары негізінде зерттеуіміздің ***психологиялық-педагогикалық шарттарын*** *«дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінде жүзеге асыруды психологиялық, теориялық, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыратын іс-шаралардың жиынтығы».*

Осы психологиялық-педагогикалық шарттардың мазмұнын айқындау барысында дуальді оқыту және үздіксіз білім беру жағдайында болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары айқындалған зерттеулерге талдау жасадық. Мәселен, Л.Н.Самолдина техникалық бейіндегі ОАОО-да студенттердің дуальді кәсіби даярлығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін жобалаудың және жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын ұсынды:

- ұйымдастырушылық деңгейде ғылымды қажетсінетін өндірістің орта буындағы заманауи маманға қойылатын талаптарын ескеру;

- теориялық-әдіснамалық деңгейде әлеуметтік әріптестікті жүзеге асыруға және оқу орнының кадрлардың тапсырыс беруші кәсіпорындарымен келісілген өзара әрекеттестікке бағытталған кәсіби даярлыққа жүйелі, мақсатты, дуальді, құзыреттілік және модульдік тәсілдерін пайдалану [10,с. 41].

М.А.Шувалова жоғары технологиялық сала техниктерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мынадай ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар ықпал етеді деп көрсетеді:

- өндірістік-жағдайлық есептерді шешу барысында жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінің мазмұнын байыту;

- жалпы кәсіптік пәндер мен кәсіптік модульдерді оқу үдерісінде пәнаралық кіріктірушілік жобалауды жүзеге асыру;

- жұмыс орнында өндірістік-жағдайлық міндеттерді шешу арқылы кәсіби құзыреттілікті игеруді жандандыру [14,с. 43].

Д.Н.Корнеев болашақ менеджерлер студенттерінің жоғары білім беру мекемелерінде кәсіби іс-әрекетке тиімді практика-бағдарлық даярлығының шарттарын айқындады:

1) менеджмент салалары бойынша бейіндік оқытуды енгізу;

2) болашақ менеджерлердің студенттері үшін тағылымдамадан өту алаңдарын ұйымдастыру;

3) болашақ менеджерлер студенттері үшін өндірістік практикалар кешенін өтуге қойылатын талаптарды әзірлеу және іске асыру [145].

А.К.Ахметова өз болашақ музыка мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінде кәсібилік негіздерін қалыптастыру атты зерттеуінде төрт педагогикалық шартты көрсетеді:

- аталған мәселенің тиімділігін қалыптастырудағы теориялық білімі;
- студенттердің өзіндік практикалық іс-әрекеті;
- теория мен практика байланысының кіріктірілуі;
- ғылыми-зерттеу жұмысы [146].

Ж.Е.Елюбаева «колледж-жоо» жүйесінде білім алушылардың оқу белсенділігін дамытуға қажетті келесі педагогикалық шарттарды анықтайды:

- өзінің оқу-кәсіби дүниетанымын кеңейту мүмкіндіктері (факультативтер, арнайы курстар, ғылыми конференцияларға, семинарларға қатысу; таңдаған мамандығы бойынша кәсіпорында, мекемеде тәжірибелік сабақтар; кәсіптегі және т.б. қызықты адамдармен кездесулер, пікірталастар), жауапкершілік пен әсердің өсуі (студенттік, жастар қозғалыстарына, қоғамдық ұйымдарға қатысу); институтты және т. б. дамыту, абаттандыру бойынша іс-шараларға қатысу), тәжірибе жасау, шығармашылық, өзін-өзі көрсету мүмкіндігі (ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу, инновациялық жобаларды іс жүзінде іске асыру; қызығушылықтары бойынша студенттік клубтарда, көркемөнерпаздар үйірмелерінде, ансамбльдерде, театрларда және т.б.);

- әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған, қызықты оқу іс-әрекеті (оқытудың заманауи түрлері мен әдістерін пайдалану, оқу, күрделі стандартты емес

міндеттер мен мақсаттарды қою), студенттердің өзіндік оқу қызметі (рефераттар, курстық, шығармашылық жұмыстар және т. б. жазу), оқу қызметіндегі жарыс (аттестация, сессия, конкурстар үздік жоба, үздік студент және т.б.) [147].

Ж.О.Нуржанбавева дуальді оқыту жүйесінде студенттердің бойында еңбек құндылығын қалыптастыру моделінің тиімді қызмет етуі мақсатында келесі екі топтан тұратын педагогикалық шарттар кешенін айнықтайды:

- педагогикалық-ұйымдастырушылық: кәсіпорын жағдайында дуальді оқыту бойынша оқу-өндірістік қолайлы ортаны құру, кәсіпорынның ресурстық, материалдық-техникалық базасын студенттердің бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыру үшін ұтымды пайдаланы;
- функционалды-дидактикалық: дуальді оқыту мазмұнында студенттердің бойында еңбек құндылығын қалыптастыруды ескеру, әлеуметтік әріптестің саласындағы құзыреттілік негізіне сай етіп құрастырылған тәлімгерлік жүйесін дамыту.

Осы талданған ғалымдар еңбектеріндегі шарттар зерттеу пәндеріне сәйкес әдіснамалық, дидактикалық, ұйымдастырушылық шарттар тұрғысынан құрылған және білім беру үдерісіндегі іс-шаралар тұрғысынан негізделген.

Соның негізінде біз дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың **психологиялық-педагогикалық шарттарын үш топқа бөліп қарастырамыз**:

1) Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ***психологиялық*** қамтамасыздандыратын *психотехнологиялық бағдарлама кешенін әзірлеу және оны оқу-тәрбие процесінде* тиімді пайдалану;

2) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ***теориялық*** қамтамасыздандыратын *«Дуальді білім берудің негіздері»* элективті курсын, «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумын оқу процесіне ендіру;

3) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ***практикалық*** қамтамасыздандыратын *«мектеп-колледж-жоо»* өзара әрекеттестігінің механизмін жасау және оны жүзеге асыру;

3.1 *«Мектеп-колледж-жоо»* атты ғылыми-әдістемелік кешен (ҒӘК) құру;

- *«Мектеп-колледж-жоо» ҒӘК* стратегиялық және ағымдық жоспарларын жасау және оларды іске асыру;
- ҒӘК аясында іс-шаралар ұйымдастыру

3.2 Педагогикалық практиканың көлемін кеңейту және тиімді пайдалану:

- Педагогикалық практика көлеміне, мазмұнына қосымшалар жасау, қолдану
- Ментор ережесін жасау және оған сәйкес олардың іс-әрекеттерін жүзеге асыру және т.б.

Осы шарттардың зерттеу жұмысында негізге алынуының себептеріне тоқталып өткенді жөн көрдік.

1-шарт. Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығын қамтамасыздандыратын, құндылықтық мотивациясын қалыптастыруға ықпал ететін психотехнологиялық *бағдарлама кешенін оқу-тәрбие процесінде* тиімді пайдалану. Өйткені мұндай бағдарлама адамның тұлғаішілік, тұлғааралық қатынастарын дамытуға тікелей ықпал етіп, оның *эмоционалдық-еріктік* сапаларын қалыптастырады. Ондай жағдайда кәсіби өсу жүзеге асады.

Осындай ойлар әдебиеттерде кеңінен орын алған. Мәселен, С.Л.Братченко адам үшін өзге адамның тарапынан оның ішкі әлемін сыйлап, құрметтеуі мен қабылдауының маңыздылығын көрсетеді. Ал бұл, тұлғалық өсудің тек тұлғааралық тұлғаішілікпен басылмаған жағдайда ғана мүмкін болатындығын айқындайды [148].

Осы тұрғыдан С.Л.Братченко тұлғалық өсудің тұлғаішілік және тұлғааралық көрсеткіштерін топтастырады:

- өзіне, өзінің мүмкіндігіне сенімді білдіретін *өзін-өзі қабылдауы;*

- *ішкі әсерлерге ашықтығы*, яғни өзінің ішкі әлеміндегі құбылыстарды субъективті түсіну қабілеті.

-*өзін түсіну,* өзі, өзінің күйі (тілектері, қалауы, ойлары және т.б), сезімі туралы пікірі, ойы; жалған бетперде, рөлдер, қорғаныс қабаттарынан өзін көру және есту қабілеті; баламалы және иілгіш «Мен» тұжырымдамасы, «Мен» – шынайы және «Мен» – идеалды арасының жақындығы, өзгерістер мен жаңа тәжірибелерге сезімталдығы;

- *жауапкершілікпен таңдау;* өзінің таңдау еркіндігіне ие екенін саналы түсініп қабылдауы, жауапкершілік алуы. Бағалаудың ішкі локусы – құндылықтарды таңдай білуі, бағалау жауапкершілігі, сыртқы ықпалға тәуелсіздігі. Соңғысы өзіне адал болу, өзінің дербестігі мен өзіндік ерекшелігі, өзін-өзі белсендіру алдында жауапкершілігі;

- *тұтастығы* – автор бойынша тұлғалық өсудің негізгі бағыты, тұлғаның ішкі әлемінің біртұтастығын білдіреді. Тұтастық пен бәсекелестік – адам өмірін тиімді реттеудің қажетті шарты.

- *динамикалық – үздіксіз өзгеру үдерісінде орын алатын тұлғаішілік бірлік, сәйкестік, өйткені жетілген тұлға* – қалыптасу үдерісіндегі тұлға, яғни тұлғаның өсуі, өмір сүру тәсілі. Сол себепті де тұлғалық өсудің маңызды шарты динамикалық болып табылады.

Тұлғалық өсудің интерперсоналдық көрсеткіштеріне:

- *өзгелерді қабылдау* – өзге адамдарға деген қарым-қатынасының динамикасы. Тұлға неғұрлым жетілген сайын, соғұрлым адамдардың болмысын табиғи күйінде қабылдауға қабілетті болады.

- *өзгелерді түсіну* – жетілген тұлға сенім-нанымдар мен стереотиптерге тәуелсіз болады, қоршаған ортаны баламалы қабылдайды. Тұлғалық өсудің негізгі көрсеткіші – тұлғааралық қарым-қатынаста өзгелерді түсіне алуы және көңіліне ортақтаса білу қабілетімен ерекше.

- *әлеуметтенушілік* – адамның үнемі фундаменталды ұмтылысы, тұлғалық өсу – нәтижелі әлеуметтік өзара қарым-қатынастарға әкеледі. Адам өзгелермен

қарым-қатынасқа ашық және табиғи кейпін сақтайды, тұлғааралық қарама-қайшылықтарды құзыретті шешуге қабілетті, өзгелермен үйлесімді өмір сүруге тырысады.

- *шығармашылық бейімделу* – жетілген тұлғаның негізгі көрсеткіші, өмірлік мәселелерді қабылдауға дайын және оларды шеше алуы, барлық ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа жағдайға шығармашылық бейімделуі [148,с. 88].

Осы айтылғандардың бәрі дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы құрамындағы мотивациялық-құндылықтық компонентініңі қалыптасуын психологиялық қамтамасыздандырудың қажеттілігін айқындайды. Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде тұлғаның дамуын психологиялық қамтамасыздандыру үдерісі Ж.Ы.Намазбаева, Н.С.Ахтаева, Н.Б.Жиенбаева, С.М.Джакупов, Х.Т.Шерьязданова, А.Т.Акажанова, А.Р.Ерментаева, Л.О.Сарсенбаева, М.А.Перленбетов, К.Т.Куанжанова және т.б ғалымдар зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Олардың зерттеулеріндегі болашақ педагогтардың әлеуетті мүмкіндіктерін ашатын, тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін, жоғарыда көрсетілген тұлғааралық, тұлғаішілік көрсеткіштерді мақсатты дамыту-түзетуге болатын ой-тұжырымдары біздің психотехнологиялық бағдарламаға негіз болады.

2-шарт. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ***теориялық*** қамтамасыздандыратын *«Дуальді білім берудің негіздері»* элективті курсын, «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумын оқу процесіне ендіру. Олай дейтініміз қазіргі әлемде оқу үдерісі тұрақты даму мен жетілдіріп отыруды талап етеді, себебі кез-келген білім беру мекемесіндегі түлектің басты сипаттамалары оның құзыреттілігі және шешім қабылдау жылдамдығы болып табылады. Осыған байланысты, басты назар оқу пәндерін оқу кезіндегі таным үрдісіне жасалынады, оның тиімділігі студенттің танымдық белсенділігіне және пәннің қалай меңгерілуіне байланысты болады.

Элективті курс, практикум жоғары оқу орындарында студенттерді оқытудың заманауи бір формасы екендігі белгілі.

Осы сипаттағы курстардың мақсаты – теориялық пәндерді бейіндеу элементтері бар педагогикалық бағыттылыққа баса назар аудару, студенттердің таңдаған бағыты бойынша білімдерін тереңдету және кеңейту. Көп деңгейлі білім беру жүйесіндегі бұл бағыттың маңыздылығы осы типтегі сабақтарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесімен ұштасқан бірқатар қиындықтардан талап етіледі.

Элективті курс – жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасының студенттерінің таңдау бойынша міндетті оқу пәні. Студент әр семестрге жоғары оқу орны кафедралары ұсынатын элективті оқу пәндерінің барлық тізбесінен оның мүдделеріне жауап беретін немесе міндетті түрде тереңірек оқуға септігін тигізетін пәндерді таңдайды. Осылайша, барлық оқу жылына студенттің жеке

оқу жоспарында бекітілген жеке оқу траекториясын дербес құру мүмкіндігі іске асырылады [149].

Таңдау кезінде студентке көптеген факторлар ықпал етеді: мерзімділік (маңызды істер); әлеуметтік айна (айналасындағылар мақұлдап, құптайтындары); басқа адамдардың және өзінің күтетін нәтижелері; тереңдетілген және ағымдағы құндылықтар (адам ұзақ мерзімді немесе жақын болашақта маңызды деп санайтын); іргелі қажеттіліктер мен сол сәттегі тілектер, өзін-өзі ұғыну.

Элективті курс, практикумдардың алдында келесі міндеттер қойылады:

- базалық немесе бейінді оқу курсын оның мазмұнын кеңейтетін және тереңдететін ақпараттармен толықтыру;
- таңдалған пәнге деген қызығушылықты қолдауға мүмкіндік беретін базалық немесе бейіндік оқу курсының бір бағытының мазмұнын дамыту;
- студенттердің өзін-өзі белсендіруге, мамандық бойынша алдағы уақыттағы пәндерді белсенді зерттеуге, болашақ педагогикалық іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз ететін жалпы педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыруға, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға ықпал ету;
- берілген пән бойынша мектеп дайындығының кемшіліктерін жою;
- болашақ педагогтарды жұмысқа орналастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін, нақты аймақтағы жұмыс берушілердің сұрауларына жауап беру;
- болашақ мамандыққа бағытталған, студенттердің жобалық іс-әрекетіне бірлесе әрекет ету;
- кәсіби іс-әрекеттің түрлі салаларында студенттердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға ықпал ету.

Элективті курс, практикумды оқыту барысында оқытушылар педагогикалық жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде білім мен шеберлікті жүйелі және мақсатты алуға оң мотивациялық ұстанымды қалыптастыруға ұмтылады.

Әрине, біз бір элективті курс жоғарыда айтылған барлық міндеттерді шеше алады деп есептемейміз, бірақ мұндай тұғыр студенттердің жоғары оқу орнындағы оқу үрдісіне табысты бейімделуіне, студенттердің білімдер мен біліктерді игеруіне белсенді ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Біздің зерттеуімізде болашақ мұғалімдер дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыру үшін, алдымен дуальді оқыту, дуальді білім берудің тарихи, теориялық, әдіснамалық негіздерін меңгеруі қажет, сонда ғана өзінің кәсіби іс-әрекетінде дуальді оқыту элементтерін тиімді пайдалануы мүмкін. Ал бұл болса, *«Дуальді білім берудің негіздері»* атты элективті курсты болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесіне ендіруді қажет етеді.

Осы элективті курс педагогикалық ЖОО студенттерінің дуальді оқыту бойынша білімдерін қалыптастыруға бағытталған курс бағдарламасы арнайы дайындықты жорамалдайды. Бұл дайындық дуальді білім берудің тарихи,

әдіснамалық, теориялық негіздерін қамтиды және осы меңгерген білімдерін практикада тиімді пайдалану іскерліктерін дамытуды қамтиды. ЖОО оқу барысында іске асырылатын шаралардың кешенді жүйесі жоғары әлеуметтік құндылықтарға қол жеткізу қажеттіліктерін қалыптастырып, оларға жете білу дағдыларына үйренуге мүмкіншілік береді. Элективті курс әлеуметтік маңызды мақсаттарға жетуге бағытталған құрылымды өзара әрекеттесудің білік пен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіншілік береді. Элективті курстың тиімді орындалуының кепілі – тұлғаның өзіне субъективтілігін табуы үшін оңтайлы жағдайларды жасау болып табылады. Элективті курсты меңгеруі барысында болашақ мұғалімнің бұдан басқа да, педагог мамандығына бағыттылық, практикаға-бағдарланған білімі тереңдетіліп, эрудиция, рефлексия және педагог мамандығына қажетті басқа да сапалары дамытылады. Мұндай жағдайлар жасалған кезде педагогикалық жоғары мектептің түлегі өзінің қайталанбас тұлғалық әлеуеті негізінде әлеуметтік қарым-қатынастарды құра алады.

«Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумы болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда заманауи инновациялық педагогикалық іс-әрекеттердің функцияларының мәнін түсіндіруде, олар туралы білімдерін тереңдетуде маңызды ықпал етеді. Оларды «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінде жүзеге асырудың теориялық-практикалық негіздерін меңгере отырып, оларды практикада қолданудың ерекшеліктерін үйренеді. Ал бұл болса, олардың практикалық іскерліктерінің дамуына негіз болады

Жоғары деңгейдегі кәсіби біліктілігі қалыптасқан болашақ мұғалімді тәрбиелеу, тұлғаның заманауи теориялық білімдерін қалыптастыру мен практикалық даярлығын жетілдіру үшін негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру жағдайындағы болашақ кәсіби қызметіне тән жарыстық, бәсекелестік және қарсыластық күрестің көріну қажеттілігі арасындағы қайшылықтармен күрделенген және білім беру ұжымымен өзара әрекеттестік тұрғысындағы білім алушылар үшін барынша қолайлы жағдайды сақтау қажеттілігін туындатады.

ЖОО-да болашақ мұғалімдерді дуальді-бағдарлық білім беру жағдайында кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында оның осы элективті курс, практикум негізінде игерген теориялық білімдерін практикада көрсету іскерліктері дамытылады.

Ол үдерісті жүзеге асыру мектеп-колледж-жоо интеграциясында мүмкін болады. Сол себепті келесі педагогикалық шарт - «Мектеп-колледж-жоо» ғылыми-әдістемелік кешенін құру болып айқындалды.

3-шарт. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын практикалық қамтамасыздандыратын *«мектеп-колледж-жоо»* өзара әрекеттестігінің механизмін жасау және оны жүзеге асыру.

Әрине аталған даярлық бойынша болашақ педагогтың психологиялық, теориялық деңгейі практикада жүзеге асырылу барысында айқындалады.

Қазіргі уақытта болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын тиімді қамтамасыздандыруда практикалық-бағдарланған білім алдыңғы қатарға шығып отыр. Оған Ж.Ж.Ордабаева, С.С.Контаев, С.А.Нурахметова, С.Д.Муканова, З.С.Назаралиева, К.У.Кунакова және т.б. ғалымдардың теориялық мақалалары және У.М.Абдигапбарова, Н.Б.Жиенбаева, С.А.Жолдасбекова, К.Ж.Бұзаубақова, Д.П.Қожамжарова, Г.А.Федотова, Г.О.Абдуллаева, Г.К.Исаев, Ж.Н.Күмісбекова, С.А.Әубәкірова және т.б. жобасы негізінде жүргізілген практикалық сауалнама нәтижелері дәлел болып отыр.

Осыған байланысты *болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке даярлығының практикалық құрамын күшейту дуальді бағдарлық оқыту мүмкіндіктерін пайдалану негізінде тиімді жүзеге асуы мүмкін* (Дуальді-бағдарлық оқыту ұғымының мәні диссертацияның 1.1 параграфында жан-жақты қарастырылған).

Өйткені, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мамандарды даярлау үдерісінің тұтастығы білім алушылардың оқу мен еңбек іс-әрекеттерінің органикалық байланысында көрініс табады, оны іске асыру дүниетанымның, мінез-құлықтың қоғамдық-құнды мотивтерінің, оқуға, еңбекке, табиғатқа, өзіне, өзге адамдарға деген адамгершілік қарым-қатынастарының қалыптасуына ықпал етеді.

Кәсіптік білім берудің *дуальді формасын әзірлеу және енгізу* бойынша көптеген мамандар (Р.Йенсен, Х.Клейн, Р.Цедлер және т.б.) *педагогикалық теорияны оқудың практикалық қажеттіліктерінен туындаған* деп санайды [150, 151]. Ал *дуальді формалар идеяларының өзі практиканың идеалды жағын білдіреді. Тек тәжірибені терең түсіну негізінде ғана шынайы теория жасауға болады. Теория мен практика арасындағы өзара іс-әрекеттің ең жоғары деңгейі – педагог осы немесе басқа педагогикалық идеяны, болжамды қабылдап, оны саналы және шығармашылық тұрғыдан жүзеге асырып, нәтижелі оқыту үшін сапалы жаңа жағдайды тудыратыны, ал білім алушының ғылыми идеяларды өзінің оқу іс-әрекетінде саналы және шығармашылық түрде қолдануы оларды абстрактілі жалпы теориядан шындыққа айналдыратын деңгейі* саналады. Теория мен практиканың ара қатынасына мұндай ықпал олардың арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуден, өзара іс-әрекеттен, оның дамуының жаңа заңдылықтарын ашу мақсатындағы педагогикалық шындықты тәжірибелік-эксперименттік қайта құрудан тұрады [152, 153].

«Практикаға-бағдарланған» оқыту, бұл кең ауқымды спектрді қамтиды, себебі, уақыт талаптарына сай жұмыс берушілердің талаптарына тиісті жай ғана құзыреттілікті қалыптастыру емес, «құзыретті» мамандарды даярлау мақсатында, ал ол болса кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста бірлескен іс-әрекеттері мен іс-шараларының негізінде жүзеге асады [154]. Ал, дуальді-бағдарлдық оқыту теория мен практика арасындағы байланысты күшейтіп, алшаұтыұты жоюға тырысады [155].

Осы тұрғыдан болашақ педагогтың жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге мүмкіндік жасайтын *«мектеп-колледж-*

жоо» өзара әрекеттестігін жүзеге асыру үшін алдымен оның механизмін және осы үдерістегі субъект-объектіліердің өзара байланыстық сызбасын жасадық (сурет 8,9).



Сурет 8 - Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қатысушы субъект-объекттердің өзара әрекеттесуі



Сурет 9 – Мектеп-колледж-жоо-ң өзара әрекеттестігін жүзеге асыру механизмі

Осы механизмнің жүзеге асу мазмұны 3.2 параграфында жан-жақты мазмұндалады. Егер, дуальді-бағдарлық оқыту жүйесін толықтай жүзеге асыру мүмкіндігі болса, кәсіпорындар мен ұйымдар (біздің жағдайда мектеп, колледж

және т.б. білім беру ұйымдары) университетке белгілі бір мамандарға тапсырыс жасайды (мысалы, мақсатты келісім жасау), жұмыс берушілер оқу жоспарына қатысады (оқу бағдарламасын дайындау). Студенттер білім беру үрдісінің бір бөлігі ретінде жұмыс орнындағы кәсіпорнында (мектеп, колледж, білім мекемелерінде) оқу және өндірістік тәжірибеден өтеді. Дуальді білім беру жүйесінде жұмыс берушінің рөлі күшейтіліп, сапаға жұмыс жасайды және жұмыс орнында студенттерге құрал-жабдықтармен қамтамасыздандырылған ЖОО-дағы аудиториялардан ерекшеленетін жұмыс орындары дайындалады. Ең маңызды компонент - бұл мектеп, колледждерде ментордың тағайындалу қажеттілігі. Дуальді оқытуды енгізу ЖОО-ры үшін (жоғары сапалы маман даярлау), түлектер үшін (практикалық тәжірибенің болуы), жұмыс берушілер үшін (кәсіби маман), сонымен қатар ең бастысы мемлекет үшін өте тиімді, себебі, қойылған міндеттердің бірі экономиканы дамытуға білікті кадрлар даярлау мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Осы шарт аясында *болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының практикалық құрамын* дамытуда дуальді оқыту *элементтерін пайдаланудың бір түрі – педагогикалық практиканың көлемін кеңейту және тиімді пайдалану.* Болашақ мұғалімдердің кәсіби практикалық даярлығын жетілдіретін жүйенің маңызды бөлімі – өндірістік практика.

С.И.Ожегов бойынша: «практика – бұл, адамның әрекеті, оның барысында олар материалдық әлем мен қоғамға әсер ете отырып, оларды түрлендіреді; оқыту нысандарының бірі: теориялық жолмен алынған білімді іс жүзінде қолданып, бекітеді» [156,с. 98].

Педагогикалық сөздіктегі практика адамдардың мақсатты және материалдық әрекеті деп, ал оның мазмұны ретінде табиғи және әлеуметтік нысандардың қайта құрылуы, адам қоғамы мен танымның дамуының жалпы негізі болып саналады. Сонымен, практиканың әр түрлі қырлары оқыту үдерісінде көрінеді және болашақ маманды кәсіби даярлаудың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады [123,б. 68].

Н.А.Морева кәсіби-практикалық даярлықты кәсіби оқу орнында оқытудың бір бөлігі ретінде қарастырады және оның барысында студент кәсіби іс-әрекет үшін қажетті іскерліктер мен арнайы практикалық біліктерді алады деп тұжырымдайды [157,с. 36].

С.Л.Рубинштейн өндірістік практиканың мынадай қызметтерін бөліп көрсетеді: кәсіби дағдыларды меңгеру, кәсіби іс-әрекетке жарамдылығын анықтау тұрғысынан практиканың диагностикалық қызметі мен жалпы және кәсіби білімді тереңдетуге, теорияны шығармашылық тұрғыдан түсінуге ықпал ететін білім беру құралы ретіндегі қызметі [124,с. 322].

Педагогикалық практика міндеті: практикалық іс-әрекет арқылы теориялық білімді бекіту. Егер дәрістер пәннің ғылыми білімінің негізін қаласа, ал практика осы алынған теориялық білімді нақтылауға және тереңдетуге мүмкіндік береді, нәтижесінде кәсіби іскерліктер бекітіліп, автоматтандырылады және соңында дағдыға айналады.

Педагогикалық практика негізінде студенттер мектеп, колледж базасында белсенді іс-әрекет етеді, олардың мектеп, колледж ұжымының мүшелері ретінде педагогикалық үдеріске тікелей қатысады, ал бұл оларға өздерінің теориялық білімдерін қолдануға, кәсіби іс-әрекет тәжірибесін, ұйымдастырушылық жұмыс дағдыларын игеруге мүмкіндік береді. Практиканы жұмыс орнында өту студенттердің бойында жасампаздық іс-әрекетке ұмтылу, кәсіби іс-әрекетке құрмет, тапсырылған іс үшін жауапкершілік пен борыш сезімі сияқты қасиеттер толық қалыптасып, дамиды деп сеніммен айта аламыз.

Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- студенттердің теориялық білімдерін тереңдету және бекіту;
- жоғары білім беру стандарттарының талаптарына және маманның біліктілік сипаттамаларына сәйкес негізгі кәсіби біліктерін, дағдыларын, практикасын қалыптастыру және бекіту;
- болашақ педагогтарда тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту;
- дуальді-бағдарлық тәжірибесін зерттеу және талдау әдістеріне оқыту, оны кәсіби іс-әрекетте қолдану;
- студенттердің пәнді оқыту әдістемесін меңгеру;
- кәсіби өзін-өзі білімдендіру және тұрақты өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамыту;
- таңдаған мамандыққа кәсіби диагностика.

Педагогикалық практикада кәсіби рефлексияны қалыптастыру маңызды, себебі маман үшін өзінің кәсіби іс-әрекетінің құралдары мен әдістерін, практикалық шешімдерін әзірлеу мен қабылдауға және өз іс-әрекетін талдау кезінде туындайтын қиындықтарды түсінуге және оларды жеңудің сауатты жолдарын табуға көмектеседі.

Педагогикалық практика бірқатар қызметтерді атқарады: бейімдеушілік, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, диагностикалық.

Практиканың *бейімдеушілік қызметі* студент мектеп, колледж жұмысының ұйымдастырылуымен ғана танысып қоймайды, сонымен қатар біртіндеп байланыс орнатып, басқару үдерісін үйренеді және ұйымдастырушылық қатынастар мен байланыс жүйесінде бағдарлана бастауында ықпал етеді.

Практиканың *оқыту қызметі* студенттердің теориялық даярлық барысында алынған білімдері практикамен тексеріледі, яғни студент-практикант іс-әрекетінде іске асады және кәсіби біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, кәсіби сананы қалыптастыру үдерісі жүреді.

Практиканың *тәрбиелік қызметі,* дәл осы, практикада студент өзінің кәсіби іс-әрекетін жақсы көруді және қабылдауды үйреніп, ол қандай болса да шыдамдылық, төзімділік, жауапкершілік және борыш сезімін қалыптастыруға әрекет етеді. Жұмыс жасай отырып, студенттер өз бетімен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеумен үнемі шұғылдану қажеттігін айтарлықтай тез түсінеді, себебі өзіндегі бар білім жеткіліксіз, ал қажетті кәсіби сапалар үнемі тұрақты дамуды талап етеді.

Аталған қызметтермен тығыз байланыста *дамытушы қызметі* де әрекет етеді. Практикада студент-практиканттың кәсіби қабілеті қалыптасады және

дамытылады, ал егер болашақ педагогтің қандай да бір кәсіби қабілеті әлсіз болса компенсаторлық біліктер әзірленеді. Практика барысында студент жеке тұлғалық және кәсіби тұрғыдан дамиды. Ол өмір сүру тәжірибесіне ғана емес, басқарушы ретінде ойлануға және әрекет етуге үйренеді.

Практиканың *диагностикалық қызметінде* студент мұғалімдермен, оқушылармен, колледж студенттерімен қарым-қатынас жасағанда өзінің эмоционалдық жағдайын бағалай алады. Нақты кәсіби іс-әрекетте болашақ педагогтің тұлғалық және кәсіби қасиеттері анықталады.

Практиканы ұйымдастыра отырып, студент практика кезеңінде тек оқыту және тәрбиелеу нысаны ретінде әрекет етпеуі тиіс, әрбір студент даярлаудың тұлғалық-бағытталған, кешенді, күрделенетін, үздіксіз және шығармашылық сипатын қамтамасыз ету қажет. Өзара қарым-қатынас жүйесінің өзі студент позициясының белгілі бір субъективтілігін қарастыра отырып, өзара әрекет және ынтымақтастық сипатында болуы тиіс. Белгілі бір ұйымда педагогикалық практиканы ұйымдастыруды ойластыра отырып, оның жетекшісі арнайы практика курсын орындауға ғана емес, ең алдымен әрбір студентке бірегей тұлға ретінде жақындап, кәсіби шеберлікпен қарай отырып, барлық жеке және кәсіби жақтарын мақсатты түрде ашып, әлсіз жақтарын толықтыруға көмектесуі тиіс.

Әр студенттің практикада өз пікірін айтуға, кез-келген қажетті кеңес, көмек алуға, қандай да бір жағдайды немесе оның шешіміне қатысты қабылданған шешімді түсіндіруге мүмкіндігі болуы тиіс.

Студенттердің ұйым шарттарына және оларға қойылатын талаптарға бейімделуіне қарай жұмыстың мазмұны мен әдістерін, практика барысындағы жұмыс кестесін, бір-бірінің және өзінің іс-әрекетін бағалауда олардың құқықтарын кеңейту қажет.

Тиімді ұйымдастырылған практика көп жағдайда күрделендірілген сипатқа ие. Мектеп, колледж базасының әртүрлі типтерімен және олардың қызметімен жалпы танысудан, алынған ақпаратты бақылау мен талдаудан бастап, практикант біртіндеп неғұрлым күрделі және жауапты тапсырмаларды орындайды.

Осылайша, педагогикалық практика – бұл педагогтың бірнеше идеалданған еңбегінің үлгісі деп негіздеуге болады. Тек практикада ғана студент өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетімен толық айналыса алады.

Сол себепті дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімнің практикалық даярлығын жетілдіруде өндірістік практиканың көлемін көбейтуді және оларды тиімді пайдалануды қажет етеді.

Жоғарыда айқындалған педагогикалық шарттарды нәтижелі жүзеге асыру үшін дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды модельдеу қажеттілігі туындайды. Ол туралы диссертацияның келесі параграфында жан-жақты мазмұндалады.

2.3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі

Диссертацияның 2.1 параграфында дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасқандығын анықтайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді айқындаған болатынбыз. 2.2 параграфында аталған қалыптастыруды жүзеге асыруға қажетті психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтадық. Анықталған психологиялық-педагогикалық шарттар дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінде жүзеге асырылады. Сол себепті осы үдерісті модельдеу қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты алдымен модель, модельдеу ұғымдарының мәніне назар аударды қ. Модельдің алғашқы мағынасы құрылыс өнерімен байланысты үлгі сөзінің мағынасын білдіру үшін қолданылған. «Модель» сөзі француз тілінен *modèle,* латын тілінен *modulus* аударғанда «үлгі» дегенді білдіреді [133, б. 325].

Л.М.Фридманның тұжырымдауынша модель – зерттелетін ерекше объекттің, құбылыстың немесе түпнұсқа-объектінің жалпыланған және абстрактілі тұрғыдан ұсынылуы, сызбасы [158]. Ал бұл болса, *модельдің зерттелетін объектінің аналогы екендігін білдіреді*.

Ғылым әдіснамасында модель деп, белгілі бір әлеуметтік шынайылықтың, адам мәдениетінің пайда болуының, тұжырымдамалық-теориялық білімі мен және т.б. түпнұсқасының ұқсастығы (сызбасы, құрылымы, таңбалық жүйесі) түсініледі. Бұл ұқсастық сызба не құрылым түпнұсқа туралы білімдерді (ақпаратты) сақтауға және кеңейтуге, түпнұсқаны құрылымдау, оны түрлендіру немесе басқаруға арналады [159].

Р.Шеннон модель тұрғысынан нақты қолданыстағы формадан біршама ерекшеленетін объектінің, жүйенің немесе ұғымның (идеяның) ұсынылуын анықтайды [160]. Кейбір зерттеушілер (Г.Н.Кочетов, В.И.Логинова, А.А.Самарский, Т.В.Светенко, Л.Г.Семушина, В.А.Сластенин) «модель» ұғымын, зерттеу объектісін көрсететін немесе жаңғыртатын, ойша елестетуге болатын немесе материалдық тұрғыда жүзеге асырылатын жүйе ретінде қарастырады [133,б. 255].

В.М.Полонский модельді түпнұсқа-жүйенің кейбір маңызды қасиеттерін тудыратын, объектілер немесе таңбалар жүйесі деп, түсіндіреді [161].

В.И.Горова, Т.Г.Захарина және т.б. зерттеушілердің тұжырымдауынша модель, объектінің теңдесі бола тұрып, талдау мен қорытындылар жасауға ыңғайлы және қолжетімді, қарапайым және көрнекі форма түрінде белгілі бір білім саласындағы белгілерді, фактілерді, байланыстарды, ара-қатынастарды білдіруі қажет деп есептейді [162].

Модельдерге бірқатар жалпы талаптар қойылады: адекваттылық – объект қасиеттерінің барынша нақты көрінуі; толықтылық – объект туралы барлық қажетті ақпараттың алушыға ұсынылуы; икемділік – шарттар мен параметрлердің бар ауқымында әртүрлі жағдайлардың жаңғыру мүмкіндігі;

әзірлеменің еңбек сыйымдылығы бар уақыт пен бағдарламалық құралдар үшін қолайлы болуы.

Модельдеу – бұл объект үлгісін құру және модельді зерттеу арқылы объектінің қасиеттерін зерттеу үдерісі.

Сонымен, *модельдеу келесі негізгі кезеңді болжайды:* модельді әзірлеу; модельді зерттеу және қорытындылар алу. Бұл орайда әрбір кезеңде әр түрлі міндеттер шешіледі және мәні бойынша ерекшеленетін әдістер мен құралдар қолданылады.

Бірқатар педагогикалық әдебиеттерде модельдеу объектіні жанама зерттеудің әдісі ретінде қарастырылады. Оның барысында зерттеушіні қызықтыратын объект түрлі қырларынан зерттеледі немесе меңгеріледі. Осыған орай Ю.К.Бабанский [163] модельдеу зерттелетін құбылыс немесе үрдіс туралы білімдерді жүйелеуге септігін тигізеді, олардың барынша тұтас сипатталу жолдарын алдын ала болжайды, компоненттер арасында толығырақ байланыстарды белгілейді, тұтас жіктемелерді және т.б. құру үшін мүмкіндіктер тудырады, деп көрсетеді.

Н.В.Кузьмина [164] өз еңбектерінде, модельдеу – бұл ерекше объектілерді – нұсқалар мен үлгілерді құрудан және зерттеуден тұратын, кез келген құбылыстарды зерттеудің жалпы ғылыми әдісі деп тұжырымдайды. Бұл арада ол модель ретінде басқа құбылысқа ұқсас және зерттеуі қиынға соғатын немесе мүлде мүмкін емес, жасанды жолмен зерттеу үшін жасалған құбылыстарды (зат, үдеріс, жағдай және т.б.) түсіндіреді.

Соңғы жылдары модельдеу педагогика саласында кеңінен қолданылады. Мұны модельдеу мәселесіне, модельдерді қолдану мүмкіндіктерін зерттеулерге арналған көптеген басылымдар дәлелдейді. Модельдеу білімдердің барлық салаларындағы зерттеулердің негізгі әдісі болып табылады және қазіргі кезде ғылыми білімді тиянақтаудың оңтайлы және экономикалық тәсілі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық модель – бұл педагогикалық іс-әрекеттің моделі, онда күтілетін нәтиженің түпкі ойы көрсетіліп, мәні айқындалады, күтілетін нәтижені жүзеге асыруға қажетті құралдар мен шарттардың сипаттамасы беріліп, іс-әрекет субъектілері көрсетіледі.

Ал *теориялық модель* – ол шынайылық туралы қандай да бір теориялық және сызбалық түсінік (идеалдандырылған абстракция, объектілер арқылы). Зерттеу пәнінің теориялық моделі: біз белгілеген абстрактілі обьектілердің арасында болатын, ойға қонымды немесе теориялық болжанатын барлық байланыстардың логикалық сұлбасы; зерттеудің пәндік саласын сипаттайтын, логикалық байланысқан абстрактілі ұғымдардың және құрылымдылық элементтердің (категориялар, ұғымдар, терминдер) жиынтығы.

Тұжырымдамалық модель (ағыл. conceptual model) – бұл қарастырылатын пән саласының мағыналық құрылымын немесе оның нақты объектісін белгілейтін, көптеген ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстармен ұсынылады.

Құрылымдық-функционалдық модель – аталған жүйенің нақты элементтерінің жиынтығы, осы элементтер арасындағы жеткілікті және қажетті ара-қатынастардың, сонымен қатар жүйе мен қоршаған орта арасындағы байланыстардың жинағы.

Сонымен, құрылымдық-функционалдық модельдеуді обьектілердің, жүйелердің, құбылыстардың, үдерістердің үлгілерін құру арқылы зерттеу деп түсінеміз. Қазіргі педагогигалық ғылымда құрылымдық-функционалдық модельдеуді дамыту білім беру мен әлеуметтік-мәдени салаларының берік тұтастығының нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық білім беру жүйелері біріктірілген және білім беру үдерісінің барлық субьектілері мен әлеуметтік ортаның арасында белсенді өзара әрекеттестікті жүзеге асыруға арналады.

Құрылымдық-функционалдық модельді құру үдерісін талдай келе, оның бірқатар кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

- жүйені модельдеу үшін *әдіснамалық негіздерді* таңдау. Кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі жағдайларында мұндай негіз: білім берудің тұлғаға бағдарланған парадигмасы; таным үрдісін ұйымдастырудағы әдіснамалық тәсілдемелердің жиынтығы; шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауды және т.б дамыту болып саналады;
- модельдеудің міндеттерін қою. Яғни қойылған нақты *мақсаттың* негізінде *міндеттерді* анықтау. Оны оқытудың әр кезеңіне қарай белгілеу және нақтылау;
- модельді құрылымдау. Оның негізгі *құрамдас бөліктерін* анықтау, олардың арасындағы тәуелділікті айқындау, даму динамикасын белігілеу және т.б.;
- құрастырылған құрылымдық-функционалдық модельді экспериментте тексеру;
- модельдеудің алынған нәтижелерін талдау және түсіндіру.

Жобаланған модельдің өзіне тән ерекшеліктерін ескеру мақсатымен оны құруда, әрекет етуінде және дамытуда төрт топқа біріктірілген ережелер сақталады: жүйенің мәні мен күрделілігі, жүйенің сыртқы ортамен байланысы, жүйенің мақсат қою әдіснамасы, жүйенің қызметі мен даму мөлшерлері. Бұл үздіксіз кәсіби-педагогикалық үдерісті жобалауға ең алдымен дәстүрлі емес сипаттамалар тән, себебі білім берудің мәнін жаңаша ұғынудан, педагогикалық іс-әрекеттің ең жақсы модельдерін қолданудан, педагогикалық жүйенің қатысушы-субьектілерінің санасы мен ойлауының ілгері даму үдерістеріне үнемі ұмтылуынан тұратын өзара әрекеттестікті айтамыз [165].

Біздің зерттеуіміздегі құрылымдық-функционалдық модельдеу дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында әлеуметтік ұтқырлы, шығармашыл және еркін ойлай алатын инновациялық, жасампаз тұлғаның педагогикалық тәжірибесінің ұлғайған қажеттіліктері мен теориялық және практикалық кәсіби білім берудің жоғары нәтижелерінің арасындағы келіспеушілік мәселелерін шешуге арналады.

Зерттеу барысында біздің еңбегімізге жақын келетін ЖОО студенттерін болашақ кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесіне қатысты орындалған шетелдік (И.Н.Кокорина, Э.В.Михайлова, Д.Н.Корнеев, Ю.С.Дутикова және т.б.) және отандық (Ж.Е.Елюбаева, Ж.О.Нуржанбаева, Ж.Е.Алшынбаева және т.б.) диссертациялық зерттеулердегі құрылымдық-функционалдық модельдеу құрылымына және мазмұнына талдау жасадық.

Мәселен, И.Н.Кокорина өз зерттеуінде педагогикалық модельдің негізгі ұйымдастырушылық-әдістемелік компоненттерінен: ЖОО студенттерін болашақ кәсіби іс-әрекетке даярлаудың *мақсаттары* (психологиялық, дидактикалық, тәрбиелік), *қызметтері* (үйретуші, дамытушы, тәрбие беруші), *іс-әрекет мазмұны* (іздену кезеңі, тұрақтандыру және қалыптастырушы эксперимент кезеңдері), *түрлері* (оқу үрдісін, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін, аудиториядан тыс іс-әрекетті ұйымдастыру), *әдістері* (диагностика, оқыту, іс-әрекетті ұйымдастыру, бақылау және өзін-өзі бақылау), *құралдары* (оқу кешендері, оқытудың техникалық құралдары), *өлшемдері* (когнитивтік, эмоционалдық, әрекеттік, еріктік) және студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетке даярлаудың көрсеткіштерінен тұратынына негіздеді [166].

Э.В.Михайлова өз жұмысында «мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінде үздіксіз дизайнерлік білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін ұсынады. Ол модельді өзара байланысқан төрт блоктан: 1-блок – дизайнердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде іске асырылатын мақсаттар мен міндеттердің барлық ауқымын көрсететін *мақсатты* (мақсаты, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері); 2-блок – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін айқындайтын *мазмұнды*; 3-блок – дизайнерлік білім беру жүйесі субъектілерінің әлеуметтік және білім беру әрекетін сипаттайтын *іс-әрекеттік*; 4-блок – *нәтижелі бағалық* (өлшемдер: құндылық-мотивациялық, когнитивті, шығармашылық, жобалық-іс-әрекеттік; деңгейлер: бейімделу, өнімді, креативті) негізгі біл[ім беру және кәсіби даярлық деңгейлеріндегі кәсіби құзіреттіліктің қалыптасқандығы дәрежесін анықтайды [167].

Д.Н.Корнеев болашақ менеджерлерді кәсіби іс-әрекетке практикалық-бағдарлық даярлауда *әдіснамалық, теориялық және әдістемелік даярлықты*; көрсеткіштерді (білім, қарым-қатынас және өзіндік бағалау, қабілеттілік пен біліктер); деңгейлерді (жоғары, орта, төмен) қарастырған [145,с. 99].

Ю.С.Дутикова ЖОО-на дейінгі кезеңінен ЖОО кезеңіне көшуде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-тұлғалық даярлық мазмұнындағы сабақтастық қағидасын жүзеге асыру моделін ұсына отырып, 1-блок – жоо-на дейінгі: мақсат, компоненттер (*білімділік, құндылықтық, тұлғалық)* және диагностикалар; 2-блок – жоо кезеңі: мақсат, компоненттер (*білімділік, құндылықтық, тұлғалық)* мен біліктілік сынағын және деңгейлерді (жоғары, орта, төмен) қарастырады [168].

Ж.Е.Елюбаева үздіксіз кәсіптік білім беру (колледж-жоо) жағдайында студенттердің оқу белсенділігін қалыптастырудағы сабақтастық мәселесін зерттеуінде оқу белсенділіктің моделін ұсынады. Модель: оқу белсенділік

компоненттерінен: *мотивациялық, когнитивтік, операциялық,* оқу белсенділік өлшемдерінен: оқу іс-әрекетінің басымдылық мотиві, танымдық іс-әрекетінің білім, білік, дағдысы, оқу іс-әрекетін жүзеге асыру үдерісінде білік, дағдылары меңгеру және оқу белсенділік көрсеткіштерінен тұрады. Ал осы жерде атап өтетін мәселе мотивациялық компоненттің көрсеткіштерін: танымдық, кәсіби, өзін-өзі жүзеге асыру, әлеуметтік мотивтерге топтастырады [147,с. 28-31].

Ж.О.Нуржанбаева дуальді оқыту жүйесіндегі колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың құрылымдық моделін құра отырып, 4 құрамға (блокқа) бөледі: мақсаттық, мазмұндық (аталған құрамда өзара байланысқан үш компонентті енгізеді: *мақсатты, процессуальды-әдістемелік және талдау-болжамдық),* үдерістік ж»не өлшемдік рефлексивті құрам. Әр компоненттін мақсат-міндеттерін, қызметтерін, кезеңдері мен әдістерін көрсеткен [6,б. 73].

Ж.Е.Алшынбаева дуальді оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлаудың моделін ұсынады: мақсаттық, өлшемдік, мазмұндық, нәтижелік бөліктерден құралады. Өлшемдік бөлікте компоненттерді және өлшемдер мен көрсеткіштерді ұсынады: *мотивациялық-мақсаттылық; мазмұндық-әрекеттілік (процессуальдық); бағалау-нәтижелілік*; нәтижелерін жоғары, орта, төменгі деңгейлермен анықтаған [7,б. 64].

Сонымен жоғарыда көрсетілген ғалымдар зерттеуіндегі модельдеуді қорытындылайтын болсақ, олардың әрбірінің өзінің зерттеу объектісіне сәйкес ерекшеліктері болғанымен, бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі және барлығының да құрылымы бір-бірімен тығыз байланыстағы құрамдас бөліктерден тұрады, бөліктер мазмұнына сәйкес мақсат, міндеттерді, теориялық мазмұнды, практикалық жүзеге асыруды, диагностикалауды қарастырады.

Ал, біздің зерттеуімізде дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру процесс тұрғысынан модельденеді. Осы процесс мақсатқа сай және жүйелі жүргізілуі үшін біз дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасадық (сурет 10). Біз ұсынған дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі *тұжырымдамалық, технологиялық және өлшемдік блоктарынан* тұрады. Аталған модель педагогикалық жоғары оқу орындарында дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісіндегі жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігін қамтиды.

Бәрінен бұрын тұжырымдамалық блок мазмұнында мамандыққа деген *қоғамдық сұраныс* талаптарын анықтап алудың қажеттігі туындады. Біз оларды былайша топтастырдық:

- жоғары кәсіптік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, жасампаз педагогтарды даярлауға әлеуметтік сұраныс;

- заманауи мұғалімнің практикалық даярлығын жетілдіруге қоғамның зәрулігі;
- жоғары педагогикалық оқу орындарына дуальді оқыту элементтерін ендіру қажеттілігі;
- болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын «мектеп-колледж-жоғары оқу орны» өзара әрекеттестігінде жүзеге асыруға зәрулігі.

Сондай-ақ осы блокта қазіргі педагогикалық білім беруді жаңартудың заманауи талаптарына сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру деп модельдің *мақсатын* қарастырамыз. Қойылған мақсат МЖМБС талаптарымен, кәсіби мотивация және кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі жоғары педагогикалық білім беру саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға қоғамның әлеуметтік тапсырысымен нақтыланып отыр. Аталған мақсатқа қол жеткізу келесідей *міндеттерді* жүзеге асыру арқылы мүмкін болады: болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау сапасын білім берудің үздіксіздігі және сабақтастығы негізінде арттыру; үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің сабақтастығы негізінде біртұтас білім беру ортасын құру; білім алушылардың теориялық және практикалық даярлықтарын жақындастыру; «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінде болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларының қалыптасуын бағалайтын өлшемдік құралдарды жетілдіру.



Сурет 10 – Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі

Сондай-ақ, бұл блокта педагогикалық мамандықты игерген студенттердің даярлығын қалыптастыруға ықпал ететін әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар беріледі. Алайда, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда *жүйелік, синергетикалық, біртұтастық, іс-әрекеттік, практикаға-бағдарлық, құзыреттілік* және т.б. әдіснамалық тұғырлар мен *басқару, сабақтастық, үздіксіздік, ұтқырлық, кіріктіру, дуальділік* және т.б. әдіснамалық ұстанымдарын 1.2 параграфында жан-жақты сипаттаған болатынбыз.

Осы тұста тұжырымдамалық блоктың негізгі даярлық мазмұнын құрайтын *психологиялық, теориялық, практикалық даярлыққа* тереңірек тоқталып өткенді жөн көрдік.

Психологиялық даярлық – бұл болашақ педагог тұлғасының іс-әрекет, қарым-қатынас, санасын дамыту бойынша ерекше психологиялық жұмыс. Ол біздің зерттеуімізде мұғалімдік еңбекке мотивациялық, эмоционалдық-еріктік даярлықты қалыптастырудан тұрады.

Х.Т.Шерьязданова психологиялық даярлықты үдерісті ұйымдастыру, оның әдістемесі мен мазмұны ретінде айқындады. Оның пікірінше, студенттерге психологиялық білім беру барысында психологиялық пәндер бойынша дәрістердің жиынтығы тиімді болады, ал студенттер игерген академиялық білім және осы білімді игеру мақсатында практикаға жіберу ғылыми-кәсіби даярлықтың басты шарты ретінде қарастырылады [169].

И.А.Оралканова, Х.Т.Шерьязданованың пікірін қолдай отырып, болашақ мамандарды даярлауда теориялық және практикалық даярлық синтезін есепке алу қажеттілігі маңызды шарттардың бірі екендігін, теорияның практикамен байланыс қағидасын есепке алу қажетілігін атап өтеді [170].

Сондай-ақ, М.К.Бапаева студенттердің психологиялық даярлығының негізін психологиялық пәндер арқылы білімді жетілдіру құрайтынын негіздейді. Психологиялық пәндердің мазмұнына студенттің білікті маман және тұлға ретінде қалыптасуының шарты ретінде белгіленген қарым-қатынас психологиясы мәселелерін енгізу қажеттігін көрсетеді [171].

О.М.Краснорядцева кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлықты:

- кез келген психикалық құбылыстар мен көріністердің алдындағы ұстанымдар (өткен тәжірибенің «осы жерде және қазір» жағдайға проекциясы);
- өз әлеміннің бейнесін «тәртіпке келтіруге» мотивациясы (мұндай даярлық адамға оның не істеуінің мәні мен құндылығын сезінуге мүмкіндік береді);
- дербестендіру үдерісі арқылы өзін-өзі жүзеге асыру тұрғысынан қарастырады [172].

Барлық зерттеулерді байланыстыратын негізгі мәселе олардың жалпы бір міндеттерді шешетіні, яғни субъекттің әр түрлі кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастыру мен дамыту.

Педагогтың психологиялық даярлығының мазмұнына өзін-өзі тану мәселелері, кәсіби даму міндеттерін шешу тәсілдері, өз-өзімен жұмыс жасаудың психотехникалары, іс-әрекет пен мінез-құлықтың жеке стиліне машықтану кіреді [173].

Біздің зерттеуімізде психологиялық даярлық психотехнологиялық бағдарлама негізінде жүргізіледі. Сол себепті ол дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтарды кәсіби іс-әреке даярлаудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарты болып табылады.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке *теориялық даярлығы* ең алдымен заманауи педагогтың педагогикалық іс-әрекетінің басты функциялары (*оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік)* туралы білімдерді меңгеру, бұдан басқа болып жатқан үдерістерді бақылау, олардың барысын талдау, құрамдас компоненттерін бөліп шығару және арасында өзарабайланыс орнату, кез келген үдерістің әрбір бөлігін ұғыну және оған тән заңдылықтарды табу қабілеті түсіндіріледі. Жаңартылыған білім мазмұнын, инновациялық технологияларды меңгеру және т.б. жатады. Бұдан басқа дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімдерін тереңдету енеді. Теориялық даярлық дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының инновациялық-танымдық компонентін дамытуға ықпал етеді.

Теориялық даярлық – болашақ педагогтарды өз мамандықтары бойынша терең және жан-жақты білімдермен қаруландыруға бағытталған және педагогикалық практиканы тану мен педагогикалық іс-әрекет үдерісінде танымдық қабілеттерін дамытатын шеберлік пен дағдылар жүйесі.

Теориялық даярлық *әдіснамалық деңгейде:*

- еңбек іс-әрекетінің қажеттілігін сезіну;
- мамандықтардың алуандылығын түсіну;
- кәсіби іс-әрекеттің («адам-табиғат», «адам-техника», «адам-таңбалау жүйесі», «адам-адам» салалары бойынша) ерекшеліктері туралы білімдерді меңгеру;

теориялық деңгейде:

- нақты бір мамандық бойынша теориялық білімдерді меңгеру;
- кәсіби біліктердің негізгі теориялық алғышарттарын білу;
- таңдалған мамандықтың категориалды аппараттың негізгі элементтерін игеру болып табылады.

Практикалық даярлық – ЖОО-да студенттердің теориялық білімдерін бекітудің және білік, дағды, құзыреттілікті қалыптастырудың негізі. Студенттерді практикалық оқыту оқу үрдісінің міндетті бөлігі және студенттерді кәсіби-өндірістік іс-әрекетке даярлау мақсатында жүзеге асырылады. Практикалық даярлық талап етілетін деңгейде кәсіби икемдер мен дағдылардың қалыптасқандығынан байқалады.

Практикалық даярлықтың міндеттері:

- кәсіби-педагогикалық іс-әрекет үшін мамандық студенттерінің сапалы практикалық даярлығын қамтамасыз ету;
- теориялық білімді бекіту және практикалық, кәсіби дағдылар мен іскерлікті меңгеру мақсатында кәсіби-педагогикалық практиканың түрлерін (таныстыру, өндірістік, диплом алды және т.б.) ұйымдастыру;
- практикадан өту шарттарын жақсарту үшін қолданыстағы практикалар

базасын жетілдіру;

- дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау сапасын арттыру;

- студенттердің кәсіби-педагогикалық практикасын, тағылымдамаларын ұйымдастыру және оларды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілермен өзараәрекеттестік орнату.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке практикалық даярлығы әдіснамалық, теориялық, әдістемелік білімдер мен біліктер жүйесіне сүйенеді.

Студенттерді практикалық даярлау өзін-өзі ұйымдастыруды дамытуға, кәсіби дағдыларды қалыптастыруға, теориялық сабақтарда алынған білімді бекітуге ынталандыруды арттыруға ықпал ететін жүйе және жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі.

Осы орайда, *практикаға-бағдарлық даярлық* – белгілі әлеуметтік жағдайларда тұлғаның өзін-өзі толыққанды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін және кәсіби іс-әрекеттің басымдығы практикалық жұмыспен жүзеге асырылатын үдеріс. Оның ядросы кәсіби «Мен»-тұлға тұжырымдамасы болып табылатын жеке тұлғаның өзі туралы («Мен» бейнесі) пікірі мен мамандық туралы түсінігі және тәжірибесінің өзіндік бағалауынан тұрады [174].

Осылайша, практикалық даярлықты тиімді жүзеге асыру болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға ықпал етеді және аталған педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты – қоғам сұраныстарына жауап беретін жоғары кәсіби білікті маманды қалыптастыруға бағытталған.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың практикалық даярлығы олардың процессуалдық-нәтижелік компонентін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен *психологиялық даярлық* – оқу әрекетінде өзін-өзі реттеу тетіктері мен кәсіби дамуында басқару тетіктерін қалыптастырып, дамыту; білім беру үдерісі субьектілерінің жеке қасиеттерін психологиялық даярлық құрылымының дуальді-бағдарлық іс-әрекетіне кіріктіру*ді; теориялық* – дуальді-бағдарлық оқыту үдерісіне ену; оқыту субъектісін «мектеп-колледж-жоо» жүйесінде өзара қарым-қатынасты жүзеге асыра отырып соңғы нәтижеге бағдарлауды; *практикалық* – дуальді-бағдарлық (практикаға-бағдарлық) оқыту үдерісіне студенттерді тиімді енгізуді қамтамасыз етеді.

Модельдің **технологиялық блогы** дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінің технологиялық (ішкі мазмұндық, ұйымдастырушылық) жағын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Технологиялық блок дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарынан; оны жүзеге асырудың формаларынан, әдістерінен, құралдарынан; даярлау кезеңдерінен тұрады.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарының («мектеп-колледж-жоо»-ның өзара әрекеттестігін жүзеге асыру: психотехнологиялық бағдарлама әзірлеу, пайдалану; элективті курстар ендіру; педагогикалық практикаға қосымшалар жасау, қолдану; ҒӘК ережесін әзірлеу, өзара әрекеттестік жоспарын іске асыру; ҒӘК аясында іс-шаралар ұйымдастыру; ментор ережесін әзірлеу) өзара байланыстылығын көрсетеді. Осы шарттар сақталғанда және олар өзараәрекеттестікте жүзеге асырылғанда ғана дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың заманауи инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларының тиімді қалыптасатындығын айқындайды.

Осы блоктағы элективті курстарды ендірудің қажеттілік шарт болуы заманауи жасампаз педагог болу үшін дуальді-бағдарлық оқытудың қажеттілігін түсінуі, оның мазмұнын білуі, практикалық даярлыққа қажеттілігін түсінуі үшін, қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқыту, тәрбиелеу, зерттеушілік, әдістемелік, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларды жете меңгеруі, қазіргі педагогикалық жоо модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлей білуді, инновациялық педагогикалық тәжірибені меңгеру мен зерттеу үшін жаңа формаларды іздестіруді жүзеге асыруы керектігінен туындайды. Осы білімдерді меңгеруге және оларды практикада қолдануға олардың ерік жігерінің болуын қалыптастыруда психотехнологиялық бағдарлама үлкен маңызға ие болады және олардың психологиялық даярлығын жүзеге асырады. Болашақ педагогтың теориялық даярлық пен практикалық даярлығының арасын жақындастыруда «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігін жүзеге асыруда жасалған Ережелер, практика мазмұнына қосымшалар мен олардың орындалуы қажетті шарт болып табылады.

Сондай-ақ, дуальді-бағдарлық оқытуды іске асыру үшін креативті құралдарды іздеуде қабілетін дамыту қажет. Жоғары оқу орны оқытушысының жетекшілігімен жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері, оқушылары мен колледж студенттері ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады, «жоо оқытушысы-колледж оқытушысы-мектеп мұғалімі» мен «жоо студенті-колледж студенті-мектеп оқушысының» өзара әрекеттестігінің нәтижесінде ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлейді, мастер-класстар, тақырыптық кездесулер өткізіледі, практикаға (оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алды және т.б.), курстық, дипломдық жұмысқа кеңес береді, жетекшілік жасайды, тәжірибе алмасады, оқу және оқудан тыс, тәрбиелік іс-шараларын бірлесіп орындайды.

Осы тұрғыдан аталған блокта дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың заманауи инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларының тиімді қалыптастыруда қолданылатын формалар, әдістер, құралдар көрсетіледі. *Формаларға* инновациялық дәріс, семинар-тренинг, мастер-класс, мұғалімдер мен ғалымдардың конференциясы, бірлескен жоба, байқау, диплом жұмысын қорғау, көрме, ашық есік күні және т.б., *әдістерге* дәстүрлі, интерактивті, диалогтік, өзарабайланыстық, әріптестік, ынтымақтастық және т.б., ал *құралдарға* элективті курстар,

психотехнологиялық бағдарламалар, менторлық ережелер, ақпараттық, коммуникациялық, электрондық құралдар және т.б. ендірілген. Бұлардың барлығы да болашақ педагогтың инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларын «мектеп-колледж-жоо»-ның өзара әрекеттестігінде нәтижелі қалыптастыруда ықпалы зор.

Технологиялық блоктағы тағы бір маңызды құрам болып дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауды жүзеге асыру кезеңдері белгіленген. Бұл бейімділік, білімділік, біліктілік кезеңдерінен тұрады. Осы кезеңдер даярлықтың мазмұнына (психологиялық, теориялық, практикалық) кәсіби-тұлғалық сапаларының компоненттерінің (мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік) қалыптасуына сәйкес жүзеге асырылады. Кезеңдердің жүзеге асырылуына жоғарыда көрсетілген технологиялық мазмұн негіз болады. Ал бұл болса, модельдің құрылымдық бөліктерінің бір-бірімен тығыз байланыста құрылғандығын білдіреді. Сондай тағы бір байланыс **өлшемдік блоктың** болуын қажет етеді.

Өйткені даярлық кезеңде жүзеге асырылған технологиялық мазмұн нәтижесіне мониторинг жасалады. Мониторинг 2.1 параграфында біз айқындаған өлшемдермен, көрсеткіштермен өлшеніп деңгейлеріне қарай топтастырылады. Олардың даму динамикасы біз айқындаған психологиялық-педагогикалық шарттардың және олардың мазмұнын жүзеге асыру формалары, әдістері мен құралдарының, даярлық кезеңдерінің тиімділігін айқындайды. Бұл да модельдің өзара тығыз байланыста құрылымдалғанын дәлелдейді.

Модельдегі өлшемдік блокта дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастырудың эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық өлшемдері көрсетіледі. Олардың төмен, орта, жоғары деңгейлері пассивтік, белсенділік, жасампаздық тұрғысынан айқындалған. Олар туралы 2.1 параграфында жан-жақты баяндалған.

Біз ұсынып отырған модельдің барлық блоктары заманауи, бәсекеге қабілетті, инновациялық педагогтарды қалыптастыруға бағытталған және мақсатты жүйелі жұмыс пен даярлықты талап ететін кешенді және көп қырлы үдеріс.

Осы модельдің тиімділігін айқындау үшін тәжіріибелік-эксперимент жұмысын жүргізу қажет болды. Оның өткізілу барысы мен мазмұны келесі тарауда баяндалады.

3 ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

3.1 Тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру

Зерттеу жұмыстары негізгі ғылыми болжамымызға сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының үш құрамдас бөлігі негізінде құрылды: психологиялық, теориялық, практикалық. Осыған сәйкес зерттеудің нысандары, әдістер і мен барысы жүзеге асырылды.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмыстары келесі оқу орындарында жүзеге асырылды: Абай атындағы ҚазақҰПУ 6М010300 - Педагогика және психология - 10 магистрант, 5В010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы - 55 студент, Қазақ Қыздар МУ «5В010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы - 44 студент, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі 5В010500-«Бастауыш білім беру» - 55 студент, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі 5В010500-«Бастауыш білім беру» - 54 студент, №108 жалпы білім беретін Бастауыш сынып мұғалімдері - 20 мұғалім, Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастауыш сынып мұғалімдері - 20 мұғалім қатысты, №108 жалпы білім беретін мектеп - 25 оқушы, Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі - 24 оқушы (10-ші кесте, Қосымша А).

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы теориялық, практикалық құрамдас бөліктер ретінде анықталып, осыған сәйкес әдістемелер таңдалды.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың компоненттері мен өлшемдері бойынша әдістемелерді [176, 177] топтастыру жүргізілді, оны 9-ші кестеде көруге болады.

Кесте 9 – Компоненттері мен өлшемдері бойынша әдістемелер

Компоненттері	Өлшемдер	Әдістемелер
Мотивациялық-құндылықты	Эмоционалдық-еріктік	1.Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау (Н.П.Фетискинмен бейімделген) 2.ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина) 3.Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаев модификациясы) 4. Автрлық сауалнамалар [175]
Инновациялық-танымдық	Интеллектуалдық-креативтілік	4. Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.) 5.Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасы 6.С.В.Пазухина бойынша педагогикалық сананы зерттеу бойынша аяқталмаған сөйлемдер сауалнамасы
Процессуалдық-нәтижелік	Коммуникативтік-бағалаушылық	7.«Өзіңіздің әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігіңізге баға беріңіз» тесті 8.Қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау бойынша М.Снайдердің әдістемесі 9.«Эмпатия деңгейін анықтау» сауалнамасы 10.Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау сұрақнамасы (Т.Д.Дубровицкая) 11.Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (О.С. Анисимов)

Экспериментке қатысқан бастауыш мектеп мұғалімдері, колледждер мен университеттердің студенттері кәсіби іс-әрекетіне деген құндылық қатынасының жеке компоненттерінің қалыптасу деңгейін зерттеу үшін біз диагностиканың таңдаулы әдістерін қолдана отырып зерттеулер жүргіздік.

Тәжірибелік эксперимент үш кезеңде жүзеге асырылды:

- анықтау (2016-2017 жылдар аралығы);
- қалыптастыру (2017-2019 жылдар аралығы);
- бақылау (2019 жыл).

Бақылау және эксперименттік топтарда жүргізілген зерттеу нәтижесінде таңдалған диагностикалық әдістерді қолдана отырып, біз келесі деректерді алдық (кесте 10).

Кесте 10 – Тәжірибелік-экспериментке қатысқан топтардың тәжіриибелік кодтары

Оқу орындары	Тәжірибелік кодтары
Бақылау топтары	
Қазақ Қыздар МУ, Абай атындағы ҚазақҰПУ магистранттары мен студенттері	Бақ.т.1
Есік гуманитарлық-экономикалық колледж студенттері	Бақ.т.2
Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімдері	Бақ.т.3
Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушылары	Бақ.т.4
Тәжірибелік топтар	
Абай атындағы ҚазақҰПУ студенттері	Тәж.т.1
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледж студенттері	Тәж.т.2
№108 жалпы білім беретін мекемесінің мұғалімдері	Тәж.т.3
№108 жалпы білім беретін мекемесінің оқушылары	Тәж.т.4

Бақылау топтары мен тәжірибелік топтарға ыңғайлы болуы үшін арнайы тәжірибелік кодтары белгіленді.

1. Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау (Н.П.Фетискинмен бейімделген) әдістемесі. Әдістеменің мақсаты - мотивациялық баспалдақтың қай сатысында тұрғанын анықтау. Атап айтқанда: немқұрайлылық бар ма, әлде эпизодтық үстірт қызығушылық бар ма, әлде қызығушылық бар ма, дамып келе жатқан қызығушылық па, әлде функционалды қызығушылық дами ма? Тест нәтижелерін талдау көрсеткендей, пәндер негізінен кәсіби және педагогикалық мотивацияның белсенділік деңгейіне ие, яғни педагогиканы саналы түрде зерттеп, педагогикалық шеберлік негіздерін игеру үшін кәсіби қажеттілік (Қосымша Ә).

Алынған тест нәтижелерінен колледж студенттері өздерінің болашақ мамандықтары туралы ой-пікірлерді әлі қалыптастырмаған деген болжамға келуге болады, өйткені, мотивация деңгейі басқа сыналушыларға қарағанда онша жоғары емес. Нәтижелерді төмендегі 11-кестеден көруге болады:

Кесте 11 – Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау (Н.П.Фетискинмен бейімделген) әдістемесі бойынша нәтижелер (ЖОО студенттері б/ша)

Сұрақтар №	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)									
	«әрқашан»		«жиі»		«жиі емес»		«сирек»		«ешқашан»	
	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	30	25	20	30	20	30	15	10	15	5
2	25	20	30	20	23	25	15	20	7	15

11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
3	15	20	10	30	15	30	10	10	50	10
4	18	40	20	20	27	15	35	15	0	10
5	30	30	20	20	20	20	15	15	15	15
6	25	25	20	20	25	25	20	20	10	10
7	20	25	20	25	25	20	15	15	20	15
8	10	10	10	10	30	30	15	20	35	30
9	10	15	10	15	40	30	25	20	15	20
10	40	30	20	30	15	20	15	10	10	10
11	45	40	30	30	15	10	10	20	0	0
12	30	20	35	30	20	25	10	20	5	15
13	10	20	10	20	40	30	25	10	15	10
14	20	40	20	20	25	15	15	15	20	10
15	30	30	20	20	20	20	15	15	15	15
16	25	25	25	25	20	25	15	20	15	10
17	10	15	10	10	40	30	25	30	15	15
18	15	10	10	10	40	45	25	25	10	10

«Мұғалімдердің жұмысы туралы дәрістер (әңгімелер) тыңдауды ұнатамын», «белсенді оқуға, мектеп жағдайында жұмыс істеуге болатын «Мектеп күнін», яғни балалармен және педагогтармен қарым-қатынас жасауды асыға күтемін», «Мұғалім газетін» оқимын, ал басқа да педагогикалық газеттерді, журналарды, кітаптарды өз кітапханама жинаймын деген сұраққа студенттерге қарағанда, колледж студенттері жасампаздық нәтижелер көрсетті (кесте 12).

Кесте 12 – Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау (Н.П.Фетискинмен бейімделген) әдістемесі бойынша нәтижелер (колледж студенттері б/ша)

Сұрақтар №	Колледж студенттері бойынша жинақталған жауап көрсеткіштері (%)									
	«әрқашан»		«жиі»		«жиі емес»		«сирек»		«ешқашан»	
	Б.т.2	Т.т.2	Б.т.2	Т.т.2	Б.т.2	Т.т.2	Б.т.2	Т.т.2	Б.т.2	Т.т.2
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	45	35	20	30	20	15	15	15	0	5
2	40	30	30	30	23	15	7	20	0	5
3	0	5	10	25	30	30	10	20	50	20
4	5	5	20	20	40	40	35	30	0	5
5	30	25	20	25	35	30	15	10	0	10
6	45	40	20	25	25	15	10	10	0	10
7	20	20	30	30	35	30	15	10	0	10

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
8	30	30	10	10	40	40	15	15	5	5
9	10	15	10	15	40	20	25	30	15	20
10	10	5	20	25	15	15	15	20	40	20
11	45	35	30	40	15	10	10	10	0	5
12	0	5	35	30	20	20	10	25	35	10
13	40	30	10	20	10	10	25	25	15	15
14	30	30	20	20	25	20	15	25	10	10
15	30	30	20	20	20	20	25	25	5	5
16	25	30	25	20	20	20	15	20	15	10
17	20	20	10	10	30	30	35	30	5	10
18	25	20	10	15	30	25	25	20	10	20

Тест нәтижесі бойынша ЖОО студенттерінде мотивациялық баспалдақтың пассивтік және белсенділік деңгейі байқалады, әлі де үстіртін қызығушылықтар мен немқұрайдылық байқалады. Ал колледж студенттерінде мотивация іскерлік сипатта көрініс береді. Демек, студенттер арасында кәсіби іс-әрекеттік мотивацияны көтеретін жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

2. ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина).

Студенттердің мотивациясының бағдарлануын талдау алдымен «И.И. Ильина» әдісі бойынша ұсынылған 3 шкаласы бойынша бөлінді: «Білім алу» - білім алуға деген құштарлық, қызығушылық; «Мамандықты игеру» - кәсіби білімге, дағдыларға ие болуға және кәсіби маңызды жеке қасиеттерді қалыптастыруға деген ұмтылыс; «Диплом алу» - диплом алғысы келеді (Қосымша Б).

Алынған нәтижелер студенттердің жалпы санынан 60% білім алуға бағытталғандығын көрсетеді. Студенттердің 25%-ы диплом алуға бағытталған, ал 13% -ы мамандықты игеруге ұмтылады.

Колледж студенттері арасында білім алу және диплом алу ең басым болып табылатындығын атап өттік. Жастардың білім алуға деген бағдары негізінен «жақсы» және «өте жақсы» оқитын студенттер арасында байқалады, олардың саны осы топта көп емес, оны 13-кестеден, 11-суреттен қарауға болады.

Кесте 13 – ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина) нәтижесі

Шкалалар	Мотивтер түрі	Топтар			
		Бақ.т.1	Бақ.т.2	Тәж.т.1	Тәж.т.2
Шкала 1	«Білім алу»	62	60	60	60
Шкала 2	«Мамандықты игеру»	13	10	13	12
Шкала 3	«Диплом алу»	25	30	27	28

«Диплом алу» көрсеткіші көптеген жастар үшін олардың білім деңгейі емес, олардың материалдық келешегі маңызды екендігіне байланысты болуы мүмкін.



Сурет 11– ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина) нәтижесі

Жоғары білім туралы дипломның көмегімен студенттер мансаптық жоспарға ілгерілей алады, олардың жұмысына ақы төлеу деңгейі жоғарылайды деп күтілуде. Студенттер үшін диплом алу өте маңызды, өйткені қазір мамандықтардың басым көпшілігі жоғары білімді қажет ететіндіктен, мамандық бойынша емес жұмысқа орналасуға болады, бірақ егер сәйкес құжат болса. Тек дипломның болуы және нақты білімнің болмауы белгілі бір мамандық бойынша жақсы маман болуға мүмкіндік бермейді. 33% -ы «Мамандық шеберлігі» шкаласы бойынша көрсеткіштері басым студенттер болды, студенттердің мамандықты игеруге деген қызығушылығына әсер ететін фактор әрі қарай жұмысқа орналасудың болашағы болмауы мүмкін. Бүгінгі таңда оқу бітіргеннен кейін жастардың алған білімін іс жүзінде қолдана білуі, өз мамандығы бойынша жұмыс істеуі және қабілеттерін жүзеге асыруы екіталай.

3. Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаев модификациясы). Бұл әдісті қолданудың мақсаты студенттердің оқу мотивациясын, атап айтқанда, коммуникативті, кәсіптік, оқу-танымдық, кең әлеуметтік мотивтерді, сонымен қатар сәтсіздік пен беделге жол бермей шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтерін диагностикалау болып табылады (Қосымша В).

Нәтижелер жеті шкала бойынша өңделді, мұнда сауалнаманың әр шкаласы үшін орташа көрсеткішті есептеу керек. Диагноз нәтижелері бойынша біз келесі нәтижелерге қол жеткіздік (кесте 14, сурет 12):

Кесте 14 – Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Шкалалар	Мотивтер түрі	Топтар					
		Бақ.т.1	Бақ.т.2	Бақ.т.3	Тәж.т.1	Тәж.т.2	Тәж.т.3
1	2	3	4	5	6	7	8

Шкала 1	Коммуникативті себептер	14	14	18	13	14	10

14 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Шкала 2	Күту мотивтері	12	12	13	15	14	15
Шкала 3	Бедел себептері	19	12	18	14	16	16
Шкала 4	Кәсіби себептер	18	20	19	20	18	14
Шкала 5	Шығармашылық өзін-өзі тану мотивтері	8	7	8	7	7	11
Шкала 6	Оқу-танымдық мотивтер	18	20	14	20	18	15
Шкала 7	Әлеуметтік мотивтер	11	15	10	11	13	19
Барлығы		100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %

Алынған мәліметтерге сүйенсек, ЖОО-ның студенттерінің арасында оқу, танымдық және кәсіби себептер басым болады деп болжауға болады. Сондықтан студенттер болашақ кәсіби саласында өзін таныту үшін білім алу жолдарын игеруге бағытталған.

Кестеде берілгендей, ЖОО студенттері мен колледж студенттерінің нәтиже көрсеткіштері бір-біріне әлдеқайда жақын болып шықты. Сонымен бірге, тестіленген студенттерде өздерінің шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық мамандықтың ерекшеліктері туралы түсінік жетіспейтіндігін атап өткен жөн.



Сурет 12 – Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Әсіресе, колледж студенттерінде әлі де педагогикалық мамандығына кәсіби мотивациялары айтарлықтай төмен пассивті (бақылау тобы 2 және тәжірибелік топ 2). Мұғалімнің іс-әрекетінің өнімділігі көп жағдайда оның шығармашылық әлеуетінің даму деңгейіне байланысты, ол өзіндік ойлаудың икемділігімен, пайда болатын кәсіби міндеттерге инновациялық шешімдерді таба білуімен, шығармашылық бастамашылығымен және сындарлы іс-әрекет қабілетімен көрінеді.

Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары жасампаздық нәтиже көрсеткіштерін атап айтуға болады (бақ. т.3 және тәж.т.3).

4. Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.).

Әдістеме оқудың сыртқы және ішкі мотивациясындағы мотивтердің үш тобын бөлуге мүмкіндік береді: жоғары оқу орнына түсу, шын мәнінде кәсіптік мотивтер және олардың үстемдігі, оқу мотивациясының даму деңгейлерін анықтау. Диагностикалық нәтижелер студенттерді оқуға ынталандыру үшін университеттің резервтері өте кең екендігін және университет студенттерінің оқуға деген мотивациялық құрылымдарының жоғарылауына сауатты ықпал ету үшін профессорлық-оқытушылық құрамның ойластырылған ұйымдастырушылық және қарқынды басқарушылық және тәрбиелік күштерін қажет ететіндігін көрсетеді. Әдістеме жетістікке деген мотивацияның, университетте оқуға бейімделудің және студенттердің бейімделуінің, университетте оқу барысындағы студенттердің құндылықтық қатынасының, мотивациялық оқытудағы психодиагностиканың және жалпы адамның дамуының болжамын құру арасындағы байланысты зерттеу үшін пайдалы болуы мүмкін.

Нәтижелерді талдау студенттердің шамамен 60% жоғары оқу орнына түсуге деген ынтасының белсенділік деңгейіне, ал 15% -ға жуығы пассивтік деңгейге ие екендігін көрсетеді. Осы көрсеткіштен мына студенттердің мамандықтарына деген қызығушылық аз көрінеді, және маңыздысы, бұл студенттер балалармен жұмыс істеуге дайын емес шығар, ал педагогикалық университетті таңдау кездейсоқ болған. Алайда, жоғары білім алуға деген ұмтылыс студенттердің аз бөлігінде (шамамен 30%) жасампаздық деңгейде қалатындығын атап өткен жөн.

Осылайша, студенттердің ішкі мотивациясы бойынша алынған нәтижелерді талдай отырып, «ЖОО-ға түсу мотивтері» және «Кәсіптік мотивтер» шкалаларындағы баллдармен салыстырғанда «Нақты оқу мотивтері» шкаласы бойынша орташа балл ең жоғары деген қорытынды жасауға болады. Мотивтер арасында жетекші орынды оқу процесі және оның сәттілігі, сонымен қатар болашақта сәтті оқытудың перспективалары деп болжауға болады.

«Нақты мотивтер» шкаласы бойынша ең пассивтік орташа балл анықталды жеткіздік (кесте-15, сурет-13).

Кесте 15 – Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.) (ЖОО, колледж студенттері мен оқушылар бойынша)

Мотивтер деңгейі	Ішкі мотивтер (%)								
	ЖОО түсу мотиві			Нақты мотивтер			Кәсіби мотивтер		
	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.4	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.4	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.4
Жасампаздық	19%	20%	70%	69%	25%	55%	25%	20%	10%
Белсенділік	56%	60%	20%	25%	70%	35%	69%	70%	70%
Пассивтік	25%	20%	10%	6%	5%	10%	6%	10%	20%

«Іс жүзінде әрекет етуші мотивтер» шкаласы бойынша сыртқы мотивацияның жасампаздық деңгейі және «Кәсіби мотивтер» шкаласындағы мотивацияның белсенділік деңгейі студенттердің көпшілігі үшін мотивтер оқу процесіне байланысты емес, олар сабақтан тыс жерде болады, мысалы: курстастармен сөйлесу, мұғалімдердің құрметіне жету, басқалардың қолдауына ие болу, айыптау мен жазадан аулақ болу. Мұндай студенттер жеңілдетілген және уақытты үнемдейтін оқу әрекетін қалайды (қарапайым тапсырмаларды, бағалауды алу үшін не қажет). Оқу іс-әрекетіндегі танымдық икемділік әлсіз, шығармашылық дамымаған - мұның бәрі шиеленістің өсуіне ықпал етеді.



Сурет 13– Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.) (ЖОО, колледж студенттері мен оқушылар бойынша, бақылау топтары)

Жалпы, зерттеу нәтижелері келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді (кесте 16, сурет 13):

Ішкі мотивация құрылымындағы ең маңызды мотивтер іс жүзінде оқытудың мотивтері болып табылады, өйткені кез келген студент, ең алдымен, сапалы білім алуға және оқуда жетістікке жетуге бағытталған.

Сыртқы мотивация құрылымында оқытудың шынайы мотивтері және оқытудың кәсіби мотивтері маңызды болды.

Кесте 16 – Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.) (ЖОО, колледж студенттері мен оқушылар бойынша)

Мотивтер деңгейі	Ішкі мотивтер (%)								
	ЖОО түсу мотиві			Нақты мотивтер			Кәсіби мотивтер		
	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.4	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.4	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.4
Жасампаздық	29%	50%	80%	59%	30%	65%	25%	20%	10%
Белсенділік	46%	30%	20%	25%	70%	35%	59%	70%	70%
Пассивтік	25%	20%	0%	16%	0%	0%	16%	10%	20%

Барлық масштабтағы сыртқы және ішкі уәждердің орташа баллдарын салыстырыңыз. «Кәсіби мотивтер» шкаласы бойынша ішкі (16.1) және сыртқы (24) мотивацияның орташа баллдарын салыстыра отырып, студенттер үшін бұл мамандықтың мазмұны емес, оның сыртқы әлеуметтік белгілері (жалақы, бедел және т.б.) маңызды болып табылатындығын атап өтуге болады.

«Іс жүзінде қолданыстағы оқыту мотивтері» шкаласы бойынша сыртқы себептер (23.75) ішкі себептерге қарағанда жасампаздық болды (19.5).

«Жоғары оқу орнына түсу мотивтері» шкаласы бойынша ішкі себептер (16.75) сыртқы себептерден басым (14.25).



Сурет 14 – Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.) (ЖОО, колледж студенттері мен оқушылар бойынша, тәжірибелік топтар)

Жалпы алғанда, студенттердің оқу және кәсіби дайындығында сыртқы мотивация басым. Мүмкін, бұл нарықтық экономиканың дамуымен байланысты әлеуметтік факторлардың әсерінен және білікті маманға деген сұранысқа байланысты болуында.

Айта кету керек, «ЖОО-ға түсу мотивтері» ауқымында ішкі себептер сыртқы себептерден басым болады. Бұл студенттердің мамандыққа қызығушылық танытатындығын, олардың жоғары білім алғысы келетіндігін білдіреді, мүмкін олар білім саласында жұмыс істейді.

5. Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасы.

Аталмыш сауалнама колледж, ЖОО студенттері мен бастауыш сынып мұғалімдері арасында жүргізілді. Берілген 13 сұрақтың әрқайсысына жеке талдау жүргізілді (Қосымша Г).

Бірінші сұрақ бойынша, дуальді оқыту бойынша ЖОО-ның 60 пайызында, колледж студенттерінің 40, және бастауыш сынып мұғалімдерінің 50 пайызында түсініктері бар болып шықты, оның нәтижесін 17-кестеден көруге болады.

Кесте 17 – Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасының 1-сұрағының нәтижелері

Сұрақтар	Топтар					
	Бақ.т.1	Бақ.т.2	Бақ.т.3	Тәж.т.1	Тәж.т.2	Тәж.т.3
№1-сұрақ	60 %	40 %	50 %	55 %	45 %	50 %

Екінші сұрақ бойынша, дуальді оқытудың даму тарихы, қай елден бастау алған және даму кезеңдері туралы ақпараттар әртүрлі. Жауаптардың ішінде «білмеймін» (40 %) десе, 20 %-ы Германия, 10 %-ы АҚШ, 10 %-ы «жауап беруге қиналатынын», 20 %-ы Еуропа деген. Бұл сыналушылардың дуальді оқытудың даму тарихы, қай елден бастау алған және даму кезеңдері туралы ақпараттарды қажет ететіндіктерін көрсетеді, оның нәтижесі 18-кестеден берілген.

Кесте 18 – Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасының 2-сұрағының нәтижелері

Сұрақтар	Топтар					
	Бақ.т.1	Бақ.т.2	Бақ.т.3	Тәж.т.1	Тәж.т.2	Тәж.т.3
«Білмеймін»	40 %	50 %	0 %	45 %	25 %	5 %
Германия	20 %	30 %	50 %	30 %	25 %	65 %
АҚШ	10 %	10 %	20 %	15 %	25 %	15 %
Еуропа	20 %	10 %	30 %	10 %	25 %	15 %

Үшінші, төртінші және бесінші сұрақтарға толық, айқын жауап бергендер өте аз.

Алтыншы сұрақ «Дуальді-бағдарлық оқытудың дуальді оқытудан ерекшелігін» сыналушылар «екі ұғым бір ұғымды білдіреді, ешқандай ерекшелігі жоқ» - 60 %, «дуальді-бағдарлық оқыту – дуальді оқытудың элементтерін жүзеге асырады» - 20 %, «оқыту дуальді – дуальді-бағдарлық оқытудың элементтерін жүзеге асырады» - 20 % деп көрсеткен. Бұл жерден шығатын тұжырым да, сыналушылардың дуальді-бағдарлық оқыту туралы ақпараттарының толық еместігін көрсетеді.

Дуальді-бағдарлық оқытудан күтілетін нәтижелеріне сыналушылар: «кәсіби деңгейі өседі», «практикамен байланысты» және т.с.с. жауаптар қайтарған.

Дуальді-бағдарлық оқытудың тиімділігін келесідей атап көрсеткен: жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары – 30 %, практикалық дайындықтың басымдылығы – 30 %, оқу барысында жұмыс берушілер тарапынан еңбекақы төленуі – 20 %, оқуға деген мотивацияның жоғарылауы – 20 % (кесте 19).

Кесте 19 – Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасының 6-сұрағының нәтижелері

Сұрақтар	Топтар					
	Бақ.т.1	Бақ.т.2	Бақ.т.3	Тәж.т.1	Тәж.т.2	Тәж.т.3
Жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары	30 %	20 %	20 %	35 %	30 %	15 %
Практикалық дайындықтың басымдылығы	30 %	30 %	50 %	30 %	20 %	35 %
Оқу барысында жұмыс берушілер тарапынан еңбекақы төленуі	20 %	25 %	15 %	15 %	25 %	30 %
Оқуға деген мотивацияның жоғарылауы	20 %	25 %	15 %	20 %	25 %	20 %

Келесі сұраққа, яғни ЖОО-на дуальді-бағдарлық оқыту ендірілсе онда, теориялық білім басым болады – 50 %, және практикалық білім басым болады – 50 % деген жауаптар берген.

«Сіз болашақ педагог ретінде кәсіби іс-әрекетіңізде практикалық даярлық деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа сыналушылардың 50 %-ы «иә», 20 %-ы «жоқ» және 30 %-ы «жауап беруге қиналатынын» білдірген.

Кәсіби іс-әрекетке практикалық даяр болу үшін қажетті сапалар мен іскерліктерге: шамамен: ұйымдастырушылық – 10 %; басқарушылық – 20 %; коммуникативтік – 50 %, кәсіби бағдар жұмысын жүргізе алу – 10 %; әдістемелік-рефлексивтік – 10 % таңдау берген (кесте 20).

Кесте 20 – «Кәсіби іс-әрекетке практикалық даяр болу үшін қажетті сапалар мен іскерліктер» сұрағының нәтижелері

Сұрақтар	Топтар					
	Бақ.т.1	Бақ.т.2	Бақ.т.3	Тәж.т.1	Тәж.т.2	Тәж.т.3
Ұйымдастырушылық	10 %	20 %	20 %	10 %	20 %	15 %
Басқарушылық	20 %	10 %	20 %	20 %	20 %	25 %
Коммуникативтік	50 %	25 %	15 %	50 %	25 %	30 %
Кәсіби бағдар жұмысын жүргізе алу	10 %	25 %	15 %	10 %	25 %	20 %
Әдістемелік-рефлексивтік	10 %	20 %	30 %	10 %	10 %	20 %

«ЖОО оқу үдерісінде төмендегі қай формуланы қолдар едіңіз?» деген сұраққа бастауыш сынып мұғалімдері 50/50 деп жауап берсе, ЖОО студенттері теориялық дайындық - 30%, практикалық дайындық - 70% деп жауап береді, ал колледж студенттері теориялық дайындық - 70%, практикалық дайындық - 30% деп жауап берген. Бұл колледж студенттерінің кәсіби амбицияларының жоғары екендігін және ЖОО студенттерінің практикалық машықтанудан көбірек өтетіндігіне байланысты болуы мүмкін.

Сауалнама нәтижесі бойынша, студенттер арасында дуальді-бағдарлық оқыту бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізу қажеттігін атап айтуға болады.

6. Зерттеудің келесі кезеңінде жүргізілген педагогикалық сана мен эрудицияны зерттеу бойынша диагностикалық нәтижелерді талдау (С.В. Пазухина б/ша) бақылау және эксперименттік топтарға кірген респонденттердің жауаптарының айтарлықтай айырмашылықтары жоқ екенін анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан төменде келтірілген деректердің сапалы талдауы барлық іріктелген көрсеткіштерге тән.

1. Кәсіби себептер мен мақсаттар тұрғысынан:

а) ЖОО-на және колледжге түсу себептеріне байланысты бірінші шешімге қатысты жауаптарда респонденттердің көпшілігі өздерінің таңдаған мамандық бойынша оқуға деген қызығушылығы мен тілектерін білдірді; Респонденттердің жалпы санының 20% -ы оқуға түсу себебі ретінде белгілі бір академиялық пәндерді оқуға қызығушылық танытқандарын және көптеген респонденттер олардың ата-аналарының кеңесі бойынша таңдау жасағандарын білдірді;

б) оқу мақсаттарына қатысты 2-ші пікірге қатысты жауаптарда респонденттердің едәуір бөлігі оқу іс-әрекетінде сәтті болу қажеттілігін көрсетті; 20% нәтижені колледждің білім беру бағдарламаларында өзін-өзі тану және өзін-өзі тану мүмкіндіктеріне байланысты анықтады; 5% әрқайсысы мақсат ретінде шәкіртақы алу мүмкіндігін атап өтті;

в) 8-ші тұжырымға қатысты, сонымен қатар кәсіби себептер мен мақсаттарға байланысты, респонденттердің көпшілігі балалармен қарым-қатынас және кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін атап өтті, алайда респонденттердің 10% -ы кәсіби себептер мен мақсаттарды анықтау қиынға соқты.

Сонымен, студенттердің кәсіби маңызды себептері мен мақсаттарын анықтайтын жауаптарында оң және теріс тенденциялар байқалады:

- таңдалған мамандыққа деген алғашқы қызығушылық, балаға білім беру қызметі мен қарым-қатынас субъектісі ретінде бағдарлану және т.б.

- кейбір студенттердің кәсіби қызметке тікелей қатысы жоқ мотивтердің таралуы, болашақ мақсаттарын анықтамай, қысқа мерзімді мақсаттар мен оқу мотивтеріне бағдарлануы және т.б.

2. Мамандықтың әлеуметтік мәні бойынша:

а) мұғалім кәсібінің әлеуметтік маңыздылығына қатысты 7-ші пікірге қатысты жауаптарда бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің едәуір бөлігі балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінің ұйымдастырылуын атап өтті, респонденттердің жалпы санының 20% жауап бере алмады, ал 15% -ы мұғалімнің кәсіби миссиясына қатысты, баланың жеке басын қалыптастыруға, оның мамандықты әрі қарай іске асырудағы шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектесу арқылы;

б) мұғалім кәсібінің болашағын анықтауға байланысты 9-шы сот шешіміне жауап берушілердің көпшілігі нәтижесінде пайда болған мамандық өз балаларын тәрбиелеуде пайдалы болатындығын атап өтті; Топтағы студенттердің жалпы санының 10% -ы мұғалімдерге төленетін жалақының өсуіне, еңбек нарығындағы мамандарға деген сұранысқа және елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге байланысты болашақты атап өтті.

Осылайша, аталмыш топтардың студенттері тұтасымен шынайы, мұғалім мамандығының маңыздылығын білдіреді, болашақта оның даму бағытын анықтай алады. Сонымен қатар мамандық алудың болашағы студенттер арасында материалдық ынталандыру, өз балаларын тәрбиелеу және т.б. сияқты жеке және жеке құндылықтарды жүзеге асырумен байланысты.

3. Мінсіз мұғалім тұрғысы бойынша:

а) 5-ші пікірге қатысты жауаптарда оқушылардың пікірлері шамамен бірдей болды, 30% педагогикалық қызметтегі ең бастысы: балалармен қарым-қатынас жасай білу; мамандыққа деген сүйіспеншілік; балаға көзқарас табу, оның тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау мүмкіндігі, сонымен қатар 10% -ы қойылған шешім туралы айтқан жоқ;

б) Педагогикалық жұмыс процесінде дамитын қасиеттерді анықтауға байланысты 6-шы пікірге төмендегілер келтірілген: достық; әдептілік; айналасындағы адамдарға құрмет пен төзімділік; мақсатқа жетудегі табандылық; мінез-құлық мәдениеті, өзіне сенімділік, жауапкершілік;

в) идеалды мұғалімнің беделін анықтауға байланысты 12-ші пікірге қатысты жауаптарда студенттер мұндай мұғалімнің келесі қасиеттерге ие болуы қажет екендігін атап өтті: студенттерге қолдау және көмек көрсету; мейірімді болу және қателіктерді кешіре білу; дамыған әзіл сезімі және студенттермен диалог құра білу. Жауаптардың біршама аз саны кәсіби шеберліктің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштерін қамтиды: студенттердің үлгерімін объективті бағалау және қызықты, шығармашылық сабақтарды ұйымдастыру мүмкіндігі;

г) талантты мұғалімнің идеяларына қатысты 14-ші пікірге қатысты студенттер бұл барлық нәрсені білетін және білетін, өзін кәсіби қызметтің әр түрлі түрлерінде белсенді көрсететін, табысты және білімді адам екендігі туралы пікір білдірді;

д) мұғалімнің іс-әрекетінде қолайсыз нәрсені анықтауға байланысты 17-ші шешімге қатысты жауаптарда студенттердің көпшілігі келесі көріністерді көрсетті: баланы қорлау, жұмысқа кешігіп келу; бейқам келбеті, сондай-ақ аз кездесетін жауаптардың ішінде өзімшілдік пен кәсіби міндеттерге немқұрайлы қараудың белгісі болды.

Осылайша, студенттер арасында қалыптасқан мінсіз мұғалім туралы идеялар жеке сипаттамаларға қатысты өте көп ақпараттарға ие және мұғалімге қойылатын талаптарға қатысты кәсіби қызметтің өзінде толық ажыратылмаған.

4. Балаларға деген көзқарас тұрғысынан:

а) баланы түсінуге қатысты 3 пайымдаудың жауабында, осы топтағы көптеген студенттер мұғалімнің көмек көрсетуге және оқушының «орнын алуға», алаңдаушылық білдіруге және оның ойларын түсінуге дайын екендігін атап өтті;

б) мұғалімнің баланың дамуындағы рөлін түсінуге байланысты 4-ші пікірге жауап бергенде, әрқайсысы 10% тәрбие, тәуелсіздік, тыңдау қабілеттері және т.б. сияқты қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру қажеттілігін атап өтті. балалардың білімге, достыққа, тәртіптілікке, шығармашылыққа, жұмысқа деген құштарлықты, шыдамдылықты және белгілі бір дағдыларды дамытуға деген қызығушылығын дамыту.

в) болашақ студенттер туралы идеяларға қатысты 10-шы жауапқа студенттер негізінен соңғылардың тұлғалық ерекшеліктерін сипаттады (белсенді, шығармашылық, мейірімді, «жақсы», ақылды, түсінушілік және т.б.), сонымен қатар 5% атап өтті бітіргеннен кейін ол (студент) мұғалімді ұмытпауы керек және студенттерге мұғалім мамандығын таңдауға кеңес бермейді.

Осылайша, жалпы алғанда студенттерге дамып келе жатқан тұлға ретінде балаға қатысты ұстанымдардың гуманистік бағдары тән.

5. Педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне көзқарас тұрғысынан:

а) жас мұғалімнің іс-әрекетінде туындауы мүмкін қиындықтарға байланысты 11-ші пікірге жауап ретінде студенттердің көп бөлігі жаңа құрамға, ең алдымен педагогикалық құрамға кіру және өзін-өзі растау қиындықтарын атап өтті; Респонденттердің 30% студенттерді өздеріне «ортақ тіл» табуға тартуда қиындық көреді; 15% оқу жоспарларын құруда проблемалары бар балаларды оқытудағы қиындықтарды көрсетті, яғни. сәтсіз студенттер, әрқайсысының 10% -ы жұмыс іздеуде және жасы кіші емес оқушыларға сабақ беруде қиындықтарға тап болады; студенттердің бірдей саны осы пікірге жауап тұжырымдамады;

б) педагогикалық іс-әрекетке тікелей қатысы бар 13-ші пікірдің жауаптарында студенттердің көпшілігі, респонденттердің жалпы санының 45% -ы бұл қызмет түрін қиын деп санайды, олардың тек 20% -ы оның бір уақытта қызықты екенін көрсетеді. Әрқайсысының 10% педагогикалық іс-әрекеттің

сипаттамалары ретінде мыналарды атап өтеді: қызықты, креативті, жауапкершілікті, көп білімді қажет етеді және т.б. Сауалнамаға қатысқан студенттердің жалпы санының 5% ғана ұсынылған пікірге өз жауаптарын бере алмады;

в) педагогикалық мамандықты басқалардан, дарынды мұғалімнен ерекшелейтін сипаттамаларды орнатуға байланысты 15-ші сот шешіміне жауап ретінде көптеген студенттердің пікірлері оның (мамандықтың) қоғам үшін маңызды және қызықты, қызықты, креативті екендігіне сәйкес келді. Сонымен бірге, 10% белгілі бір жағдайларда мұғалім кәсібі «қорқынышты болуы мүмкін»;

г) 16-шы сұраққа жауап беру кезінде қазіргі мұғалім қандай болу керек, студенттер, ең алдымен, мыналарды сипаттады: түсіну (оқушылардың ойлары мен сезімдерін түсіну), көпшіл, әр түрлі салада кең білімі бар және т.б. сонымен қатар, қазіргі заманғы мұғалімнің білімі жоғары, жақсы оқи білуі, компьютер қолдана білуі, бала өсіре білуі және т.б.

Осылайша, студенттерде педагогикалық іс-әрекеттің белгілі бір аспектілері туралы идеялар бар, алайда олар жеткілікті түрде құрылымданбаған, ал кейбір жағдайларда кәсіби қызметтің кейбір аспектілеріне теріс баға беру байқалады.

Тұтастай алғанда, бірнеше диагностикалық әдістерді қолдану арқылы алынған нәтижелерді талдау бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің едәуір бөлігі танымдық және аффективті компоненттер тұрғысынан педагогикалық іс-әрекетке құндылықтың қалыптасу деңгейінің төмен пссивтік екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

7. Ұйымдастырушылық және коммуникативтік бейімділігін анықтау.

Бұл мақсатта «Өзіңіздің әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігіңізге баға беріңіз» тестін жоғарыдағы реттілікпен алғашқы, бақылау және қорытындылау диагностикасын жүзеге асырдық. Тест мазмұнына адамның мінез-құлқы, көзқарасы, пікірлері, әдеттері, ұстанымдары туралы сұрақтар енгізілген. Жауап қайтаруда еш қиындық тудыра қоймайды. Қатысушы тек сұраққа келісетінін немесе келіспейтіндігін белгілейді.

Тест жалпы 130 сұрақтан тұрады. Тест нәтижесін өңдеуде 6 фактор анықталынды. Олар:

1. Әлеуметтік – коммуникативтік икемсіздік;
2. Белгісіздікке шыдамсыздық;
3. Конформдылыққа шектен тыс ұмтылу;
4. Дәрежесінің өсуіне ұмтылысының жоғарлығы;
5. Сәтсіздіктен қашуға бағдары;
6. Фрустациялық жағымсыздық.

Аталмыш факторлар бойынша тәжірибеге қатысушы респонденттердің жауаптары төмендегі 21-шы кестеге енгізілді:

Кесте 21 – «Өзіңіздің әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігіңізге баға беріңіз» тестінің алғашқы кезеңдегі нәтижесі

Топтар	Факторлар %					
	Ә-к. И. (29 с.)	Б.Ш. (20 с.)	К.Ұ. (14с.)	Д.Ұ. (20 с.)	С.Қ. (27 с.)	Ф.Ж. (20 с.)
Бақ.т.1	17,0%	14,0%	20,0%	19,0%	16,0%	14,0%
Бақ.т.2	23,0%	16,1%	20,0%	17,9%	12,0%	11,0%
Бақ.т.3	18,0%	14,8%	15,2%	22,0%	21,0%	9,0%
Тәж.т.1	21,0%	13,7%	16,0%	19,3%	16,0%	14,0%
Тәж.т.2	19,0%	13,0%	23,0%	18,0%	19,0%	8,0%
Тәж.т.3	16,0%	21,0%	18,0%	19,0%	15,0%	11,0%

Кестеде көрсетілгендей, алғашқы диагностикалық кезеңде ЖОО – ның студенттері қарым-қатынас біліктіліктері әлі де толық қалыптаспағандығын байқауға болады. Мәселен, барлық респонденттердің пайыздық көрсеткіштерінен олардың әлеуметтік-коммуникативтік икемсіздігін, сәтсіздіктерден қашуға ұмтылыстарын, белгісіздікке шыдамсыздықтарын көруге болады. Бақылау топтарының басым көпшілігі, яғни 20,0–23,0%-ы конформдыққа ұмтылысты көрсетсе, 1-бақылау тобы 23,0%-ы әлеуметтік-коммуникативтік икемсіздікті көрсетеді; 2-тәжірибелік топтың 21 пайызы дәрежесінің тезірек өсуін қаласа, 3-тәжірибелік топтың 21,0%-ы белгісіздікке шыдамсыздық танытады.

Сонымен қатар сауалнама сұрақтарына жеке талдау жасайтын болсақ, респонденттердің қай-қайсысы болмасын кәсіби бағыттылықтарына қарамастан төмендегі сұрақтарға бірдей жауаптар көрсеткен:

- егер сұхбатта кенеттен үлкен іркіліс туа қалса, мен жағдайды түзеу үшін не айтарымды білмей қаламын;
- сөзін дұрыс түсіндіріп айтпайтын адам менің жыныма тиеді;
- жұмысқа кіріспей тұрып, мен қиыншылықтан қорқамын;
- егер менің еңбек ұжымымда тіл табыса алмаушылық болмаса, мен өзімді шеткерірек ұстаймын;
- мен ешкімге сенбеу керек деп ойлаймын;
- сәтсіздіктер кездесе қалса, мен өз абыройым үшін қорқамын;
- мен өз ойымды ешкімнен жасырмаймын және т.б.

Демек, сауалнама нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- біріншіден, кәсіби мамандардың әлеуметтік-коммуникативтік біліктіліктері тек мақсатқа бағытталған бірлескен іс-әрекет барысында дамиды;
- екіншіден, жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттерінің қарым-қатынас біліктіліктері толық қалыптаса қоймаған, себебі, олардың өмірлік тәжірибелері аз;

- үшіншіден, мамандардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерінің даму динамикасын нақты анықтау үшін корреляциялық талдау жұмыстары жүргізілуі тиіс.

8. Қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау бойынша М.Снайдердің әдістемесі.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде тәжірибеге қатысушылардың қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау бойынша М.Снайдердің әдістемесі пайдаланылды. Тест құрылымы жағынан қарапайым және өңдеуге қолайлы, уақытты көп қажет етпейді. Тест нәтижесін өңдеуде 1, 5 және 7 сұрақтарға «Б» жауабы сәйкес келсе 1 ұпайдан, ал қалған 2, 3, 4, 6, 8, 9, 10 сұрақтарға «Д» жауабы сәйкес келсе 1 ұпайдан беру қажет. Алынған нәтиже көрсеткіштерінің ортақ қосындысы шығарылады.

Тест нәтижесін талдау бойынша төмендегі үш деңгей анықталды (кесте 22):

Кесте 22 – Өзін-өзі коммуникативтік бақылау деңгейлерінің көрсеткіштері

Ұпай саны	Анықталған деңгей	ЖОО студенттерінің жауаптары		Колледж студенттерінің жауаптары		Бастауыш сынып мұғалімдерінің жауаптары	
		Б.т.1	Т.т.1	Б.т.2	Т.т.2	Б.т.3	Т.т.3
0 – 3 ұпай	Коммуникативтік бақылау деңгейі пассивтік	30 %	35 %	56 %	45 %	10 %	5 %
4 – 6 ұпай	Коммуникативтік бақылау деңгейі белсенділік	46 %	55 %	20 %	50 %	45 %	25 %
7 – 10 ұпай	Коммуникативтік бақылау деңгейі жасампаздық	24 %	10 %	24 %	5 %	45 %	70 %

Сауалнама нәтижесі бойынша анықталғандай, тәжірибелік диагностикаға қатысқан ЖОО студенттері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік бақылау деңгейі белсенділікті болса, бастауыш сынып мұғалімдерінің 45% қарым-қатынас процесіндегі өздерін коммуникативтік бақылау деңгейі жасампаздық болды. Ал колледж студенттерінің 56% коммуникативтік бақылау деңгейлері пассивтік болып шықты. Сонымен, тұлғаның қарым-қатынаста өзін бақылай алуы немесе бақылау құзыреттілігі оның қай мамандық иесі болуына байланысты емес және өзін-өзі бақылай алу қабілеттілігі тұлғаның жас ерекшелігіне тәуелді. Мәселен, жасөспірімге қарағанда ересек адам конфликті жағдайында немесе тағы соған ұқсас жағдайларда өзін ұстай білетіндігін жақсы білеміз. Олай болса, бұл мысал біздің болжамымызды тікелей немесе жанама дәлелдей алады.

9. Эмпатия деңгейлерін анықтау.

Эмпатия дамуы – бұл қарым-қатынастағы серіктестердің сезімталдылығы бойынша барлық іс-әрекеттегі (ең алдымен оқуда және тәрбиеде) жетістікке

жетуге негізгі фактор болады. Сондықтан да эмпатия мұғалімнің кәсіптік сапа жағын қарастырады. В.А.Сухомлинскийдің белгілеуі бойынша: «Мұғалім қарапайымдылықтан бастағаны жөн, бірақ ең қиыны – басқа адамның жан дүниесін сезу қабілеті, әр түрлі жағдайда өзін басқа адамның орнына қою». Сондай-ақ: « басқа адамдарға - өз-өзіне саңырау болып қалады: оған өзін-өзі тәрбиелеуде ең басты жетіспейтіні - өз қылығының эмоциялық бағасы».

Осыған байланысты тәжірибеге қатысушылардың эмпатиялық деңгейлерін анықтау мақсатында «Эмпатия деңгейін анықтау» сауалнамасын жүргіздік. Сауалнама 6 диагностикалық эмпатиялық шкаладан турады, ата-анасына, жануарларға, қарт адамдарға, балаларға, әдеби шығармадағы кейіпкерлерге, таныс және бөтен адамдарға қатынасын білдіреді.

Жалпы, сауалнаманың алғашқы өңдеу нәтижелерін талдай отырып, анықталған бес деңгейлер бойынша тәжірибеге қатысушылардың басым көпшілігі (44-тен 55 пайыз аралығында) «қалыпты» эмпатия деңгейін көрсетті. Оларда эмоция көріністері бар, бірақ оларды бақылап отырады. Қарым-қатынаста ықыласты, сөзбен айтылғаннан гөрі, көбірек түсінуге тырысады, бірақ сұхбаттасы тым артық кетсе, олар сабыр сақтамайды. Көркем туынды оқығанда, кино көргенде қаһармандардың күйініштеріне емес, көбінесе олардың іс-әрекеттеріне көбірек көңіл бөледі. Мұндай адамдарда сезімнің емін-еркін болуы жоқ, содан адамдарды толығымен қабылдау қиынға түседі.

Келесі 23-кестеде көрсетілгендей, эмпатияның өте төмен пассивтік деңгейі бойынша: бақылау топтарында – 6 % дан пассивтік болды. Аталмыш деңгейге қарағанда «пассивтік» деңгейде пайыздық арасалмағы артқандығын көруге болады. Мәселен, 1 және 3 бақылау топтарында 16 %-ға көтерілсе, 2 бақылау тобында 18 %-ға, 3 бақылау тобында 14%-ке, 2-тәжірибелік топта 12 %-ге, 1 және 3 тәжірибелік топтарда 14-15 %-ды көрсетті.

Кесте 23 – Тәжірибеге қатысушылардың эмпатия деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері

Эмпатия деңгейлері	Топтар					
	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.3	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.3
Ең жоғарғы жасампаздық деңгей	12,0%	9,0%	11,0%	10,0%	12,0%	11,0%
Жасампаздық деңгей	23,0%	21,0%	20,0%	18,0%	19,0%	23,0%
Белсенділік деңгей	44,0%	46,0%	49,0%	52,0%	55,0%	46,0%
Пассивтік деңгей	16,0%	18,0%	16,0%	14,0%	12,0%	15,0%
Өте төменгі пассивті деңгей	5,0%	6,0%	4,0%	6,0%	2,0%	5,0%

Қалыпты эмпатия деңгейіне қарағанда, «жасампаздық» деңгей бойынша респонденттердің пайыздық көрсеткіштерінің күрт төмендегенін байқауға болады. Белсенділік деңгей бойынша ең төменгі көрсеткіш 44 пайызды құрайтын болса, жасампаздық деңгейде 18 пайызды көрсетеді.

Сонымен, сауалнаманың нәтижелерін өңдеу бойынша тәжірибеге қатысушылардың эмпатия деңгейлерінің пассивтік факторлары кәсіби мамандану кезеңінен кейін анықтауды қажет етеді.

10. Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау сұрақнамасы (Т.Д.Дубовицкая).

Әдістеменің мақсаты - студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау, мамандықты игеруге деген талпыныстың деңгейін анықтау.

Алынған нәтижелер қалыпты үлестірілімге сәйкес келді, атап айтқанда медианалық және арифметикалық орташа мәндерді, сондай-ақ минималды және максималды нүктелердің нәтижелерін салыстыру арқылы расталды.

Әдістеменің жауаптарын өңдеу барысында алынған нәтиже келесі түрде бағаланды:

0 - 4 балл - кәсіби бағдарланудың пассивтік деңгейі;

5 - 13 балл - кәсіптік бағдарлаудың белсенділік деңгейі;

14 - 18 - кәсіби бағдарлаудың жасампаздық деңгейі.

Кесте 24 – Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау сұрақнамасы (Т.Д.Дубовицкая) бойынша нәтиже көрсеткіштері

Кәсіби бағдарлану деңгейі	Топтар					
	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.4	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.4
Жасампаздық деңгей	12,0%	9,0%	20,0%	10,0%	12,0%	46,0%
Белсенділік деңгей	44,0%	46,0%	49,0%	52,0%	55,0%	23,0%
Пассивтік деңгей	23,0%	21,0%	11,0%	18,0%	19,0%	11,0%

Жоғары тест нәтижелері (кесте 24) оқушының таңдаған мамандығын игеруге ұмтылатындығын, алған мамандығын ұнататынын көрсетеді; болашақта жұмыс істеп, осы мамандықта жетілдіргісі келеді; бос уақытында болашақ мамандыққа қатысты мәселелермен айналысады, танысу шеңбері бар - таңдаған мамандығы бойынша мамандар; өз кәсібін өмірінің мәні деп санайды.

Ал пассивтік көрсеткіштер студенттің осы факультетте оқуға мәжбүр болғандығын көрсетеді; оқу орнына түсу болашақ мамандыққа деген қызығушылық пен алған мамандығы бойынша жұмыс істеуге деген ниетпен емес, басқа себептермен, мысалы, ата-аналардың талаптарын орындау, үйге жақын болу және басқалармен байланысты; студент болашақ мамандығында өзі үшін жақсы ештеңе көрмейді; алған мамандығымен ол аз қызығушылық танытады; егер мүмкін болса, ол мамандықты өзгертіп, басқа мамандық алып, сол бойынша жұмыс істегісі келеді. Біздің жағдайымызда орта деңгей басымдық танытады.

12. Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (О.С. Анисимов)

Бұл әдістеменің мақсаты – болашақ педагогтардың рефлексия деңгейлерін анықтау. Нәтижесі бойынша сыналушылардың рефлексивтілігі, өзіндік сын-пікір және ұжымшылдық деңгейлері анықталады. Сынақ барысында әр топқа жеке сауалнама жүргізіліп, нәтижелері бойынша бақылау және тәжірибелік топтар бойынша жиынтық көрсеткіштері төмендегі 25-кестеге толтырылды (Қосымша Д):

Кесте 25 – Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Шкала деңгейі	Бақылау топтары б/ша (%)			Тәжірибелік топтар б/ша (%)		
	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.3	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.3
Пассивтік	10	10	10	5	10	20
Белсенділіктен төмен	40	20	10	50	20	10
Белсенділік	15	50	60	25	30	40
Белсенділіктен жоғары	15	10	10	10	20	20
Жасампаздық	20	10	10	10	20	10

Нәтиже бойынша, «рефлексивтілік» шкаласы бақылау топтарында да, тәжірибе топтарында да 50 %-дан пассивтік көрсеткіштер берді, ал «өзіндік сын-пікір» бақылау тобында – 50 %, тәжірибелік топтарда – 30 %-ды көрсетті. «Ұжымдық» шкала бойынша бақылау тобында – 60 пайыз, тәжірибелік топта – 40 % шамасында болды. Алынған нәтижелер бойынша болашақ педагогтардың педагогикалық рефлексиясының қалыптасу деңгейлерін дамыту бойынша арнайы іс-шаралардың жүргізілуі қажет деген тұжырым жасалды.

Сонымен зерттеу жұмысымыздың алғашқы анықтау кезеңі бойынша төмендегідей жиынтық 26-шы кесте жасалынды.

Кесте 26 – Алғашқы анықтау кезеңі бойынша қорытынды тұжырым

Даярлау құрылымы мен компоненттері	Әдістемелер	Алғашқы кезең бойынша тұжырым
1	2	3
Психологиялық-мотивациялық	1.Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау (Н.П.Фетискинмен бейімделген)	- ЖОО студенттерінде мотивациялық баспалдақтың пассивтік және белсенділік деңгейі байқалады; - колледж студенттерінде мотивация іскерлік сипатта көрініс береді;
	2.ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина)	- 60-62 пайызы «Білім алу»; - 10-13 пайызы «Мамандықты игеру»; - 25-30 пайызы «Диплом алу» шкалаларына қатысты болды;
	3.Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаев модификациясы)	- ЖОО және колледж студенттерінде бедел, оқу-танымдық және кәсіби себептер басымдық танытады; - мұғалімдерде кәсіби, бедел, әлеуметтік және коммуникативтік мотивтер жоғары;
Теориялық-когнитивтік	4. Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі (Пакулина С.А., Овчинников М.В.)	- ЖОО түсу мотивінің жасампаздық көрсеткіштері 19-20 % аралығында; - Нақты мотивтер 55-69 % аралығында; - Кәсіби мотивтер 10-25 %; аралығын көрсетті

26 – кестенің жалғасы

1	2	3
	5.Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасы	- «екі ұғым бір ұғымды білдіреді, ешқандай ерекшелігі жоқ» - 60 %; - «дуальді-бағдарлық оқыту – дуальді оқытудың элементтерін жүзеге асырады» - 20 %; - «оқыту дуальді – дуальді-бағдарлық оқытудың элементтерін жүзеге асырады» - 20 %;
	6.С.В.Пазухина бойынша педагогикалық сананы зерттеу бойынша аяқталмаған сөйлемдер сауалнамасы	- бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің едәуір бөлігі танымдық және аффективті компоненттер тұрғысынан педагогикалық іс-әрекетке құндылықтың қалыптасу деңгейі – пасиивтік;
Практикалық - іс-әрекеттік	7.«Өзіңіздің әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігіңізге баға беріңіз» тесті	- ЖОО – ның студенттері қарым-қатынас біліктіліктері пассивтік; - колледж студенттері - әлеуметтік-коммуникативтік икемсіздік; - мұғалімдерде - мақсатқа бағытталған бірлескен іс-әрекет;
	8.Қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау бойынша М.Снайдердің әдістемесі	- ЖОО-ның студенттері коммуникативтік бақылау деңгейлері - белсенділікті; - колледж студенттерінің коммуникативтік бақылау деңгейлері пассивтік; - мұғалімдерде - коммуникативтік бақылау деңгейі жасампаздық;
	9.«Эмпатия деңгейін анықтау» сауалнамасы	- эмпатия деңгейлері барлық топтарда да «белсенділік» деңгейде;
	10.Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау сұрақнамасы (Т.Д.Дубровицкая)	- ЖОО және колледж студенттерінде кәсіптік бағдарлаудың белсенділік деңгейі байқалды; - мұғалімдерде - кәсіптік бағдарлаудың жасампаздық деңгейі;
	11.Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (О.С. Анисимов)	- ЖОО және колледж студенттерінде педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейі – белсенділіктен төмен; - мұғалімдерде – белсенділіктен жоғары;

Кестеде көрсетілгендей, барлық позиция бойынша дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру іс-шараларын жүргізуді қажет етеді.Анықтау кезеңінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша мотивациялық-

құндылықты және процессуалдық-нәтижелік компоненттер бойынша қалыптастырушы эксперименттік жұмыстардың жүргізілуін қажет етеді. Бұл жұмыстар зерттеу жұмысымыздың 3.2 бөлімінде толық сипатталды.

3.2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру кезеңдерінің мазмұны

Диссертацияның 3.1 параграфында мазмұндалған анықтау экспериментте айқындалған дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының бастапқы деңгейі зерттеу барысында жасалған модельдің тиімділігін жүзеге асыру қажеттілігін туындатты. Соның ішінде аталған модельдің даярлау үдерісін қамтитын технологиялық блогындағы психологиялық-педагогикалық шарттардың болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ***психологиялық*** қамтамасыздандыратын *психотехнологиялық бағдарлама* кешенін әзірлеу және оны оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану; ***теориялық*** қамтамасыздандыратын *«Дуальді білім берудің негіздері»* элективті курсын, *«Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет»* практикумын оқу процесіне ендіру; ***практикалық*** қамтамасыздандыратын *«мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің* механизмін жасау және оны жүзеге асыру: «мектеп-колледж-жоо» іс-шаралар жоспарын жасау, ұйымдастыру; педагогикалық практика көлеміне, мазмұнына қосымшалар жасау, қолдану; Ментор ережесін жасау және оған сәйкес олардың іс-әрекеттерін жүзеге асыру және т.б.*)* және қалыптастыру кезеңдерінің тиімділігін тексеру қажет болды.

Зерттеу барысында белгіленген психологиялық-педагогикалық шарттардың ерекшелігі болып олардың «мектеп-колледж-жооо» іс-әрекеттерінің өзара тығыз байланыста аталған білім орталарында кешенді жүзеге асырылуымен бір мезетте ендірілуі саналады.

Қалыптастыру эксперименті Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазақҰПУ 5В010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі**»** мамандығы - 44 студент, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі 5В010500-«Бастауыш білім беру» - 55 студент, №108 жалпы білім беретін Бастауыш сынып мұғалімдері - 20 мұғалім, №108 жалпы білім беретін мектеп - 25 оқушы ***эксперимент тобында*** Қазақ Қыздар МУ**«**5В010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі**»** мамандығы - 55 студент, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі 5В010500-«Бастауыш білім беру» -54 студент, Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі Бастауыш сынып мұғалімдері - 20 мұғалім, Еңбекші қазақ аудандық білім бөлімінің Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі - 24 оқушы ***бақылау тобында*** қатысты.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды айқындалған психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыру барысында тиімділігін тексеру.

Қалыптастыру экспериментінің мазмұны 15-суретте берілген.

Қалыптастыру экспериментінің ерекшелігі диссертацияның екінші тарауында негізделгендей дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби-іс әрекетке даярлық кезеңдеріне *(педагогикалық іс-әрекетке бейімділік, педагогикалық іс-әрекет саласындағы білімділік, педагогикалық іс-әрекеттегі біліктілік)* сәйкес жүргізіледі.



Сурет 15 – Қалыптастыру экспериментінің мазмұны

Қалыптастыру экспериментінің 1-нші кезеңінде *педагогикалық іс-әрекетке бейімдеу* жүзеге асырылып, аталған даярлық психологиялық тұрғыдан қамтамасыздандырылады. Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке қызығушылықтары артып, өзіне сенімділіктері артып, педагог мамандығының ерекшеліктеріне мән беріп, бағыттылығы қалыптасады. Осы мақсатта психотехнологиялық бағдарламаны қолдану жүзеге асырылады.

Зерттеу барысында болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларының өсуіне арналған психотехнологиялық бағдарламаның жасалды оның құрылымы 27-кестеде берілген.

Кесте 27 – Болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларының өсуіне бағытталған психотехнологиялық бағдарламасының құрылымы

Кезеңдік іс-шаралары	I. Айқындау	II. Дамыту		III.Бағалау
Іс-шаралар түрлері	Бастапқы диагностика	Мотивациялық-мазмұндық -ұйымдастыру жұмысы		Қорытынды диагностика
Мақсаты	Болашақ педагогтардың бастапқы кәсіби-тұлғалық сапаларының деңгейлерін анықтау	Кәсіби-тұлғалық өсуге бағытталған іс-шаралар жүйесін мақсатты жүргізу	Педагогикалық іс-әрекетке қажет психологиялық білімдер қалыптастыру	Болашақ педагогтарды қалыптастыруда кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтау
Мазмұндық бағыттары	1. Болашақ педагогтардың өзін-өзі белсендіру деңгейлерін анықтау; 2. Кәсіби-тұлғалық сапалардың өз белсенділігі мен байланысын анықтау, нәтижелерін шығару	Психотехнологиялар (миға шабуыл, демонстрация, рөлдік ойын, Sinkuein, куббизм, кейс-стади, т.б)	1. Дәріс оқу 2.Психологиялық қамтамасыздандыру бойынша әдістемелік құралдар дайындау 3. Психологиялық кеңес беру	1. Болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық қалыптасу деңгейлерін анықтау Арасындағы байланыстың сенімділігін математикалық-статистикалық өңдеу

Психотехнологиялық бағдарламаның құрылымы айқындау, дамыту, бағалау кезеңдерінен және оларға сәйкес іс-шаралар түрлерінен (бастапқы диагностика, мотивациялық-мазмұндық-ұйымдастыру жұмысы, бағалау), әрбір іс-шараға сәйкес мақсаттары, мазмұндық бағыттары берілген.

Болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларының өсуіне арналған психотехнологиялық бағдарламаның жүргізілу барысы мен мазмұны төмендегі 28-кестеде берілген.

Кесте 28 – Психотехнологиялық бағдарламасын жүзеге асыру кезеңдері мен мазмұны

Кезеңдері	Мақсаты	Іс-шараны жүргізу барысы	Іс-шаралардың мазмұны
Айқындау (4 сағат)	Болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға арналған психологиялық-педагогикалық орта құру	Дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттерін анықтау Психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелерін шығару Дамыту кезеңі бағдарламасының мазмұнын өңдеу	1. Кіріспе 2. Танысу 3.Студенттердің мотивацияларын айқындау; 4. Студенттердің эмоционалдық-еріктік сапаларын анықтау; 5. Психодиагностикалық жұмыстар; 6. Анықтаушы эксперимент; Қалыптастырушы экспериментке дейінгі бақылау және эксперимент топтарды іріктеу, кәсіби-тұлғалық сапаларының деңгейлерін анықтау, өзара байланыстарының ерекшеліктерін ашу
Дамыту (36 сағат) // 3 сағаттан 12 күнге арналған	Бағдарламаның мақсатына сәйкес іс-шараларды жүргізу	Психологиялық ағарту жұмыстары, диагностика, психотехнологиялар, тұлғалық мәселе бойынша кеңес беру жұмыстары	1. Кіріспе 2.Танысу 3. Ұйымдастыру сәті 4.Дамытушы іс-шаралар 5. Қорытындылау
Бағалау (4 сағат)	Болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша ақпараттар беру	Кәсіби-тұлғалық сапаларының динамикасын анықтау	1. Кеңес беру жұмыстары 2.Эксперименттік топқа қайта психодиагностикалық жұмыстар жүргізіп, экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі зерттеу нәтижелерін салыстыру. Математикалық талдау жүргізу

Психотехнологиялық бағдарламаның айқындау іс-шарасының мазмұны:

1. Бастапқы диагностика құрылымында кәсіби-тұлғалық сапаларының даму деңгейін анықтау және кейінгі оны дамытудың жобалау үлгісін қарастырады. Аталған құрылымның қызметі сандық және сапалық мәліметтерді талдап, соның негізінде дамыту жобасын құрастыру.

1.1 Диагностикалық деңгейде жүргізілетін зерттеу әдістерінің нәтижелеріне сәйкес көрсеткіштер анықталады.

Аталған жұмыстар ғылыми мәліметтерге сүйенген эксперименттік іс-әрекеттерден тұратын психологиялық диагнозды құруға негізделген. Психологияда диагноз – тұтас және жан-жақты зерттеудің негізінде қызмет ету барысындағы тұлғаның жеке көрсеткіштеріне баға беру. Диагностиканың

нәтижелері оқытушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту бойынша болашақ жүргізілетін жұмыстарды даярлауға қызмет етеді.

1.2. Болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды жобалау.

Аталған бағдарламаның айқындау кезеңіндегі диагностикалық жұмыстар тәжірибелік-эксперимент жұмысының акнықтау эеспериментінде қолданылды. Және оның нәтижелері 3.1 параграфында жан-жақты баяндалды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру экспериментінде психотехнологиялық бағдарламаның дамыту кезеңі жүзеге асырылды. Оның мазмұнында психотехнологиялық бағдарламаның құрылымдық-мазмұндық жүйесін логикалық ұйымдастыру, тәжірибеде қолдану болашақ педагогтардың маңызды кәсіби- тұлғалық сапалар тарапынан қойылатын талаптарды қанағаттандыру қарастырылған. Оның мазмұны 29-кестеде берілген.

Кесте 29 – Болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыруды психологиялық қамтамасыздандыру арналған психотехнологиялық бағдарламаның дамыту кезеңінің мазмұны

Сабақтың тақырыбы	Мақсаты	Іс-шаралар
I Блок – «Мен» және «Тұлға»		
Сабақ -1		
1	2	3
Мен және менің кәсібім	1. Тұлға, индивид, субъект, даралық ұғымдары туралы ақпарап беріп, ерекшелейтін белгілерімен таныстыру 2. «Мен» тұжырымдамасына қысқаша шолу жасау 3. Қатысушылардың қызығушылықтарын ояту	1. «Менің есімім – менің мінезім» жаттығуы 2. «Бала мен алма» аңыз әңгіме (ертегі терапиясы) 2. «Мен сені түсінемін» жаттығуы 3. «Тамыр туралы өсиет» аңыз әңгіме 4. Психологиялық өмірбаян 5. Топтық ойын, топ ережелері. 6. Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -2		
	1.Топпен ішінде жағымды психологиялық атмосфера құру; 2. Қатысушылардың ішкі мотивациясын күшейту; 3. Топ мүшелерімен өзара байланыс орнату	1. «Қолдағы хат» жаттығуы 2. « Сыйлық» жаттығуы 3.«Бізді біріктіреді» 4.Топтық дискуссия «Менің кәсіби іс-әрекетім» 5. «Менің портретім» жаттығуы 6. Блиц-ұсыныс 7.«Кеме туралы» аңыз әңгіме Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -3		
Кәсіби-тұлғалық сапалар	1 Эмоционалдық-еріктік; интеллектуалдық-креативтілік; коммуникативтік-бағалаушылық сапаларды айқындау	1.« Жүргізушінің сөзі 2. «Коммуникативтік дағдылар дегеніміз не?» 3. «Біздің өмірімізде

29 – кестенің жалғасы

1	2	3
		коммуникативтік дағдылар мен іскерліктің рөлі» 4. «Бүлінген телефон» жаттығуы 5. «Әңгіме жүргізу техникасы» жаттығуы 6.Сабақтың рефлексиясы
Сабақ -4		
	1. Тиімді қарым-қатынас орнату, қарым-қатынаста кездесетін кедергілерді жеңу; 2. Перцептивті, интерактивті, коммуникативті қарым-қатынастың тиімділігі; 3. Түрлі жағдайларға өзінің реакциясын саналы бақылауға мүмкіндік беру; 4. Қоршаған адамдарға қолдау көрсетуді үйретіп, қабылдау қабілетін және бірігіп іс-әрекет ету икемділігін қалыптастыру	1.«Оқиға» жаттығуы 2.«Ашық сұрақтар» жаттығуы 3. «Үміткер» рөлдік ойыны 4.«Айна» жаттығуы 5.«Сенімділік» шеңбері» ойыны 6. «Мен сені түсінемін» жаттығуы 7.«Серіктесті күлдіру» жаттығуы Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -5		
Менің педагогикалық іс-әрекет ресурстарым	1. Педагогикалық іс-әрекет түсінігінің мәнін ашу және өзінің ішкі ресурстарын айқындау 2. Өзіне жағымды өзін қабылдау қабілетін, сын тұрғысынан өзін-өзі бағалау, өзінің өсуіне мүмкіндігінше жағымды қатынас қалыптастыру	1. «Қоңырау» үй тапсырмасын тексеру 2.Педагогикалық іс-әрекетке байланысты ассоциация жаттығуы 3. «Өзіндік кәсібилік деңгейін бағалау» 4.Педагогикалық іс-әрекет ресурстары сызбасын құру 5.Миға шабуыл: «Жасампаз педагог» 6.«Орындалатын мақсаттар» Рефлексия – кері байланыс
II Блок – Эмоционалдық-еріктік сапаларды дамыту		
Сабақ - 6		
Тұлғаның кәсіби деформациясы: мәні мен мазмұны (дәріс)	1.Кәсіби деформация, кәсіби іс-әрекеттегі деформацияның алатын орны туралы білім қалыптастыру; 2.Кәсіби деформацияның дамуына әсер ететін факторлар және даму кезеңдері бойынша ақпарат беру	1.«Жануарлар» 2.«Өзіндік диагностика» жаттығуы 3.Топтық дискуссия: «Кәсіби деформацияға әсер ететін факторлар» 4. «Қармақ» жаттығуы 5.Миға шабуыл: «Деформацияның салдары» Үйге тапсырма: «Кәсіби деформацияны алдын алу» нұсқау дайындау Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -7		

29 – кестенің жалғасы

1	2	3
Эмоция атты педагогикалық әлеміне саяхат	1. Сәтсіздіктердің алдында қорқынышты жеңу, өзін-өзі бағалау, эмоционалдық тұрақтылыққа ие болу, өз алдына шынайы мақсаттар қоя білуге үйрету, топта сенім атмосферасын құру; 2. Қалыптасқан жағымсыз эмоционалды күйлерді саналы түсіну, мазасызданудың, аффект, фрустрация, стрестің деңгейін төмендету	1.«Стрессті басқарушы» жаттығуы 2.«Идеалды Мен, Реалды Мен» 3. «Физикалық Мен, Әлеуметтік Мен» 4.Топтық дикуссия: «Педагогикалық іс-әрекетімнен қанағат алуыма маған не әсер етеді?» 5. «Менің тәжірибем» (Аквариум технологиясы) 6.«Эмоция және мен» жаттығуы 7.«Менің сүйікті жұмысым» Пікір-талас. Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -8		
Агрессия және оны алдын алу	1. Агрессияның көрінуімен байланысты эмоционалды күрделі шиеленістік жағдайлардың алдын алу дағдысын қалыптастыру	1.«Күмәнім бар» жаттығуы 2. «Агрессияны жеңу» дискуссия 3.«Күрделі эмоцияларды басқару» жаттығуы 4.«Жағымсыз көңіл-күйдегі бейне» жаттығуы 5.«Көңіл күй» 6.«Менің жағымсыз эмоцияларым» жаттығуы 7.«Сұхбаттасу» жаттығуы Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -9		
	1. Студенттердің өзінің эмоционалдық-ерік сапаларын саналы түсініп, басқару қабілетін дамыту 2. Релаксацияға дағды қалыптастыру	1. Оқу пәндеріне қарым-қатынас диагностикасы 2. «Қиындықтар жинағы» жаттығуы 3. Жағымды эмоциялар. Блиц-сұрақ 4. «Тренингтік лауреат» мини-жоба 5. Алынған құндылықтар мен мақсаттар арақатынасының жалпы топтық рефлексия
Сабақ -10		
Кәсіби-тұлғалық даму	1. Табысқа жету мотивациясын дамыту, табысқа жетуге үйрету, сәтсіздіктердің алдында қорқынышты жеңу, өзін-өзі бағалау, эмоционалдық тұрақтылыққа ие болу, өз алдына шынайы мақсаттар қоя білуге үйрету, топта сенім атмосферасын құру	1.«Траекторияны анықтау және құру» жаттығуы 2.Топтық дискуссия «Инноватор педагог» 3.«Сиқырлы педагогика» жаттығуы 4. «Кәсіби Акме» жаттығуы 5. «Эрудит Педагог» жаттығуы Қорытындылау
III –Коммуникативтік-рефлексиялық сапалардың дамыту		
Сабақ -11		

29 – кестенің жалғасы

1	2	3
Педагогикалық іс-әрекеттегі кәсіби-тұлғалық дамудың орны	1. Болашапедагогтарға кәсіби және тұлғалық даму туралы ақпарат беру. 2. Психологиядағы негізгі тұлғалық даму сатыларын және кәсіби даму кезеңдерімен таныстыру. 3.Сабаққа студенттердің мотивациясын ояту;	1.«Табысты есіңе ал» жаттығуы 2.«Келісемін», «келіспеймін», «күмәнім бар» жаттығуы 3.«Кәсіби-тұлғалық даму ережелері» 4. Оқу еңбегіне байланысты аңыз-әңгімелер мен притчалар 5.Табысты еңбекті ұйымдастыру бойынша ұсыныстар 6. Сабақтың рефлексиясы
Сабақ -12		
	1.Өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру, өзгерту икемділігін дамыту; 2. Тұлғалық және кәсіби дамудың күнделікті іс-әрекетке жағымды қатынасын қалыптастыру; 3. Шығармашылық өзін көрсету қабілетін дамыту; 4. Режиммен күнделікті педагогикалық іс-әрекетін жоспарлау	1. «Комплимент» жаттығуы 2.Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау 3.«Білемін, білгім келеді, үйрендім?» 4.«Эмпатиялық хат» жаттығуы 5. «Оқушылардың оқуға мотивациясын өалай жоғарылатуға болады? (кейс-стади) 6.«Тренингке қатысу маған не берді» 7.«Рахмет айту» жаттығуы Кәсіби шыңдалуларыңызға табыстар тілейміз! Сабақтың қорытындысы

Психотехнологиялық бағдарламаның дамыту кезеңінің мазмұны «Мен және тұлға», «Тұлғаның эмоционалдық-еріктік сапаларын дамыту», «Кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту» атты үш бөліктен тұрады. Олардың мазмұнының қалыптастыру экспериментінде жүзеге асырылуы, мазмұнының студенттерге меңгертілуі олардың педагогикалық іс-әрекетке даярлығы қалыптасуындағы мотивациялық-құндылықтықтық компоненттерінің дамуына ықпал етті. Алайда бұл кәсіби-тұлғалық қалыптасуындағы психологиялық білімдер болашақ педагогтардың кәсіпке қызығушылығын, өзіне сенімділігін, педагогикалық жауапкершілігін, рефлексиясын, эмпатиясын және т.б. сапаларын дамыта түскенімен олардың дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет саласынан инновациялық-танымдық білімдерін толықтыру қажеттілігін көрсетті.

Қалыптастыру экспериментінің 2-нші кезеңін *заманауи педагогикалық іс-әрекет саласынан білімділігін дамыту* қажет болды.Осыған орай зерттеу проблемасының екінші шарты тұрғысынан айқындалған болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ***теориялық*** қамтамасыздандыратын *«Дуальді білім берудің негіздері»* элективті курсын, *«Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет»* практикумын оқу процесіне ендіру жүзеге асырылды.«Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсы 3 кредит көлемінде әзірленді және 2018-2019 оқу жылынан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының **«**5В010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі**»** мамандығына енгізілді (кесте 30) (Қосымша Е).

Пәннің мақсаты – студенттерге еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік деңгейіне сәйкес болашақ педагогты даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, дуальді білім берудің дамуын, теориясын және тәжірибесін меңгерту.

Пәннің міндеттері:

- дуальді білім берудің мәнін түсіндіру;
- дуальді білім беру жүйесі бойынша шетелдік тәжірибелерді талдау;
- теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды кіріктіруге үйрету;
- дуальді білім берудің элементтерін болашақта кәсіби іс-әрекеттерінде пайдалануға дағдыландыру;
- психологиялық-педагогикалық, ғылыми-зерттеу практикаларында дуальді білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері туралы меңгерген білімдерін пайдалану.

«Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсын оқыту нәтижесінде студент білуі керек: дуальді-бағдарланған оқытудың әдіснамалық негіздерін; әлеуметтік-кәсіптік спектрдегі біліктер мен білім-құралдарын дамыту қажеттілігінің мазмұнын; болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын дамытудың субъективті парадигмасының мазмұнын; болашақ мамандар үшін дуальді оқытуды дамытудың өзекті әдістемелік мәселелерін; болашақ мамандар үшін дуалді оқытуды дамытудың теориялық тұжырымдарын; болашақ мамандарды даярлауда дуальді оқытуды ендірудің тәжірибесінде; дуальді оқытуды педагогикалық білім беруде дамытудың жалпы сипаттамаларын, қазіргі жағдайы мен үрдістерін, технологияларын және т.б.

жасай алу керек: болашақ педагогтардың дуальді оқытуды дамытудың теориялық талдауларын, фактілерін, механизмдерін және даму заңдылықтарын негіздеуі; ЖОО-да оқыту үдерісі субъектілерінің дуальді білім беруді дамыту туралы өз көзқарастарының болуы; ЖОО-да дуальді оқытуды дамытудың психологиялық тұжырымдамаларын, теориялық сызбалар мен парадигмалардың мәнін түсіндіре алуы; теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды кіріктіруге алуы; әлемдік еңбек нарығында және өз кәсіби ортасында бәсекеге қабілетті болуы және т.б.

Кесте 30 – «Дуальді білім берудің негіздері» курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Пәннің тақырыптық аталуы	апта	Аудиториялық сабақ (сағ.)		Тапсырма түрі (сипаттамасы)		барлығы (сағ.)
		Дәріс	Сем	СӨОЖ	СӨЖ	
І Модуль. Пәнге кіріспе. Дуальді білім берудің теориялық-әдіснамалық негізі						
1	2	3	4	5	6	7
Дуальді білім берудің негіздері курсының пәні, мақсаты мен міндеттері	1	1	2	3	3	9

30 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
ЖОО-да дуальді оқытудың теориялық негіздері. Дуальді оқытудың негізгі мәселелері	2	1	2	3	3	9
Дуальді білім берудің пайда болу тарихы. Германияда дуальді оқытудың дамуы	3	1	2	3	3	9
Европа елдерінде дуальді оқытудың даму ерекшеліктері	4	1	2	3	3	9
Дуальді мәселелері бойынша шетелдік, ресейлік және отандық психологиядағы зерттеулерге салыстырмалы талдау	5	1	2	3	3	9
Дуальді білім берудің негізгі тәсілдері, қағидалары мен ұғымдары	6	1	2	3	3	9
II Модуль. Дуальді оқытудың теориясы мен практикасы						
Дуальді оқыту модельдерінің мәні мен негізгі белгілері	7	1	2	3	3	9
Қазақстанда дуальді оқытудың ендірілу жағдайы: техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне дуальді оқытудың ендірілуі	8	1	2	3	3	9
Дуальді оқыту мен тәжірибеге-бағдарланған білім берудің өзара байланысы	9	1	2	3	3	9
Дуальді-бағдарлық оқытудың мәні мен ерекшелігі	10	1	2	3	3	9
Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау	11	1	2	3	3	9
III Модуль. Дуальді білім беру ортасы						
Дуальді білім беру ортасын құрудың педагогикалық шарттары	12	1	2	3	3	9
Дуальді білім беру ортасын құрудың психологиялық шарттары	13	1	2	3	3	9
Дуальді білім беру бағдарламасының траекториясы	14	1	2	3	3	9
Дуальді білім берудің әдістемелік негіздері	15	1	2	3	3	9
Барлығы	15	15	30	45	45	135

«Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсы болашақ педагогтарға дуальді оқытудың тарихи дамуы, әдіснамалық-теориялық негіздері, оның Қазақстанда орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ендірілу жағдайы, оның қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білім беруге ендірудің қажеттілігі, оның дидактикалық негіздері меңгертілді. Дуальді оқыту элементтерінің болашақ маманның кәсіби даярлығына ендірілуі оның практикалық даярлығының дамуына ықпал ететіндігі талданды.

Оның қажеттілігі әсіресе заманауи педагогикалық іс-әрекетке инновациялық жасампаз педагогтың даярлау керектігінен де туындап отырған себепті, оларға қазіргі педагогикалық іс-әрекеттің теориялық-практикалық негіздері туралы білімдерін тереңдететін *«Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумы* меңгертілді.

Зерттеу міндеттерін шешу шеңберінде ЖОО-ның оқыту үдерісінде «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» атты практикум курсы жүргізілді.

Курстың мақсаты – болашақ педагогтың маңызды кәсіби-тұлғалық сапалары мен дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекетінің функционалдық компоненттерінің теориялық негіздерін қалыптастыру және практикада жүзеге асыру.

Курстың міндеті:

- студенттердің өз мамандығының маңыздылығын түсінуіне ықпал ету, олардың оқу үрдісіне және таңдаған мамандығына деген жағымды мотивациясын қалыптастыру;
- педагогикалық іс-әрекетте заманауи болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларын айқындау;
- заманауи болашақ педагогтың функционалдық компоненттерін дамыту;
- коммуникативтік құзыреттілік деңгейін арттыру;
- педагогикалық іс-әрекетін өз бетінше қабылдау, талдау, бағалау іскерліктерін дамытуға мүмкіндік туғызу.

Практикум курсы 2 кредиттен: 8 дәріс, 16 семинар, 36 студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы, 30 студенттің өзіндік жұмысынан тұрады. Курс мазмұнының негізіне оқытудың модульдік технологиясы алынды. Курс 2 модульден: I Модуль – дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекеттің теориялық негіздері; II Модуль – заманауи болашақ педагогтың функционалдық компоненттерінен құралады.

Курс негізінде студенттерде дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет бойынша түсініктер қатыптасады, заманауи болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапалары мен функционалдық компоненттері айқындалып, практикада жүзеге асыруға мүмкіндіктер жасалады.

Практикум курсының мазмұнына сәйкес семинар және СӨОЖ, СӨЖ тапсырмаларына 82 сағат бөлінген, яғни студентке теориялық шолу дәрістері, ал семинар, СӨОЖ, СӨЖ сабақтары мектеп, колледж базасында менторлардың сүйемелдеуімен жүргізілді. Аталған «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» атты элективті курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын 31-кестеден көруге болады.

Кесте 31 – «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикум курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Курстың тақырыптық аталуы	апта	Аудиториялық сабақ (сағ.)		Тапсырма түрі (сипаттамасы)		барлығы (сағ.)
		Дәріс	Сем	СӨОЖ	СӨЖ	
I Модуль. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекеттің теориялық негіздері						
«Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикум курсының пәні, мақсаты мен міндеттері	1	1	1	3	3	8
Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен педагогикалық іс-әрекеттерінің мәні мен ерекшеліктері	2		1	3	3	7
Педагог – педагогикалық іс-әрекет субъектісі ретінде	3	1	1	3	3	8
Болашақ педагогтың маңызды кәсіби-тұлғалық сапалары	4		1	3	3	7
II Модуль. Заманауи болашақ педагогтың функционалдық компоненттері						
Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқыту	5	1	2	4	3	10
Жасапмаздық рухта тәрбиелеу	6	1	2	4	3	10
Зерттеушілік-жобалық іс-әрекет	7	1	2	4	3	10
Инновациялық-әдістемелік, шығармашылық	8	1	2	4	3	10
Әлеуметтік-коммуникативтік функциясы	9	1	2	4	3	10
Мектеп-колледж-жоо-ң өзара әрекеттестігі	10	1	2	4	3	10
Барлығы	10	8	16	36	30	90

I Модуль. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекеттің теориялық негіздері.

Аталған модульде студенттер курстың пәні, мақсаты мен міндеттерін; педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен педагогикалық іс-әрекеттерінің мәні мен ерекшеліктерін, педагог – педагогикалық іс-әрекет субъектісі ретінде; болашақ педагогтың маңызды кәсіби-тұлғалық сапалары: эмоционалдық-еріктік – кәсіпке бағыттылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, шыдамдылық, өзіне сенімділік; интеллектуалдық-креативтілік – кәсіби білімділік, жаңашылдық, зерттеушілік, креативтілік, эрудиция, жасампаздық; коммуникативтік-бағалаушылық – басқарушылық, ұйымдастырушылық, толеранттылық, рефлексия, эмпатия бойынша түсініктер мен білімдер қалыптастырады. Сондай-ақ, педагогикалық мамандықтың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік алды.

II Модуль. Заманауи болашақ педагогтың функционалдық компоненттері. Екінші модульде келесі тақырыптардың мазмұны ашылды:

– *Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқыту* тақырыбында: оқу сабақтарын жаңартылған білім беру мазмұнына (пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі, бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды

жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі, білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою, бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аудару, оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу), критериалды бағалау және т.б.) сәйкес жүргізу; оқыту ерекшеліктерін есепке алу; оқу үдерісін ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар арқылы ұйымдастырып, құрастыру; жобалау; оқыту үдерісінде меңгерілген теориялық білімдерді практикалық әрекеттерде қолдануға бағдарлау бойынша түсінік берілді.

– *Жасапмаздық рухта тәрбиелеу* тақырыбында келесі мәселелер қарастырылды: педагогикалық этиканы және құндылықтарды сақтау (педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтау және жалпы адами, ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне қатысын көрсету және т.б.); демократиялық стильді қолдану (білім алушылармен өзара қарымқатынаста демократиялық стильді қолдану және т.б.); жасампаз рухта тәрбиелеу (жаңғырту, өркендету, жоғары эмпатиясы мен рефлексиясын дамыту, теориялық білімдерін инновациялық-шығармашылық тұрғыдан түрлендіріп көрсету және т.б.); толеранттық көзқарасты қалыптастыру (басқа мәдениетке, басқа өмір салтына толерантты көзқарасты қалыптастыру және т.б.).

– *Зерттеушілік-жобалық іс-әрекет* тақырыбы бойынша: ақпараттандыру (ақпараттандыру, кері байланысты ұйымдастыру және оқушылардың білімін түзету және т.б.); дамыту (оқыту, тәрбие және дамыту бірлігін көрсетіп, оқушылар іс-әрекетінің перцептивті, ойлау, эмоционалды, ерікті, т.б. компоненттерін басқаруды қамтамасыз ету және т.б.); мәліметтерді жинақтау, талдау (оқушыларды деректерді талдауға, жалпылауға, топтастыруға, жіктеуге және жүйелеуге, себепті-салдарлы байланыстарды орнатуға, ұғымдарды, категорияларды, заңдылықтарды меңгеруге және қолдануға машықтандыру және т.б.); эксперимент жүргізу (әлеуметтік-педегогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарау, ғылыми болжам жасай алу, жобалау және эксперимент пен іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізе алу және т.б.); мониторинг жасау (мониторингтік зерттеулерді өз бетімен жоспарлау, жүргізу және нәтижелерін білім үдерісі субъектілерімен өзара ықпалдастықты құрастыру үшін өз бетімен пайдалану және т.б.) проблемаларының мазмұны ашылды.

– *Инновациялық-әдістемелік, шығармашылық* тақырыбы арқылы келесі түсініктерді қалыптастырды: инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру (оқу материалын терең білу және оқытудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгеру және т.б.); оларды қолдану шеберлігі (ең тиімді әдіс-тәселдерді пайдаланып, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алу және т.б.); сабақты оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру (қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамытуға бағытталған бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін қолданады; сабаққа негізгі және қосымша оқу-әдістемелік материалдарды жасайды және т.б.); рефлексия жасау (өз іс-әрекеттерін бақылап, бағалау, өзіне сырт көзбен қарап іс-әрекет нәтижелерінің

тиімділігін талдау, өзін басқалалармен салыстыра отырып нені өзгертудің қажеттігін түсіну және т.б.); жұмысын шығармашылықпен орындау (оқушыға жаңаны ойлап табу, оны жүзеге асыру, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға үйрету және т.б.);

– *Ал, әлеуметтік-коммуникативтік функциясы* тақырыбы бізге ұйымдастыру (оқушыларды іс-әрекеттің алуан түрлеріне енгізуді, оқушылар ұжымын ұйымдастыруды және оны тұлғаны жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мақсатында тұлғаға педагогикалық ықпал ету және т.б.); басқару (педагогикалық үдерісті және білім алушылардың іс-әрекетін басқару және т.б.); қарым-қатынас орнату (субъект-субъект: оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және қоғаммен дұрыс өзарақатынастарын орнату. Қарым-қатынас тәсілдері контакт орнату, сөз сөйлеу, мимиканы игере білу әрекеттері және т.б.); өзара ықпалдастықты қалыптастыру (білім үдерісі субъектілерімен өзара ықпалдастықты ұйымдастырады; әріптестермен кәсіби өзара ықпалдастықты өз бетімен қалыптастыруы және т.б.); тәлімгерлікті іске асыру (мектеп, колледж, жоо өзараәрекеттестігінде тәлімгерлікті іске асыру және т.б.) мәнін ашуға мүмкіндік берді.

Мектеп-колледж-жоо-ң өзара әрекеттестігі тақырыбында мектеп, колледж, жоо-ң өзара байланысын және дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қатысушы субъект-объекттердің өзара әрекеттесуін, болашақ педагогтардың педагогикалық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда теория мен практиканы жақындастыруын, практикалық даярлығын қамтамасыз ететінін айту (Қосымша Ж).

Практикум сабақтан тыс уақытта университтетте және оның бірқатар практикалық сағаттары мектептерде жүргізілді. Мәселен, педагогикалық іс-әрекеттің оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік функциялары мектеп мұғалімдерінің сабақтарына, тәрбиелік іс-шараларына қатысқаннан кейін оларды талдау сабақтары негізінде жүргізілді.

Жоғарыда аталған элективті курсты және практикумды жүргізуде проблемалық дәріс, дәріс-диалогтар, семинар-сабақтар (семинар-зерттеулер, эвристикалық әңгіме, жобаларды қорғау, диспуттар, шығармашылық пікір-талас, тренинг, үйіре, кештер, ойындар, пікірталастар, «дөңгелек үстелдер», ғылыми конференциялар, іскерлік ойындар және т.б. формалары, ынталандыру, болжам, сыни ойлау, жобалық, бейнелі картинаны құру, мадақтау, «миға шабуыл», шағын топтық, рефлексивтік сұрақтар әдістері, көрнекіліктің әр түрі, демонстрациялау құрылғылары, оқытудың ақпараттық құралдары, компьютер, электронды тақталар, карточкалар, кестелер, модельдер, макеттер және т.б. құралдар қолданылды.

Нәтижесінде болашақ педагогтардың педагогикалық іс-әрекетке даярлығының мотивациялық-құндылықтық компоненті, инновациялық-танымдық компоненті дамытылды. Атап айтқанда, педагог болуға қызығушылығы, бағыттылығы, теориялық білімді практикада бекітуге әрдайым ынтасының болуы, педагог болуға эмоционалдық-адамгершілік қатынасы (өзіне сенімділік), жасампаз педагог болуға ерік-жігерінің болуы

(еңбекқорлық, шыдамдылық, жауапкершілік) артты. Сондай-ақ, олардың кәсіби теориялық білімі кеңейді; дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімі молайды, педагогикалық іс-әрекет түрлерінен білімі тереңдеді; жаңартылған білім мазмұнын меңгерді; оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық технологияларын игерді; зерттеушілік іс-әрекеттерді меңгерді; жан-жақты білімді болуға, жасампаз педагог болуға талпынысы байқалды (олардың даму динамикасы 3.3 параграфында кестелермен диаграммалармен беріліп, толық баяндалады).

Алайда бұл білімдер дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының қалыптасуында жеткіліксіз болды.

Қалыптастыру экспериментінің 3-нші кезеңінде педагогикалық іс-әрекеттегі біліктілікті дамыту жүзеге асырылады. Осыған орай аталған даярлықтың 3-нші психологиялық-педагогикалық шарты болып табылатын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтың кәсіби і-әрекетке даярлығын қалыптастыруды практикалық қамтамасыздандыратын «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің механизмі жасалып жүзеге асырылады. Іс-шаралар жоспары құрастырылып, іске асырылды. Педагогикалық практиканың көлемін кеңейтіліп және тиімді пайдаланылды. Педагогикалық практика көлеміне, мазмұнына қосымшалар жасалды және іске асырылды. Ментор ережесі жасалды және оған сәйкес олардың іс-әрекеттерін жүзеге асыру және т.б.) (Қосымша 3).

Диссертацияның 2.3 параграфында айқындалған «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің механизміне сәйкес мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

Біріншіден, болашақ педагогтарды кәсіби даярлау барысында «мектеп-колледж-жоо» өзараәрекеттестігі бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика және психология институты мен №1 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі мен №108 жалпы білім беретін мектеп арасында келісімшарт жасалды.

Екіншіден, аталған білім беру ұйымдар арасында өзараәрекеттестік бағыттары анықталды: ұйымдастырушылық-басқару, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, кәсіби бағдарлық.

Үшіншіден, «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің іс-шаралар жоспары құрастырылды. Сондай-ақ, педагогикалық практиканың мазмұнына қосымшалар, Ментор туралы ереже жасалды.

Төртіншіден, «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің мазмұнын практикалық тұрғыдан жүзеге асыру қарастырылды: Мектеп базасында: педагогикалық сынып құру, ментор тағайындау, студенттің траекториясын анықтау, аптасына 1 күндік, таңдау пәні бойынша, сауықтыру лагеріндегі жазғы практика, мектепте Ашық есік күнін ұйымдастыру, жобалар дайындау. Колледж базасында: педагогикалық шеберхана құру, ментор тағайындау, бірлескен курстық, дипломдық жұмыстарын әзірлеу, жобалар дайындау; ЖОО базасында: элективті курстар мен практикум жүргізу, психотехнологиялық

бағдарламаны жүзеге асыру, мектеп-колледж-жоо өзара әрекеттестігінде ғылыми-практикалық іс-шаралар орындалды.

Бесіншіден, аталған іс-шаралардың тиімділігін айқындайтын қорытынды жоба, педагогикалық практика конференциясын, коллоквиум өткізілді.

Осы іс-шаралар мазмұнынның бірқатары қосымшада берілгенімен, олардың практикада жүзеге асырылу барысына тоқталып өткенді жөн көрдік.

Қалыптастыру экспериментінің үшінші кезеңі барысында жоғарыда аталған білім беру ұйымдары арасында үш жақты келісімшарт жасалды. Құрастырылған «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің жоспарына сәйкес психология-педагогика ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша мектеп мұғалімдеріне және колледж оқытушыларына оқыту семинарлары, мектеп ата-аналарына арналған семинарлар, біргелікте дөңгелек үстелдер және конференция өткізілді. Әсіресе мектеп, колледж педагогтарымен арасындағы кездесулер біргелікте атқарылатын жұмыс түрлерін талқылауға, айқындауға бағытталды.

Колледж базасында педагогикалық шеберхана және мектеп базасында педагогикалық сынып құрылды. Бұл ұйымдардың біздің эксперименке қатысқан студенттердің осы практика өткізілетін базаларында өзараәрекеттестік байланыс орнатуда үйлестірушілік іс-әрекеттерде ықпалы тиді.

«Мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігі аясында студенттердің практикалық-бағдарлы іскерліктерін дамытуда педагогикалық практиканың түрлері мен көлемін көбейтуге баса назар аударылды.

Педагогикалық практика – студенттердің теориялық білімдерін практикалық іс-әрекет арқылы бекітетін практика түрі. Яғни, біріншіден мұғалімнің қалай жұмыс істейтінін қадағалау ғана емес, сонымен қатар, оқушымен, мұғаліммен, колледж студенттерімен, жоо әдіскерлерімен бірге мақсатты түрде жұмыс істеу керек. Екіншіден, білім алушылардың танымдық мүдделерін, оқу іс-әрекетіне қызығушылығын, әртүрлі пәндерге көзқарастарын, педагогикалық іс-әрекетке бағыттылығын, кәсіби өзін-өзін анықтау үшін диагностикалық әдістерді қолдануға көмектеседі. *Үшіншіден,* білім алушылармен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру студенттерге оқушылардың білімін, тәрбиесін және дамуын педагогикалық түзетуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Практика барысында студенттерде педагогикалық іс-әрекетке ұмтылу, кәсіби іс-әрекетке құрмет, ұйымдастырушылық, басқарушылық, коммуникативтік, әдістемелік-рефлексиялық іскерліктер және тапсырылған іс үшін жауапкершілік, т.б. қасиеттер қалыптасады.

Педагогикалық практика оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекет дағдыларын дамытудың және кәсіби іс-әрекет мотивациясын қалыптастырудың маңызды құралы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен, стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2016 жылдың 13 мамыр №292 қаулысымен Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартында практика (оқу, педагогикалық, өндірістік) 6 кредиттен кем емес – ол 4,5% 10 кредитті (2+4+4 кр), 15аптаны (1+4+10апта) құрайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 ж. 31 қазан №604 бұйрығына сәйкес ЖББ МЖМ стандартында базалық пәндер циклінің көлемінің 30%-нан аспайтын барлық практика түрлері (кәсіптік практика, оқу практикасы және т.б.) кіреді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «5В010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына 2015 жылы түскен білім алушылардың жұмыс оқу жоспарына сәйкес 2 курста практика 1 – 5 кредит, 3 курста практика 2 – 6 кредит, 4 курста практика 3,4 – 5 кредит, жалпы алғанда 16 кредиттен тұратынын көреміз.

Ал, 2018 жылы түскен білім алушылардың оқу жоспарына сәйкес 1-2 курста оқу практикасы – 8 кредит, 3 курста педагогикалық практика – 4 кредит, 4 курста кәсіби практика – 4 кредит, жалпы алғанда 16 кредитті құрайтынын көруге болады.

Сондай-ақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2019-2020 оқу жылында тәжірибе ретінде практиканың сағатын көбейті, дуальді практиканы жүзеге асырса, 2020-2021 оқу жылында 4 курстар аптасына 2 күн теориялық білімдерін жоғары оқу қабырғасында шыңдаса, 4 күн мектеп, колледж базасында практикалық біліктерін дамытуда. Ал, 3 курсатардың педагогикалық практикасы 3/3 формуласымен, яғни 3 күн жоғары оқу орнында, 3 күн практика базасында (мектеп, колледж) өткізеді. Бұл дегеніміз теория мен практиканы теңестіру, практикаға көңіл бөлініп отырғандығын көреміз.

Осы орайда салыстырмалы тұрғыдан №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледж 0105000-Бастауыш білім бру мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспарында көрсетілгендей: оқу практикасы (сыныптан тыс жұмыс технологиясы, білім алушының таңдау пәні бойынша практика, жаратылыстану бойынша практика, байқау практикасына дайындық, жазғы практикаға дайындық, «баланың мектептегі алғашқы күндері» практикасы, интернетпен жұмыс, дипломалды практикасына дайындық), педагогикалық практика (сыныптан тыс жұмыс технологиясы, білім алушының таңдау пәні бойынша практика, мектептегі байқау практикасы, сауықтыру лагеріндегі жазғы практика), дипломалды практикасы – 3 жыл 10 ай уақытындағы 42 (13+23+6) аптасында практикаға арнайтынын көреміз.

Жоғарыда берілген талдаулардан жасалатын қорытынды: жоо-да практикаға бөлінген кредит саны мен апта мерзімі жеткіліксіз екендігін, ал ол студенттердің практикалық іс-әрекетке даярлығына әсер ететінін көреміз.

Осыған байланысты біз педагогикалық практиканың жұмыс мазмұнына қосымшалар енгіздік (сурет 16, кесте 32).

Жоғарыда мемлекеттік стандарттың типтік оқу жоспарына, қазіргі білім беру бағдарламаларына сәйкес оқу практикасын, педагогикалық практика, кәсіптік практика, диплом алды практикадан студенттердің өтуі міндеттелген.

Сурет 16 – Педагогикалық практика мазмұнына қосымша

Ал біз осы практикаларға қосымша 1) педагогикалық іс-әрекетке кіріспе танысу практикасы, 2) аптасына 1 күн үздіксіз педагогикалық практика, 3) демалыс уақытында өтетін практика өткізуді ұсындық және оны қалыптастыру экспериментінде тәжірибеден өткіздік.

Педагогикалық практикаға қосымша мазмұны жасалды. Осы практика мазмұнын жүзеге асыруға эксперимент тобының студенттері қатысты. *Педагогикалық іс-әрекетке кіріспе танысу практикасы*нда студенттер колледждің, мектептің миссиясымен, паспортымен, құрылымымен, ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарымен (Устав, Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырушылық Ережелер, Кеңес Ережелері (Қамқорлық, Педагогикалық, Әкімшілік, Ғылыми-әдістемелік және т.б.); оқу жоспапрларымен, оқу бағдарламаларымен және т.б. танысты. Бұдан басқа студенттер бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатысты. Оларды студенттер өз ортасында талқылап, жақсы, озық тұстарын дәптерлеріне жазып жүрді. Осы практикадағы іс-әрекеттеріне мониторинг жасалды. Қорытынды тұрғысынан студенттер эссе жазды және мектеп мұғалімдері студенттерден тест алды нәтижесі қортытындыланып, студенттер педагогикалық іс-әрекеттен, колледждің, мектептің ішкі жұмыстарынан білім деңгейлері айқындалды.

Осы практикалық білімдерін және «Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсын, «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумында меңгерген білімдерін *аптасына 1 күн үздіксіз педагогикалық практика, демалыс уақытында өтетін практика* барысында практикалық іс-әрекетте көрсетті.

Кесте 32 – Педагогикалық практикаға қосымша мазмұны

Практика түрі	Жүргізілу барысы	Мақсаты	Іс-әрекет мазмұны	Әдістері
Педагогикалық іс-әрекетке кіріспе	1-ші немесе 2-ші семестрден кейін (уақытты таңдауы студенттің еркіне қарай) демалыс уақытында өтетін пассивті практика	Студенттердің педагогикалық бағыттылығын айқындау, педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын қалыптастыру	1. Ментор-мұғалімнің сабағын пассивті бақылау 2. Сабақтың соңында жоспарын, барысын, қолданылған әдістерін, формаларын, құралдарын ментормен талқылау	– бақылау – түсіндіру – көрсету – қайталау
Аптасына 1 күн үздіксіз педагогикалық практика	3-ші семестр мен 7-ші сememтр аралығында 15 апта (1 семестр) бойы баратын үздіксіз педагогикалық практика (қай семестрде баратыны студенттің өзі таңдайды)	Теориялық білімін практикамен ұштастыру және кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту	1. Ментор-мұғаліммен студент өзара әрекеттестіккеі белсенді жұмыс жасайды 2. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құрады 3. Студент тақырып жоспарын жасауға қатысады, қолданылатын әдістерді жинақтайды 4. Ұзартылған күн тобында оқушыларды пән бойынша оқыту (үй тапсырмаларын дайындау) 5. Оқушылармен ортақ жобалар дайындайды 6. Ментор көмекшісі болып, сыныпқа жетекшілік жасайды	– дәстүрлі әдістер – интербелсенді әдістер – коммуникативтік әдістер – ұйымдастыру әдістері – басқару әдістері – бақылау – әңгімелесу
Демалыс уақытында өтетін практика	2-ші немесе 4-ші семестрдің жазғы демалыс уақытында (маусым, шілде) 1 ай мерзімде өткізілетін практика түрі (қай семестрде баратыны студенттің өзі таңдайды)	Практикалық даярлығын күшейту және коммуникативтік-бағалаушылық сапаларын жетілдіру	1. Жазғы лагер топтарына жетекшілік етеді 2. Тәрбиелік шараларын ұйымдастырады 3. Оқушылардың творчествалық-креативті қабілеттерін дамыту жұмыстарын өткізеді 4. Тиімді қарым-қатынас ортануға жағдай жасайды	– рөлдік ойындар – «миға шабуыл» әдісі – Тренинг жаттығулары – бейнелі картинаны құру әдісі

Аптасына бір күн үздіксіз педагогикалық практика мына шарттар арқылы өткізіледі:

- студенттерді кәсіби іс-әрекетке даярлауда теориялық білім мен практикалық білімнің өзара байланысы;

- студенттің оқу іс-әрекетінің біртіндеп күрделенуіне байланысты төменгі курстан жоғары курсқа дейін педагогикалық практиканы ұйымдастырудың жүйелілігі мен кезеңдермен өтуі. Кәсіби даярлаудың әрбір кезеңдерінде оқыту міндеттерінің тереңдетілуі, теориялық жағынан қамтамасыз етілуі,

студенттердің өз бетінше жұмыс істей білу деңгейі мен олардың дара ерекшеліктерін ескеру негіз болып табылады;

- мектеп-колледж-жоо іс-әрекеттерінің кіріктірілуі;
- педагогикалық практиканың барлық түрін өткізу үдерісінде болашақ педагогты ғылым- зерттеу жұмысына бағыттау;
- педагогикалық практиканың болашақ педагогтің нақты мамандығына қарай бағыттылығы.

Осы практика барысында жоо студенттеріне ПОҚ-ынан әдіскер, ал мектеп және колледж базасында ментор тағайындалды. Практика «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігі негізінде ұйымдастырушылық-басқару, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша жүргізілді.

ЖОО студенттерінің практикасына менторлардың тағайындалуына байланысты мынадай қосымша іс-шаралар ендірілді: практикаға даярлық (кеңестер беру, жеке жұмыс жоспары, күнделік, оқу-тәрбие жұмыстарының сценарийлері және т.б.); студенттердің практика алдын ала қорғауы (есеп); білім алушылардың аралық практика қорғауы (есеп); практиканың қорытынды конференциясы (баяндама). Осы іс-шаралардың барлығы өзін-өзі бақылау, өзара бақылау негізінде жүзеге асырылды. Ал бұл болса олардың менторлардан (оқытушылардан, мұғалімдерден) жеке кеңестер алуға, қателіктерін түзетуге мүмкіндік берді.

Студенттер *аптасына 1 күн үздіксіз педагогикалық практика, демалыс уақытында өтетін практика* барысында бастауыш сынып оқушыларының сабаққа қосымша дайындалатын уақыттарында олармен жұмыстар жүргізді. Оларды сабаққа дайындалуына көмектесті. Балалардың жаңа тақырыпты бекітуге, өткен тақырыптарды қайталауға септігін тигізді. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша оқу сабақтарын, тәрбиелік әңгіме-сұқбат, ойын тренингтер жүргізді. Шығармашыл оқушыларды олимпиадаларға, әр түрлі байқауларға дайындады. Сабақтан тыс уақыттарда оқушылармен табиғатқа экскурсияға, театрға, киноға, мұражайға бірге барды. Осы сахаттардан соң оқушылармен бірге олардың мазмұнын талқылады, жағымды, жағымсыз жақтарын талқыға салды. Оқушылардың өз ойларын айтуға мүмкіндік берді. Оқушылар өз ойын ауызша, жазбаша, сурет түрінде бейнелеп беруге мүмкіндіктер алды. Мектептің тәрбиелік, ғылыми-зерттеу іс-шараларына да қатысып, оқушылармен бірге әр түрлі әлеуметік, зерттеу, оқу-іс әрекеттік жобалар жасады. Бір бірінің жобаларына сын пікірлер берді.

Бұдан басқа да эксперимент тобының студенттері педколледж білім алушыларының *оқу-зерттеу іс-әрекетінің* аса кең тараған формасы ретінде, *оқу-зерттеу үйірмелері мен педагогикалық сыныптың* іс-әрекеті алынды. Үйірме жұмысының тақырыбы студенттердің аса күрделі тапсырмаларды және зерттеу проблемасын таңдаудағы қажеттіліктерін қалыптастыру негізінде, күрделендіру принципі бойынша модельденді. Базалық мектепте сияқты, шығармашалық проблемалық топ әртүрлі курс білім алушыларын қамтыды, бұл олардың іс-әрекетінің сабақтастығын, үздіксіздігін және айқын ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Топтағы өзара әрекет

әрбір студентке олардың тұлғалық және кәсіби өсуіне қажетті шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және тұлғалық рефлексияның деңгейін тереңдетуге ықпал еттті.

Осы мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру барысында мынадай іс-шаралар жүргізілді:

– «*Мектеп атты Мемлекет*» - өзіндік әрекет ететін балалар ұйымын дамыту бағдарламасы. Аталған бағдарламаның мақсаты, мектептің тәрбие жүйесінде өзін-өзі басқару жүйесін құру және дамыту, оқушы тұлғасын құндылықтардың, позициялардың шкаласының барлық түрлерін реттеуге сатылы даярлау және іс-әректтің алуан түрлі салаларында мотивациялық тәсілдерді реттеу.

– *«Көшбасшылық мектебі»* - тәрбие жүйесін дамыту аясында оқушы-студенттердің шығармашылық, рухани-адамгершілік тәрбие бағдарламасы. Бағдарламаның кешенді сипати болады және «мектеп-колледж» жүйесіндегі оқушылар мен студенттердің іс-әрекетінің барлық бағыттары үшін бағдарламалық базаны қамтамасыз етеді. Бағдарламаның құрылымында әрбір бағытқа аталған бағыт бойынша жұмысты реттейтін шағын бағдарламалар сәйкес келеді: «Мен адамдар әлемінде», «Эксклюзив» (хореографиялық ұжым), «Сауықтар» (музыкалық театр), «Шалқыған ән», «Флористика», спорт секциялары.

– «Қолдағы қол» - студенттерді таным және шығармашылық әдіснамасының негіздеріне оларды жалпы мектеп өмірінің барлық салаларына белсенді енгізу арқылы оқытуды қамтитын оқу ғылыми әдістемелік кешендегі білім алушылардың іс-әрекетінің бағдарламасы (пәндер бойынша сыныптан тыс сабақтар, психологиялық-педагогикалық практика).

Әрбір бағдарлама базалық мектептің оқушыларының сабақтық, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-әрекетін біріктіреді. Кешенді мақсатты бағдарламалар бойынша жұмыс базалық мектептің оқушыларының және педколледж оқытушыларының алуан түрлі қажеттіліктеріне сәйкес келді.

Оқушылар мен педколледж студенттерінің қызығушылығы, «Жыл түлегі» дәстүрлі кәсіби педагогикалық конкурсын жүргізуді туындатты.

Оған қоса эксперимент барысында педколледжде педагогикалық шеберхана жұмыс істеді. Педагогикалық шеберханада эксперимент тобындағы студенттер мынадай іс-әрекеттерге қатысты:

а) эксперименталды бағдарламалар мен оқулықтарды апробациялауға, оларды жетілдіруге белсенді қатысу;

б) педколледж студенттерін және мұғалімдерді инновациялық жүйелердің идеяларымен және негізгі қағидаларымен таныстыру;

в) инновациялық білім беру жүйелерінің идеяларын ғылыми-әдістемелік құрастыруға және ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу, осы құрастырудың нәтижелерін базалық мектептің тәжірибесіне, педколледждің педагогика және психология кафедрасының іс-әрекетіне ендіру;

г) инновациялық жүйелерді меңгеретін және жүзеге асыратын мектеп мұғалімдерінің, педколледж студенттерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын басқару;

д) үздіксіз педагогикалық білім беруді құрастыруға қатысу;

е) инновациялық білім беру жүйелерінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру мәселелері бойынша базалық мектептің, педколледждің, қаланың ауданның мұғалімдеріне арналған әдістемелік семинарларды, ашық сабақтар жүйесін ұйымдастыру және өткізу;

ж) «Базалық мектеп-педколледж» аймақтық жүйесінде эксперименттік үздіксіз педагогикалық даярлаудың мазмұнын модельдеуге қатысу.

Сонымен жоғарыда баяндалған қалыптастыру эксперименті мазмұнының жүзеге асырылуы дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының соның ішінде практикалық-бағдарлы даярлығының дамуына ықпал етті. Эксперимент тобы студенттернің педагогикалық іс-әрекет саласындағы кәсіби-тұлғалық сапаларының қалыптасуы, атап айтқанда эмоционалдық-еріктік, инновациялық-танымдық, коммуникативтік-бағалаушылық көрсеткіштері жоғарылады. Олардың даму динамикасы келесі 3.3 параграфында мазмұндалады.

3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Зерттеу жұмысымыздың бақылау кезеңінде алғашқы анықтау эксперименті мен қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтиже көрсеткіштеріне талдау жасалды.

Алынған деректерді талдау және зерттеудің эксперименталды бөлігін орындау нәтижелері бойынша тұжырымдау негізінен ұсынылған диагностикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілген екі өлшеудің деректерінің арақатынасын ескере отырып құрылады.

Эксперимент ғылым дамуының әр түрлі салаларында өз маңызын жоғалтпайды. Жалпы эксперимент жұмыстары теориялық болжамдарды тексеру үшін жүргізіледі. Теория нақты бөлшектер туралы білімдердің ішкі қайшылықсыз жүйесі болып табылады. Теория элементтері логикалық тұрығда бір-біріне бағынышты болады. Тәжірибелік-эксперименттің нәтиже көрсеткіштерінің тиімділігін зерттеуде математикалық статистикалық әдістемелерінің маңызы зор.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін өңдеу мақсатында келесі статистикалық өңдеу әдістемесі ретінде Хи–квадрат әдістемесін таңдадық. Аталмыш әдістеме эмпирикалық функциялардың қалыпты жіктелуінің сәйкестілігін тексеруге де пайдаланылады. Сонымен қатар әдістеме болжамның бірнеше мүмкіндік мәндерінің нақты теңдіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістеме формуласы төмендегідей:

$$X^2=(m_1-np_1)^2/np_1+=(m_2-np_2)^2/np_2$$

Нолдік болжам – H_0 / p (A_1) = p (A_2) = 1/2 яғни, $p_1 = p_2 = ½$ X^2 көлемін есептей отырып, нолдік болжамды дәлелдеу мүмкіндігіміз туындайды.

Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^+_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2< x^+_{0,05}(1)$.

Сондықтан, нолдік болжам толық қабылдана отырып, тәжірибеге қатысушы респонденттердің анықтаушы эксперимент бойынша анықталған нәтиже көрсеткіштерін қалыптастырушы жұмыстарды қажет емес немесе қажет ететіндігі статистикалық тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелігін анықтау үшін *«Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау»* (Н.П.Фетискинмен бейімделген) әдістемесі қайта жүргізілді.

Тест нәтижелерін қайта талдау көрсеткендей, пәндер негізінен кәсіби және педагогикалық уәждеменің, яғни педагогиканы саналы түрде зерттеп, педагогикалық шеберлік негіздерін игеру үшін кәсіби қажеттілік деңгейлерінің едәуір артқандығы байқалады. Сонымен қатар, мотивация деңгейлерінің артуы да көрініс береді (кесте 32).

Тест нәтижесі бойынша ЖОО мен колледж студенттерінде мотивациялық баспалдақтың белсенділік және жасампаздық деңгейі байқалды.

Зерттеу нәтижелілігін статистикалық талдауда Хи-квадрат әдістемесін пайдаландық. Ол болжамның бірнеше мүмкіндік мәндерінің нақты теңдіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Эмпирикалық болжам төмендегідей (кесте 33):

H_0 – қалыптастырушы эксперименттік жұмыстардың мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

H_1 – қалыптастырушы эксперименттік жұмыстардың мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен.

Кесте 33 – «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау» бойынша нәтиже көрсеткіштері

Топтар	Көрсеткіш деңгейлері ($x^2 < x^+_{0,05}(1)$)											
	жасампаздық				белсенділік				пассивтік			
	Экс.д.		Экс.к.		Экс.д.		Экс.к.		Экс.д.		Экс.к.	
	Тәж.т	Бақ. т	Тәж. т	Бақ. т	Тәж. т	Бақ. т	Тәж. т	Бақ. т	Тәж. т	Бақ. т	Тәж. т	Бақ. т
Колледж студенттері	32	35	48	37	53	43	50	43	15	22	2	20
ЖОО студенттері	20	25	45	30	55	50	45	47	25	25	10	23
Бастауыш сынып мұғалімдері	25	30	52	35	50	60	40	55	25	10	8	10

Эмпирикалық талдау нәтижелері «жасампаздық» деңгей бойынша есептелінді:

- колледж студенттері бойынша мәнділік деңгейі p=0,05 жағдайында – 4,65;
- ЖОО студенттері бойынша мәнділік деңгейі p=0,05 жағдайында – 3,86;
- бастауыш сынып мұғалімдері бойынша мәнділік деңгейі p=0,05 жағдайында – 4,34.

Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады. Яғни, кәсіби іс-әрекеттік мотивацияны көтеретін жұмыстардың нәтижелі жүргізілгенін атап айтуға болады.

«ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі» (Т.И. Ильина) нәтижесінде студенттердің мотивациясының бағдарлануын талдау әдісі негізінде қайта сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша «білім» шкаласы 80%-ға артқандығын, студенттердің диплом алуға бағытталған көрсеткіші анықталмады, ал 20% -дан жоғары мамандықты игеруге ұмтылады. Оны төмендегі 34-кестеден көруге болады:

Кесте 34 – «ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту» әдістемесінің нәтиже көрсеткіштері

Шкалалар	Мотивтер түрі	Топтар							
		Экс.д.		Экс.к.		Экс.д.		Экс.к.	
		ЖОО студенттері				Колледж студенттері			
		Тәж.т.1	Бақ.т. 1	Тәж.т. 1	Бақ. т. 1	Тәж. т.2	Бақ. т2	Тәж. т2	Бақ. т.2
Шкала 1	«Білім алу»	62	60	72	60	60	60	70	60
Шкала 2	«Мамандықты игеру»	13	13	23	15	10	12	27	12
Шкала 3	«Диплом алу»	25	27	5	25	30	28	7	28

Эмпирикалық болжам төмендегідей:

H_0 – болашақ педагогтардың білім алуға және мамандықты игеруге деген мотивациясы 0-ден жоғары;

H_1 – болашақ педагогтардың білім алуға және мамандықты игеруге деген мотивациясы 0-ден төмен.

- ЖОО студенттерінде мәнділік деңгейі – 3,9;
- Колледж студенттерінде мәнділік деңгейі – 9,8.

Нолдік болжам – H_0 / p (A_1) = p (A_2) = 1/2 яғни, $p_1 = p_2 = ½$ X^2 көлемін есептей отырып, нолдік болжамды дәлелдеу мүмкіндігіміз туындайды.

Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылдана отырып, тәжірибеге қатысушы респонденттердің анықтаушы эксперимент бойынша анықталған нәтиже көрсеткіштерін қалыптастырушы жұмыстарды қажет емес немесе қажет ететіндігі статистикалық тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік береді.

«Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесін» (А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаев модификациясы) қайта жүргізу нәтижесінде студенттердің оқу мотивациясы артқандығы анықталды.

Нәтижелер алғашқы өңдеудегідей жеті шкала бойынша талданды, мұнда сауалнаманың әр шкаласы үшін орташа көрсеткіштер есептелінді. «Күту

мотивтері» мен «бедел себептері» мүлде өзгеріссіз қалаған. Диагностика нәтижелері бойынша біз келесі нәтижелерге қол жеткіздік, 35, 36-кестеде берілген:

Кесте 35 – Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Мотивтер түрі	Экс.дейін						Экс.кейін		
	Бақ.т. 1	Бақ.т. 2	Бақ.т. 3	Тәж.т .1	Тәж.т .2	Тәж.т .3	Тәж.т .1	Тәж.т .2	Тәж.т .3
Коммуникативті себептер	14	14	13	13	14	10	37	36	40
Күту мотивтері	12	12	14	15	14	15	17	16	19
Бедел себептері	19	12	18	14	16	16	19	15	21
Кәсіби себептер	18	20	19	20	18	14	46	39	46
Шығармашылық өзін-өзі тану мотивтері	8	7	8	7	7	11	18.5	17	21
Оқу-танымдық мотивтер	18	20	16	20	18	15	46	40	49
Әлеуметтік мотивтер	11	15	12	11	13	19	29	27	35

Алынған мәліметтерге сүйенсек, сыналушылардың арасында оқу, танымдық және кәсіби себептердің көрсеткіштерін артқандығын байқауға болады. Бұл көрсеткіштер қалыптастырушы эксперименттің нәтижелілігін сипаттайды.

Эмпирикалық болжам төмендегідей:

H_0 – қалыптастырушы эксперименттің мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

H_1 – қалыптастырушы эксперименттің мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен.

Кесте 36 – Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі бойынша мәндік нәтижелері

Мотивтер түрі	$x^2 < x^+_{0,05}(1)$
Коммуникативті себептер	≈5,27 (мәнді)
Күту мотивтері	өзгеріссіз
Бедел себептері	өзгеріссіз
Кәсіби себептер	≈4,05 (мәнді)
Шығармашылық өзін-өзі тану мотивтері	≈3,21 (мәнділік жоқ)
Оқу-танымдық мотивтер	≈2,88 (мәнділік жоқ)
Әлеуметтік мотивтер	≈1,02 (мәнділік жоқ)

Нолдік болжам – H_0 / p (A_1) = p (A_2) = 1/2 яғни, $p_1 = p_2 = ½$ X^2 көлемін есептей отырып, нолдік болжамды дәлелдеу мүмкіндігіміз туындайды.

Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^{2}< x^{+}_{0,05}(1)$. Олай болса, коммуникативтік себептер шкаласы мен кәсіби себептер шкаласы бойынша нольдік болжам қабылданады. Ал шығармашылық, оқу-танымдық және әлеуметтік мотивтер бойынша қалыптастырушы эксперименттің мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен болжамы қабылданады.

Демек, сыналушыларда өздерінің шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық мамандықтың ерекшеліктері туралы түсінік толық болмағанымен, педагогикалық мамандығына кәсіби мотивациялары айтарлықтай артқан.

«Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесінің» (Пакулина С.А., Овчинников М.В.) нәтижелерін қайта талдау студенттердің ішкі мотивациясы бойынша алғашқы алынған нәтижелерге қарағанда, «ЖОО-ға түсу мотивтері», «Кәсіптік мотивтер», «Нақты оқу мотивтері» шкалалары бойынша жасампаздық деңгей едәуір көтерілгенін байқауға болады (кесте 37).

Кесте 37 – Педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалау әдістемесі қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелер (кәсіби мотивтер бойынша)

Мотивтер деңгейі	Экспериментке дейінгі						Эксперименттен кейінгі					
	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.2	Б.т.2	Т.т.4	Б.т.4	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.2	Б.т.2	Т.т.4	Б.т.4
Жасампаздық	25%	19%	20%	25%	22%	25%	52%	20%	40%	20%	42%	25%
Белсенділік	69%	56%	60%	45%	58%	40%	45%	55%	50%	53%	50%	42%
Пассивтік	6%	25%	20%	30%	20%	35%	3%	25%	10%	27%	8%	33%

Эмпирикалық болжам төмендегідей:

H_0 – педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалаудың нәтижелерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

H_1 – педагогикалық университет студенттерін оқыту мотивациясын диагностикалаудың нәтижелерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен.

Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^{2}< x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады. Бұл жерден шығатын тұжырым:

«ЖОО түсу мотиві»: мәнді - 17,3;

«Нақты мотивтер»: мәнсіз – 2,36;

«Кәсіби мотивтер»: мәнді - 6,97.

Жалпы, зерттеу нәтижелері келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қалыптастырушы эксперименттің «ЖОО түсу мотиві» мен «Кәсіби мотивтер» бойынша едәуір нәтижелігі анықталды.

«Кәсіби іс-әрекет, дуальді-бағдарлық оқыту туралы білімін анықтау сауалнамасының» бірінші сұрағы бойынша, дуальды оқыту бойынша ЖОО-ның 100 пайыз, колледж студенттерінің 90, және бастауыш сынып мұғалімдерінде 100 пайыз көрсетті.

Екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы сұрақтар бойынша, жауаптардың барлығы дұрыс болды. Дуальді-бағдарлық оқытудан күтілетін нәтижелеріне сыналушылар: «кәсіби деңгейі өседі», «практикамен байланысты» және т.с.с. жауаптар қайтарған.

Дуальді-бағдарлық оқытудың тиімділігін келесідей атап көрсеткен: жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары – 90 %, практикалық дайындықтың басымдылығы – 80 %, оқуға деген мотивацияның жоғарылауы – 70 %. ЖОО-на дуальді-бағдарлық оқыту ендірілсе онда, теориялық білім басым болады – 50 %, және практикалық білім басым болады – 50 % деген жауаптар берген.

«Сіз болашақ педагог ретінде кәсіби іс-әрекетіңізде практикалық даярлық деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа сыналушылардың 80 %-ы «иә», 20 %-ы «жоқ» деп білдірген.

Кәсіби іс-әрекетке практикалық даяр болу үшін қажетті сапалар, мен іскерліктерге: ұйымдастырушылық – 80 %; басқарушылық – 80 %; коммуникативтік – 100 %, кәсіби бағдар жұмысын жүргізе алу – 90 %; әдістемелік-рефлексивтік – 70 % таңдау берген.

«ЖОО оқу үдерісінде төмендегі қай формуланы қолдар едіңіз?» деген сұраққа бастауыш сынып мұғалімдері 50/50 деп жауап берсе, ЖОО студенттері теориялық дайындық - 30%, практикалық дайындық - 70% деп жауап береді, ал колледж студенттері теориялық дайындық - 70%, практикалық дайындық - 30% деп жауап берген. Сауалнама нәтижесі бойынша, студенттер арасында дуальді-бағдарлық оқыту бойынша жүргізілген ақпараттық жұмыстардың нәтижелі болғандығын атап айтуға болады.

Зерттеудің келесі кезеңінде жүргізілген педагогикалық сана мен эрудицияны зерттеу бойынша диагностикалық нәтижелерді қайта талдау (С.В. Пазухина б/ша) бақылау және эксперименттік топтарға кірген респонденттердің жауаптарының айтарлықтай айырмашылықтары жоқ екенін анықтауға мүмкіндік берді. Статистикалық талдау нәтижелері бойынша төмендегі көрсеткіштер алынды:

1. Кәсіби себептер мен мақсаттар тұрғысынан:

а) ЖОО-на және колледжге түсу себептеріне байланысты бірінші шешімге қатысты жауаптарда респонденттердің көпшілігі өздерінің таңдаған мамандық бойынша оқуға деген қызығушылығы мен тілектерін білдірді;

б) оқу мақсаттарына қатысты 2-ші пікірге қатысты жауаптарда респонденттердің едәуір бөлігі оқу іс-әрекетінде сәтті болу қажеттілігін көрсетті;

в) 8-ші тұжырымға қатысты, сонымен қатар кәсіби себептер мен мақсаттарға байланысты, респонденттердің көпшілігі балалармен қарым-қатынас және кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін атап өтті.

2. Мамандықтың әлеуметтік мәні бойынша:

а) мұғалім кәсібінің әлеуметтік маңыздылығына қатысты 7-ші пікірге қатысты жауаптарда бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің едәуір бөлігі балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінің ұйымдастырылуын атап өтті, ал 75% -ы мұғалімнің кәсіби миссиясына қатысты, баланың жеке басын қалыптастыруға, оның мамандықты әрі қарай іске асырудағы шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектеседі.

3. Мінсіз мұғалім тұрғысы бойынша:

а) 5-ші пікірге қатысты жауаптарда оқушылардың пікірлері шамамен бірдей болды, 70% педагогикалық қызметтегі ең бастысы: балалармен қарым-қатынас жасай білу; мамандыққа деген сүйіспеншілік; балаға көзқарас табу;

б) Педагогикалық жұмыс процесінде дамитын қасиеттерді анықтауға байланысты 6-шы пікірге төмендегілер келтірілген: достық; әдептілік; айналасындағы адамдарға құрмет пен төзімділік; мақсатқа жетудегі табандылық; мінез-құлық мәдениеті, өзіне сенімділік, жауапкершілік;

в) идеалды мұғалімнің беделін анықтауға байланысты келесі қасиеттерге ие болуы қажет екендігін атап өтті: студенттерге қолдау және көмек көрсету; мейірімді болу және қателіктерді кешіре білу; дамыған әзіл сезімі және студенттермен диалог құра білу.

4. Балаларға деген көзқарас тұрғысынан:

а) баланы түсінуге қатысты 3 пайымдаудың жауабында, осы топтағы көптеген студенттер мұғалімнің көмек көрсетуге және оның ойларын түсінуге дайын екендігін атап өтті;

б) мұғалімнің баланың дамуындағы рөлін түсінуге байланысты 4-ші пікірге жауап бергенде, әрқайсысы 80% тәрбие, тәуелсіздік, тыңдау қабілеттері және т.б. сияқты қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру қажеттілігін атап өтті. балалардың білімге, достыққа, тәртіптілікке, шығармашылыққа, жұмысқа деген құштарлықты, шыдамдылықты және белгілі бір дағдыларды дамытуға деген қызығушылығын дамыту.

Жалпы алғанда, студенттерге дамып келе жатқан тұлға ретінде балаға қатысты ұстанымдардың гуманистік бағдары тән.

5. Педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне көзқарас тұрғысынан:

а) жас мұғалімнің іс-әрекетінде туындауы мүмкін қиындықтарға байланысты респонденттердің 15% оқу жоспарларын құруда проблемалары бар балаларды оқытудағы қиындықтарды көрсетті, әрқайсысының 5% -ы жұмыс іздеуде және жасы кіші емес оқушыларға сабақ беруде қиындықтарға тап болады; студенттердің бірдей саны осы пікірге жауап тұжырымдамады;

б) педагогикалық іс-әрекетке тікелей қатысы бар респонденттердің жалпы санының 5% -ы бұл қызмет түрін қиын деп санайды, олардың тек 70% -ы оның қызықты екенін көрсетеді. Әрқайсысының 80% педагогикалық іс-әрекеттің

сипаттамалары ретінде мыналарды атап өтеді: қызықты, креативті, жауапкершілікті, көп білімді қажет етеді және т.б.

Қорыта айтқанда, бірнеше диагностикалық әдістерді қолдану арқылы алынған нәтижелерді талдау бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің едәуір бөлігі танымдық және аффективті компоненттер тұрғысынан педагогикалық іс-әрекетке құндылықтың қалыптасу деңгейінің едәуір артқандығын көрсетеді.

Келесі кезеңде *«Өзіңіздің әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігіңізге баға беріңіз»* тестін жоғарыдағы реттілікпен қайта диагностикалауды жүзеге асырдық. Тест нәтижесі бойынша факторларға корреляциялық талдау жасалды (кесте -). Кестеде көрсетілгендей, қайта диагностикалау кезеңінде ЖОО – ның студенттері қарым-қатынас біліктіліктері едәуір қалыптасқандығын байқауға болады.

Эмпирикалық болжам төмендегідей (кесте 38):

H_0 – сыналушылардың әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігінің эксперименттен кейінгі мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

H_1 – сыналушылардың әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігінің эксперименттен кейінгі мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен.

Кесте 38 – «Өзіңіздің әлеуметтік-қарым-қатынастағы біліктігіңізге баға беріңіз» тестінің қалыптастырушы кезеңнен кейінгі статистикалық талдау нәтижесі

Факторлар	Эмпирикалық мәндер	Теориялық мән	Сипаттамасы
Әлеуметтік-коммуникативтік икемділік	4,9	$x^{+}_{0,05}(1)=3,8$	мәнді
Белгісіздікке шыдамдылық	2,6	$x^{+}_{0,05}(1)=3,8$	мәнсіз
Конформдыққа шектен тыс ұмтылу	1,09	$x^{+}_{0,05}(1)=3,8$	мәнсіз
Дәрежесінің өсуіне ұмтылысының жоғарылығы	2,6	$x^{+}_{0,05}(1)=3,8$	мәнсіз
Сәтсіздіктен қашуға бағдары	3,9	$x^{+}_{0,05}(1)=3,8$	мәнді
Фрустрациялық жағымсыздық	2,4	$x^{+}_{0,05}(1)=3,8$	мәнсіз

Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. $\alpha = 0,05$, $f = 1$. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, «әлеуметтік-коммуникативтік икемділік» және «сәтсіздіктен қашуға бағдары» факторлары бойынша нолдік болжам толық қабылданады. Ал, қалған факторлар бойынша алғашқы диагностикалау нәтижесіне қарағанда, керісінше мәнсіздікті көрсетті.

Сауалнама нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- біріншіден, кәсіби мамандардың әлеуметтік-коммуникативтік біліктіліктері тек мақсатқа бағытталған бірлескен іс-әрекет барысында дамиды;
- екіншіден, жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттерінің қарым-қатынас біліктіліктерінің қалыптасуына эксперименттің едәуір ықпалы болды;

- үшіншіден, корреляциялық талдау нәтижелері бойынша мамандардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерінің даму динамикасында едәуір даму анықталды.

Келесі кезеңінде тәжірибеге қатысушылардың «*Қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау*» бойынша М.Снайдердің әдістемесінің нәтижелеріне қайта диагностика жүргізіліп, статистикалық талдау жасалынды. Статистикалық талдауда негізгі басымдық «жасампаздық» деңгейдің мәндері талданды (кесте 39).

Эмпирикалық болжам:

H_0 – сыналушылардың эксперименттен кейінгі өзіндік бағалау деңгейлерінің мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

H_1 – сыналушылардың эксперименттен кейінгі өзіндік бағалау деңгейлерінің мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен.

Кесте 39 – Өзін-өзі коммуникативтік бақылау деңгейлерінің көрсеткіштері

Анықталған деңгей	ЖОО студенттерінің жауаптары			Колледж студенттерінің жауаптары			Бастауыш сынып мұғалімдерінің жауаптары		
	Экс.д.		Экс.к.	Экс.д.		Экс.к.	Экс.д.		Экс.к.
	Б.т.1	Т.т.1	Т.т.1	Б.т.2	Т.т.2	Т.т.2	Б.т.3	Т.т.3	Т.т.3
Коммуникативтік бақылау деңгейі төмен пассивтік	30 %	35 %	5 %	56 %	45 %	16 %	10 %	5 %	5 %
Коммуникативтік бақылау деңгейі орташа белсенділік	46 %	55 %	65 %	20 %	50 %	60 %	45 %	25 %	20 %
Коммуникативтік бақылау деңгейі жоғары жасампаздық	24 %	10 %	30 %	24 %	5 %	24 %	45 %	70 %	75 %

- ЖОО студенттерінің жауаптары бойынша – 12,81. Мәнділік деңгейі өте жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

- Колледж студенттерінің жауаптары бойынша – 15,14. Мәнділік деңгейі өте жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің жауаптары бойынша – 5,42. Мәнділік деңгейі жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

Сауалнама нәтижесі бойынша анықталғандай, тәжірибелік диагностикаға қатысқан сыналушылардың қарым-қатынас процесіндегі өздерін коммуникативтік бақылау деңгейлерінің артқандығы байқалады. Демек, қалыптастырушы эксперименттік жұмыстардың тиімділігі болды.

Тәжірибеге қатысушылардың эмпатиялық деңгейлерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерін анықтау мақсатында *«Эмпатия деңгейін анықтау»* сауалнамасын қайта жүргіздік. Алғашқы анықтау кезеңіне қарағанда, «өте пассивтік» және «пассивтік» деңгейлердің көрсеткіштері 0 %-ды көрсетті. Ал «беосенділік» және «жасампаздық» деңгейлерде керісінше көрсеткіштердің жоғары екендігі байқалады (кесте 40).

Кесте 40 – Тәжірибеге қатысушылардың эмпатия деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Эмпатия деңгейлері	Көрсеткіштер								
	Экспериментке дейінгі						Эксперименттен кейінгі		
	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.3	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.3	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.3
Ең жоғарғы жасампаздық деңгей	12,0%	9,0%	11,0%	10,0%	12,0%	11,0%	5,0%	5,0%	10,0%
Жасампаздық деңгей	23,0%	21,0%	20,0%	18,0%	19,0%	23,0%	10,0%	5,0%	12,0%
Белсенділік деңгей	44,0%	46,0%	49,0%	52,0%	55,0%	46,0%	80%	75,0%	70,0%
Пассивтік деңгей	16,0%	18,0%	16,0%	14,0%	12,0%	15,0%	3%	10%	6%
Өте пассивтік деңгей	5,0%	6,0%	4,0%	6,0%	2,0%	5,0%	2%	5%	2%

Эмпирикалық болжам төмендегідей:

H_0 – тәжірибеге қатысушылардың эмпатиялық деңгейлерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерінің статистикалық мәні 0-ден жоғары;

H_1 – тәжірибеге қатысушылардың эмпатиялық деңгейлерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерінің статистикалық мәні 0-ден төмен.

Статистикалық талдау нәтижелері «қалыпты деңгей» бойынша есептелді және төмендегідей болды:

- №1 тәжірибелік топ студенттерінің жауаптары бойынша – 3,86. Мәнділік деңгейі жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

- №2 тәжірибелік топ студенттерінің жауаптары бойынша – 3,98. Мәнділік деңгейі жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α =

0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

- №3 тәжірибелік топ жауаптары бойынша – 4,22. Мәнділік деңгейі жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

«Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау» (Т.Д.Дубовицкая) сұрақнамасы бойынша да эксперименттен кейінгі диагностикалау жұмыстары жүргізіліп, статистикалық талдау жасалды. Әдістеменің жауаптарын өңдеу барысында алынған нәтиже келесі кестеге енгізілді (кесте 41).

Эмпирикалық болжам:

H_0 – студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейі алғашқы диагностикалау кезеңіне қарағанда мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

H_1 – студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейі алғашқы диагностикалау кезеңіне қарағанда мәнділік көрсеткіштері 0-ден төмен.

Кесте 41 – Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау сұрақнамасының эксперименттен кейінгі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Кәсіби бағдарлану деңгейі	Көрсеткіштер								
	Экспериментке дейінгі						Эксперименттен кейінгі		
	Б.т.1	Б.т.2	Б.т.4	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.4	Т.т.1	Т.т.2	Т.т.4
Жасампаздық деңгей	12,0%	9,0 %	20,0%	10,0%	12,0%	46,0%	48,0%	52,0%	80%
Белсенділік деңгей	44,0%	46,0 %	49,0%	52,0%	55,0%	23,0%	50%	39,0%	14,0%
Пассивтік деңгей	23,0%	21,0 %	11,0%	18,0%	19,0%	11,0%	2%	9,0%	6%

Статистикалық талдау нәтижелері «жасампаздық деңгей» бойынша есептелді:

- №1 тәжірибелік топ студенттерінің жауаптары бойынша – 17,57. Мәнділік деңгейі өте жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

- №2 тәжірибелік топ студенттерінің жауаптары бойынша – 17,09. Мәнділік деңгейі өте жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

- №3 тәжірибелік топ жауаптары бойынша – 5,98. Мәнділік деңгейі жоғары. Еркіндік деңгейінің саны f осы жағдайда 2-1=1 тең болады. α = 0,05, f = 1. Кесте бойынша тексергенде $x^{+}_{0,05}(1)=3,8$ мәнділігін береді. Демек, $x^2 < x^{+}_{0,05}(1)$. Сондықтан, нолдік болжам толық қабылданады.

Сонымен «Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау» сұрақнамасы бойынша да эксперименттен кейінгі диагностикалау

жұмыстарының жоғары нәтижелі болғандығын статистикалық мәндер дәлелдейді.

Нәтиже көрсеткендей, оқу жылының басында жасампаздық деңгей 7-8 % шамасын көрсетсе, жыл аяғында әдістемелік жұмысты жетілдіре отырып, оқуға, педагогикалық мамандыққа қызығушылықты қалыптастырудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалану нәтижесінде көрсеткіш 18,5%-ға жеткен.



Сурет 17 – «Студенттердің кәсіптік бағдарлану деңгейін анықтау» әдістеменің қорытынды көрсеткіштері

Тәжірибелік жұмыс жоғары көрсеткіштерді көрсетті.

Келесі кезекте *«Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» (О.С.Анисимов)* әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижесі бойынша сыналушылардың рефлексивтілігі, өзіндік сын-пікір және ұжымшылдық деңгейлері анықталды. Сынақ барысында әр топқа жеке сауалнама жүргізіліп, нәтижелері бойынша тәжірибелік топтардың қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі жиынтық көрсеткіштеріне статистикалық талдау жасалды. «Рефлексивтілік» шкаласы бойынша пассивтік және белсенділіктен төмен көрсеткіштер 0 %-ды көрсетті. Ал «өзіндік сын-пікір» шкаласы бойынша пассивтік – 0 %, белсенділіктен төмен – 5 % болып шықты. «Ұжымшылдық» шкаласы бойынша пассивтік – 0 %, белсенділіктен төмен – 10 % болды. Статистикалық мәнділік «белсенділік» деңгейі бойынша талданды.

Эмпирикалық болжам:

H_0 – педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейі алғашқы диагностикалау кезеңіне қарағанда мәнділік көрсеткіштері 0-ден жоғары;

